СЕНБІ
№103 (4351)
16.09.2023

AIQYN апта

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – ОРТАҚ МҮДДЕ ОРТАЛЫҒЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осы аптада Тәжікстан Республикасына жұмыс сапарымен барып қайтты. Сапары аясында Мемлекет басшысы V Консультативтік кездесуге, «ЭКСПО Орталық Азия – 2023» көрмесіне, Халықаралық Аралды құтқару қорының отырысына қатысты.

Душанбе қаласында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонмен кездесті. Мемлекет басшысы дәстүрлі қонақжайлық көрсеткені және тәжік жерінде зор құрметпен қарсы алғаны үшін Эмомали Рахмонға алғыс айтты.

Қазақстан мен Тәжікстан президенттері екіжақты қатынастардың қазіргі жағдайы мен перспективасын, сондай-ақ бұған дейін жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтардың жүзеге асырылу барысын талқылады. Кездесуде сауда-экономикалық, көлік-логистикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастыққа баса мән берілді. Екі ел басшылары стратегиялық серіктестік пен одақтастықты одан әрі нығайтуға өзара ниетті екенін растады. Сонымен қатар президенттер өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді қарастырды.

Одан соң Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия мемлекеттері басшыларының V Консультативтік кездесуіне қатысты. Мемлекет басшысы саммиттің, шын мәнінде, маңызды жиын болатынына, Орталық Азия мемлекеттері арасындағы көпжақты ынтымақтастықтың даму қарқынын айқындайтынына сенім білдірді.

– Өзара тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастық дәйекті түрде кеңейіп келеді. Бизнес арасындағы байланыстар жанданып, бірлескен кәсіпорындар саны арта түсті. Ірі аймақтық жобалар бәрімізге айтарлықтай пайда әкеліп қана қоймай, сонымен қатар Орталық Азия экономикасының бүкіл құрылымын өзгертеді. Соңғы бес жылда өнірішілік тауар айналымы 80 пайыздан астам өсіп, 10,6 миллиард долларға жетті, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, Орталық Азия сауда, инвестиция, бизнес, ғылым және инновация салалары бойынша жаңа экономикалық мүмкіндіктер кеңістігіне айналмақ. Бұл ретте ол ең алдымен Орталық Азия елдері арасындағы сауда-саттық ауқымын дәйекті түрде ұлғайту керек деп санайды.

– Елдеріміздің өзара тауар айналымын алдағы уақытта 15 миллиард долларға дейін жеткізу үшін мол мүмкіндік бар. Ол үшін кедергілерді жою, шамадан тыс протекционизмнен бас тарту және сауда-саттықтың ашық әрі тұрақты болуына жағдай жасау маңызды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА

«AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов Парламент Мәжілісінде партия фракциясының жиналысын өткізді. Отырыста еліміздегі отбасы, ана мен бала құқығын қорғаудың қазіргі жағдайы талқыланды. Сондай-ақ фракция жұртшылықпен бірлесіп әзірлеген балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жаңа заң жобасы таныстырылды.

3 ▸▸

КЕДЕННЕН АДАЛ ӨТПЕСЕ, ТАУАР ДА «АРАМ»...

Билік бұрын кеден заңнамасын бұзғандарға аса қатал қарайтын. Кәсіпкер жүгін кеденнен декларацияламай немесе дұрыс ресімдемей алып өтсе және сол қылмысы әшкереленсе, құрды: барлық тауары дереу кәмпескеленетін. Осыдан бес жыл бұрын бұл сала ізгілендірілді, мемлекет заңсыз әкелген тауарларды тәркілемейтін болды. Салдарынан мамандар тауарды декларацияламай алып өту проблемасы ушыққанына шағымданады. Бизнестің бір бөлігіне салық төлегеннен, ұсталып қалса азғантай айып төлеген оңай.

Мұнымен күресудің жаңа шаралары пысықталып жатыр. Әйтпесе, кеден қылмыс пен коррупцияның мәңгілік қайнарына айналып кетеді.

Бұрынғы билік тұсында қылмыстық заңнама жұмсартылды. Мысалы, экономикалық қылмыстар үшін бизнесмендер жаппай түрмеге қамалмайтын болды. Мұның теріс жағы да бар: экономикалық қылмыстар өршіді. Содан құқық қорғау органдары да, Үкімет те бірқатар экономикалық қылмыс үшін жазаны күшейту бастамасын жиі көтере бастады. Оның алды қабылданып, заңды күшіне енді.

5 ▸▸

АГРОСАЛА ЦИФРЛАНСА, АУЫЛ ДАМИДЫ

Осыдан шамамен 10 жылдай уақыт бұрын біздің елге ауыл шаруашылығы саласын цифрландыру деген ұғым енді енгізіле бастаған болатын. Ол шақта саланың толықтай сандық жүйеге өтуі өте тиімді болады дегенге ілеуде біреу болмаса, көбі сене бермеген. Тіпті, шаруасын әжептәуір деңгейде дөңгелетіп отырған фермерлер де цифрлы ауыл шаруашылығына қырын қарағаны жасырын емес.

8 ▸▸

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ ҰСЫНҒАН ТИІМДІ ШЕШІМ

7 БЕТ

«ОВЕРТОН ТЕРЕЗЕСІ»: АЛДАУДЫҢ АЛТЫ ҚАДАМЫ



12 БЕТ

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – ОРТАҚ МҮДДЕ ОРТАЛЫҒЫ

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысының пікірінше, аймақтағы елдер импортталатын өнімнің көптеген түрін өзара тиімді негізде алмастыра алады. Атап айтқанда, бұл жерде ауыл шаруашылығы, құрылыс, химия және тоқыма өнеркәсібі салаларындағы тауарлар туралы сөз болып отыр.

– Сауда номенклатурасын кеңейту есебінен экспортты ұлғайту – басым міндет. Қазақстан өңірдегі елдерге өз экспортын 175 шикізаттық емес тауар түрі бойынша ұлғайта алар еді. Ол үшін елдеріміздің іскер топтары сауда айналымын кеңейтетін негізгі жетекші күш болуға тиіс. Кәсіпорындар арасында тікелей байланыс орнату үшін тауар өндірушілердің бірыңғай электронды базасын құруды ұсынамыз. Мысалы, оны Central Asia Gateway порталы аясында іске асыруға болады, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев тауарлардың жекелеген түрлерін өндірудің тұйық циклін қалыптастырып, алдағы уақытта үшінші елдердің нарықтарына экспорттауға бағытталған Орталық Азия мемлекеттерінің өнеркәсіптік кооперациясын дамыту жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеуді ұсынды. Бұдан бөлек, Президент аймақтағы елдердің көлік-логистикалық әлеуетін толыққанды іске асыру мәселелеріне тоқталып, Қазақстанның көлік-логистика саласындағы негізгі жобалары туралы мәлімет берді.

– Әлемдік жетекші операторларды тарта отырып, Ақтау портының базасында контейнерлік хаб құруды жоспарлап отырмыз. Бізге бауырлас мемлекеттермен бірлесіп, өңірішілік сауда-саттыққа кедергі келтіретін «осал тұстарды» реттеу үшін көлік және логистика инфрақұрылымын дамыту жұмысын жалғастыру өте маңызды. Қазақстан жақын серіктестерімен экономикалық байланыстарға ықпал ететін бірқатар ірі жобаны жедел жүзеге асыруды көздейді. Бұл жерде «Достық – Мойынты», «Бақты – Аягөз», «Дарбаза – Мақтаарал» теміржол жобалары, сондай-ақ «Жаңаөзен – Түрікменстан шекарасы» автомобиль жолы туралы сөз болып отыр. Жалпы, Қазақстан Еуразияның транзиттік хабы ретінде өз рөлін күшейтуге ниетті, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы цифрлық шешімдердің Орталық Азияда қолданылу аясын жоспарлы түрде кеңейтуді басым бағыт ретінде атап өтті.

– Қазақстан цифрлық шешімдерді экономиканың барлық саласына белсенді енгізіп жатыр. Мысалы, еліміздегі қолмақол ақшасыз транзакциялардың үлесі 82 пайызға жетті. Мемлекеттік қызметтердің 90 пайызы электронды түрде көрсетіледі. Отандық IT саласының экспорт көлемі тек былтырдың өзінде бес есе өсті. Біз 2026 жылға қарай бұл көрсеткішті бір миллиард долларға дейін жеткізуге ниеттіміз. Қазақстан аталған стратегиялық салада жақын көршілерімен арадағы жан-жақты байланыстарды нығайтуды көздейді, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы шарттың тез арада күшіне енуін қамтамасыз ету маңызды екеніне назар аударды. Сонымен қатар Президент өзара ықпалдастықтың бесжақты форматын одан әрі жетілдіру өзекті деп санайды. Соның ішінде нақты алдын алу шараларын әзірлеу үшін Президент қауіпсіздік кеңестерінің хатшылары деңгейінде Орталық Азиядағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі диалогті келесі жылы Қазақстанда өткізуді ұсынды.

Мемлекет басшысы сөйлеген сөзінде мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты, соның ішінде университеттер арасындағы байланыстарды дамыту мәселелеріне айрықша назар аударды. Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия елдері тарихшыларының тұңғыш форумын өткізу жөнінде бастама көтерді. Оның айтуынша, мұндай шара бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізуге және түрлі ғылыми еңбектің жарық көруіне негіз болады. Сөзін қорытындылай келе ол әріптестерін Қазақстанда өтетін Орталық Азия мемлекеттері басшыларының VI Консультативтік кездесуіне шақырды.

Президент Душанбеге жұмыс сапары аясында аймақ мемлекеттері басшыларының V Консультативтік кездесуіне орай ұйымдастырылған Орталық Азия тауар өндірушілерінің «ЭКСПО Орталық Азия – 2023» атты көрмесіне барды. Қазақстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан және Әзербайжан президенттері қатысушы мемлекеттердің экономикалық жетістіктерін танытатын ұлттық павильондарды аралап көрді.

Қазақстан алаңында металлургия, химия, жеңіл өнеркәсіп және фармацевтика, құрылыс индустриясы, автокөлік құрастыру, ауыл шаруашылығы машиналарын жасау және басқа да салалар бойынша 130-дан астам кәсіпорынның өнімдері қойылған. Қазақстан экспозициясын көруге келгендер тыңайтқыш, алюминий және зергерлік бұйымдар, медициналық жабдықтар, космос аппаратының макеттері, компьютерлер, телекоммуникациялық қондырғылар, ұшқышсыз басқарылатын ұшу аппараттары, құрылыс материалдары, киім-кешек, дәрі-дәрмектер, медициналық бұйымдар және басқа да көптеген отандық өнім түрімен танысты.

Көрме қонақтары отандық BARK Technology компаниясы әзірлеген жиілігі 20-320 Гц виброакустикалық толқын арқылы өкпені емдеуге арналған VibroLUNG бірегей қазақстандық медициналық аппаратына ерекше назар аударды. Бүгінде бұл аппаратты Қазақстанның, Ресейдің, Өзбекстанның, Беларусьтің, Панаманың, Біріккен Араб Әмірліктерінің және Сингапурдың жетекші клиникалары сатып алған.

Сонымен қатар көрмеге отандық өнім өндірушілер шығарған 40-тан астам көлік, оның ішінде 20 жеңіл автокөлік, 10 ауыл шаруашылығы техникасы, 7 арнаулы техника, 2 автобус және бронды әскери машиналар қойылды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық павильон экспозицияларымен танысу барысында Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонға Қазақстанның атынан отандық QazTechna компаниясы құрастырған мектеп оқушыларына арналған автобус және VibroLUNG медициналық жабдығының 3 жиынтығын сыйға тартты.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев Тәжікстанға жұмыс сапары барысында Халықаралық Аралды құтқару қорының құрылтайшы мемлекеттері басшылары кеңесінің отырысына қатысты. Мемлекет басшысы, ең алдымен, құрмет көрсеткені әрі іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін тәжік тарапына және Президент Эмомали Рахмонға алғыс айтты, сондай-ақ форумға қатысып отырған БҰҰ Бас хатшысының арнаулы өкілі Кахи Имнадзеге ілтипат білдірді. Президент Халықаралық Аралды құтқару қорының 30 жылдығы қарсаңында өткізіліп отырған мерейтойлық саммиттің символдық мәні бар екенін атап өтті.

– Қор құрылғаннан бергі уақыт аралығында трансшекаралық су ресурстарын бірлесіп пайдалану, Арал теңізі бассейніндегі экологиялық және әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешу мәселелері бойынша аймақтық ынтымақтастықтың маңызды институтына айналды. Орталық Азияның қауіпсіздігін, тұрақтылығын және орнықты дамуын қамтамасыз ету ісінде қор зор рөл атқарады. Бұған қоса, ХАҚҚ – халықаралық аренада Орталық Азияның субъектілігін танытатын аймақтық ынтымақтастықтың санаулы әрі табысты механизмдерінің бірі, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Тәжікстанның төрағалығын жоғары бағалап, осы кезеңде қордың ұйымдық құрылымы мен шарттық-құқықтық базасын жетілдіру процесі белсенді жүргізілгенін атап өтті. Одан бөлек, саммитке қатысушылардың назарын аймақ алдында тұрған бірқатар сын-қатер мен проблемаларға аударды. Бұдан соң Мемлекет басшысы суды тиімсіз пайдалану мәселесіне тоқталды.

– Біздің өңірдегі Сырдария мен Амудария секілді екі негізгі өзен су арналарының реттелу дәрежесі тым жоғары. Бұл өзендердің бассейндерінде жалпы көлемі шамамен 65 текше шақырымға жететін 80-нен астам су қоймасы салынған. Осылайша, антропогендік жүктеме артып, табиғатты экстенсивті пайдалану жалғасады және әртүрлі әлеуметтік-экологиялық проблема ушығады деген болжам жасалуда. Мұның бәрі аймақтық қауіпсіздікке айтарлықтай қатер төндіреді. Қазақ халқында «Су – ырыстың көзі» деген мақал бар. Мемлекеттеріміз су саясатын қалыптастыру кезінде судың шектеулі табиғи ресурс екенін ескеруге тиіс деп санаймын. Себебі бүкіл аймақтың әл-ауқаты мен тұрақты дамуы суға тікелей байланысты. Цифрлық технологияларды енгізу арқылы суды барынша үнемдеу мәселесі өте өзекті. Бұл біздің су ресурстары жөніндегі ынтымақтастығымыздың негізгі бағыты бола алады. Жуырдағы Жолдауымда су мәселесіне ерекше назар аудардым. Менің тапсырмам бойынша Қазақстанда осы саланың өзекті мәселелерімен тікелей айналысатын жеке ведомство – Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылды, – деді Президент.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев қорды одан әрі дамытуға қатысты ұсыныстарын ортаға салды. Президент Халықаралық Аралды құтқару қорының ұйымдық құрылымы мен шарттық-құқықтық базасын жетілдіру процесін тезірек аяқтауға шақырды. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы Орталық Азия елдерінің климат мәселелері жөніндегі жобалық кеңсесін құру қажет екеніне назар аударды. Бұл бастама климаттың өзгеруіне бейімделу және оның салдарын азайту үшін пәрменді шаралар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Президент сөзін қорытындылай келе, тығыз ынтымақтастық, өзара тиімді серіктестік жасау және бір-біріміздің мүдделерімізді құрметтеу арқылы ғана аймақтың тұрақты дамуы, қауіпсіздігі мен экономикалық әл-ауқаты қамтамасыз етілетінін атап өтті. Мемлекет басшысы Халықаралық Аралды құтқару қорының аясындағы жоғары деңгейдегі келесі кездесуді еліміз бастамашы болған БҰҰ шеңберіндегі Аймақтық климаттық саммитпен біріктіре отырып, 2026 жылы Қазақстанда өткізуді ұсынды.

ОТАНДЫҚ КИНОИНДУСТРИЯНЫ ДАМЫТУ МАҢЫЗДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен өткен палата отырысында депутаттар үш халықаралық келісімді ратификациялау туралы заңдарды қарап, мақұлдады. Сондай-ақ сенаторлар өздерінің депутаттық сауалдарын жолдады.

Күн тәртібіне сәйкес, отырыс барысында «2007 жылғы 6 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының бітімгершілік қызметі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы», «Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің аумағында ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдары құралымдарының уақытша болуына байланысты істер бойынша юрисдикция және құқықтық көмек көрсету мәселелері жөніндегі келісімді ратификациялау туралы» және «Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскерлерін (Ұжымдық күштерін) бірлескен материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз ету туралы келісімді ратификациялау туралы» заңдар қаралды.

Аталған заңдардың бірінде «үйлестіруші мемлекеттің» болуын көздейтін норма бар. Бұл ҰҚШҰ-ның бітімгершілік контингентінің БҰҰ аясындағы бітімгершілік операцияларға қатысуы үшін қоятын Біріккен Ұлттар Ұйымының талабы екенін атап өткен жөн. Мұндай мемлекет логистика, контингентті тасымалдау және қаржы мәселелері бойынша БҰҰ-мен өзара іс-қимыл жасау үшін айқындалады. Өз кезегінде, ҰҚШҰ-ға мүше әр мемлекет бітімгершілік операцияларға қатысу дәрежесі туралы шешімді дербес және ерікті түрде қабылдайды.

«Қаралған заңдар Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының қызметіне қатысты жекелеген мәселелерді реттеуге бағытталған. Атап айтқанда, ұйымның бітімгершілік әлеуетін Біріккен Ұлттар Ұйымы шеңберінде қолдану мүмкіндігі қарастырылды. Сонымен қатар заңдар аясында мүше-мемлекеттердің құқықтық көмек көрсету, материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз ету саласындағы өзара іс-қимылдың негіздері мен шарттары анықталады. Осы заңдар ұйымның бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайту жолындағы іс- шараларының тиімділігін арттыруға он үлесін қосады деп сенеміз», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар палата отырысында сенаторлар депутаттық сауалдарын жолдады.

«ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА» ЗАҢ ЖОБАСЫ ҚАРАЛАДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Жалпы отырыста депутаттарға түркі мемлекеттері құрған алғашқы және негізгі бірлескен қаржы институты – Түркі инвестициялық қорын құру туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобасын талқылау ұсынылады. Онда кәсіпкерлікке қол ұшын беру, шағын және орта бизнесті қаржыландыру, сондай-ақ жұмыс орындарының өсуі мен құрылуына жәрдемдесуге басымдық берілген.

Сонымен қатар депутаттар Қазақстан мен Қытай үкіметтері арасындағы екі ел азаматтарына қатысты ақпарат алмасу туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобасын қарайды. Келісім көші-қон саласындағы ақпарат алмасу, қос азаматтыққа қарсы күрес жүргізу үшін ынтымақтастықты нығайтуға қолайлы жағдайлар жасайды.

Алдағы жалпы отырыста Ұлттық қордан балаларға төлем жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы екінші оқылымда қаралады. Бұл Мемлекет басшысының «Ұлттық қор – балаларға» жобасын 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап іске қосу мақсатымен Парламент депутаттарының бастамасы негізінде әзірленіп, 2023 жылғы 23 мамырда Мәжіліске енгізілді. Негізгі мақсат – балалардың 18 жасқа толғанға дейін нысаналы жинақтаушы шоттарында ақшалай жинақ түрінде сақтап, тұрғын үй жағдайын жақсартуға немесе білім алуға мүмкіндік беру.

Сондай-ақ бюро отырысында VIII сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі жанындағы Қоғамдық палатаның құрамына жаңа мүшелерді қосу туралы мәселе қаралды.

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА

«AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов Парламент Мәжілісінде партия фракциясының жиналысын өткізді. Отырыста еліміздегі отбасы, ана мен бала құқығын қорғаудың қазіргі жағдайы талқыланды. Сондай-ақ фракция жұртшылықпен бірлесіп әзірлеген балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жаңа заң жобасы таныстырылды.

Жиынды ашқан Ерлан Қошанов жас ұрпақтың балалық шағының барынша қауіпсіз әрі бақытты болуына жағдай жасау – Мемлекет басшысы саясатының және «AMANAT» партиясы басымдығының бірі екенін атап өтті. Инклюзивті білім беру жолға қойылып келеді, «Жайлы мектеп» жобасы жүзеге асырылып жатыр, барлық бастауыш сынып оқушылары тегін тамақпен қамтамасыз етілді, балаларға арналған әлеуметтік төлемдер ұлғаюда. Келер жылдан бастап бұған дейін болмаған «Ұлттық қор – балаларға» жаңа бағдарламасы іске қосылады.

«Балалардың толыққанды әрі бақытты балалық шағы үшін мемлекеттік деңгейде барлық жағдай жасалып жатыр. Дегенмен әлі де шешімін күтіп отырған мәселелер бар. Солардың бірі – балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау. Сондықтан Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауда балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жаңа заң жобасын әзірлеуді тапсырды. «AMANAT» партиясы жұртшылықпен бірге осы заң жобасын дайындады», – деді партия Төрағасы.

Ерлан Қошанов бұған дейін партия әлеуметтік желілерде балаларды қорлаумен күресуге мүмкіндік беретін кибербуллингке қарсы заң шығару бастамасын көтергенін еске салды. Сондай-ақ балаларға психологиялық және өзге де көмек көрсету үшін партия жанынан «111» сенім телефоны ұйымдастырылды. Бүгінге дейін «AMANAT – 111 жедел қызметін» 47 мыңнан астам адам пайдаланды. Бұл жұмысты жаңа деңгейде жалғастыру үшін осы жобаны Үкіметке беру ұйғарылды.

Жиын барысында Бала құқықтары жөніндегі уәкіл, «AMANAT» партиясы жанындағы Отбасы және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі республикалық кеңестің жетекшісі Динара Зәкиева балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі заң жобасын таныстырды. Құжатта зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балаларға көмек көрсетудің бірыңғай бағдарламасын енгізу, балалар инфрақұрылымының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыс үшін жазаны қатаңдату, озбырлық жасаған адамға психологиялық көмек көрсету курсын енгізу бойынша нормалар әзірленді. Сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қатыгездікке, физикалық зорлық-зомбылыққа байланысты қылмыстар үшін тараптардың татуласуына мүмкіндік берілмейді.

Жаңа заң жобасында ұсынылған өзгерістердің өзектілігі мен маңыздылығын Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев атап өтті. Іс-шара барысында «AMANAT» партиясының Хатшысы Шолпан Каринова, Мәжіліс депутаты Еділ Жаңбыршин, «Балалар қорғауында» қорының директоры Жанар Ахметова, Түркістан облысы бойынша Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Гүлжан Вероцкая, «Қорғау-Астана» ҚБ басшысы Анна Рыль және жиынға қатысқан өзге де тұлғалар заң жобасын қолдап, пікір білдірді.

Фракция отырысын қорытындылай келе, партия Төрағасы Ерлан Қошанов заң жобасын жұртшылықпен және мүдделі мемлекеттік құрылымдармен кеңінен талқылануының, құжатты тезірек қабылдаудың аса маңызды екенін атап өтті. Жаңа заң жобасы елімізде балаларға қатысты жасалатын зорлық-зомбылықпен күресудің мемлекет үшін жаңа тиімді құралы болуы керек.

АМАНАТТЫҚТАР АСТАНАДАҒЫ ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫН БАҚЫЛАУҒА АЛДЫ

«AMANAT» партиясының Хатшысы Ержан Жылқыбаев Астана қаласында партияның «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын орындау бойынша Жол картасының аясында атқарылып жатқан жұмыстармен танысып, белсенді қала тұрғындарымен кездесті.

Партия Хатшысы «Алматы» ауданының «Мереке» және «Ұлан» көшесі қиылысының жол құрылысымен танысты. Сондай-ақ тұрғындармен жүздесу үшін «Интернациональный» тұрғын алабына арнайы барды. Кездесуде мердігерлер жоғарыда аталған тұрғын алабында көгілдір отын құбыры жүргізілгенін, ал кәріз құдығының жыл соңына дейін аяқталатынын мәлімдеді. Құрылыс нысанының 6-бөлімінде жолдың негізін дайындау, қазу жұмыстары қолға алынған. Қазір құрылысшылар электр, газ, сыртқы сумен қамту жүйелерін орнатуда.

Бұл ретте, Ержан Жылқыбаев жөндеу жұмысын жолдың құрылыс нормаларына, бекітілген жобаға сәйкес жүргізілуін және техникалық сақтық шараларын толыққанды орындауды партия қадағалайтынын баса айтты.

Сондай-ақ партия Хатшысы Жол картасында көрсетілген «Ертіс» көшесіндегі жол құрылысының сапасын тексерді. Құзырлы мекеме өкілдері бұл бағыттағы жұмыстың кезең-кезеңімен жүзеге асырылатынын жеткізді. Аталған көшеде ауызсу құрылысы жүргізіліп, кәріз құбыры да толықтай қамтылған.

Ержан Жылқыбаев «Ертіс» көшесінің құрылысына байланысты жауапты медігерлерге бірқатар ескерту жасап, сапасын бақылауды партия өкілдеріне тапсырды. Жауапты басшыларға жол құрылысын сапалы әрі уақытылы орындап, ел игілігіне дер кезінде беруді баса айтты.

«Ертіс» көшесінің құрылысы азаматтардың өтінішінен кейін «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасына енгізілді. Енді оның сапалы болуын партия мүшелері қадағалайды. Қажетті қаржы толық бөлінген. Сондықтан биыл барлығы дайын болуы керек. «AMANAT» Төрағасы Ерлан Қошановтың тапсырмасы бойынша, партияның сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру бойынша Жол картасына енген Астана қаласындағы барлық нысанды аралап, атқарылып жатқан жұмыстардың сапасын жіті бақылауға алдық», – деді партия Хатшысы.

Бұдан соң ол елорданың тазалығына жауапты «Астана Тазалық» ЖШС еңбек ұжымымен кездесті. Биыл партияның республикалық сайлауалды штабының жоспарлы кездесуінде «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов алдында көтерілген сұрақтардың орындалуымен танысты. Сонымен қатар мекеменің қысқа дайындығын тексеріп, жетістігі мен жоспарлы жұмысының есебін қарап шықты.

«Біздің коммуналдық қызметтер күндіз-түні кез келген ауа райында жұмысын тоқтатпайды. Олардың қажырлы және жауапты жұмысының арқасында қалада тәртіп пен тазалық сақталады. Коммуналдық қызметкерлер қала тұрғындарына қолайлы жағдай жасау үшін жұмыс істейді», – дейді «Астана Тазалық» мекемесінің өкілі Владимир Псяко.

«AMANAT» партиясының бақылау бекеттері Жол картасының сапалы орындалуы үшін құрылды. Партиялық бекеттер әсіресе, мектеп, емхана сияқты әлеуметтік мекемелердің құрылысын жіті бақылауға алды. Жалпы, осы жылы партияның сайлауалды бағдарламасы аясында 13 мектептің құрылысын аяқтау көзделген.

Осы орайда партия Хатшысы Ержан Жылқыбаев елордадағы №17 жалпы орта мектептің құрылысымен танысты. Ол жөндеу жұмыстарының тиімді жүргізілуін және балалардың қауіпсіздігі үшін құрылыстың сапалы болуын «AMANAT» партиясы бақылауға алатындығын атап өтті.

ҚҰМАР ОЙЫН МЕН ЛУДОМАНИЯ ЖАСТАР САНАСЫН УЛАМАСЫН

«AMANAT» партиясы жанындағы Жастарды қолдау жөніндегі республикалық кеңес өтті. Кеңестің кезекті отырысында заңсыз ойын бизнесіне қарсы іс-қимыл және қазақстандық жастар арасындағы лудомания мәселесі талқыланды.

Іс-шараға Мәжіліс депутаттары, сарапшылар, құзырлы органдардың және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, кеңес пен «Жастар Рухы» жастар қанатының мүшелері және аймақтық филиал өкілдері қатысты.

Отырыс барысында сөз бастаған Туризм және спорт вице-министрі Құранбек Сәрсен заң талаптарын орындамайтын ойын бизнесі ұйымдастырушыларының лицензиялары сот арқылы және түсіндіру жұмыстарының нәтижесімен тоқтатылып жатқанын атап өтті.

«Биылдың өзінде министрліктің ұсынысы бойынша сот шешімдерінің негізінде 6 букмекерлік кеңселердің, 5 тотализаторлардың және 1 ойын автоматтары залының лицензиялары тоқтатылды. Қазір тағы 2 букмекерлік кеңсені сот арқылы лицензиядан айыру жұмыстары жүріп жатыр. Біз де тез арада осындай шара қабылдауымыз қажет. 2021 жылдан бастап бүгінге дейін ойын бизнесі субъектілерінің саны екі еседен артық қысқарды (71-ден 31-ге дейін). Қазір ойын бизнесі және лотерея қызметі саласындағы мемлекеттік реттеуді, сондай-ақ лудоманияның профилактикасын жетілдіру жөніндегі кешенді жоспар әзірленді. Жоспар шеңберінде «AMANAT» партиясымен бірлесіп, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру жөніндегі «Қарызсыз қоғам» жобасы іске асуда», – деді Сәрсен Құранбек.

Ал Қаржылық мониторинг агенттігінің ақпараты бойынша, 2019 жылдан бастап заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру фактілері бойынша 2022 жылы 5,5 мың онлайн-казино сайттары мен аккаунттары, биыл 2 мыңнан аса сайт бұғатталды. Осы ақпаратпен Қаржылық мониторинг агенттігі Жедел департамент басшысының орынбасары, экономикалық тергеу қызметінің полковнигі Кеңес Аслан таныстырып өтті.

Оның айтуынша, «Халықаралық төлем жүйелерінің Ресей нарығынан кетуі қазақстандық нарыққа интернет-платформалардың жаппай көшіп келуіне соқты. Атап айтсақ, биылғы маусым айында Ресей мен Украина азаматтары құрған онлайн-казино жойылды. Оның айналымы қысқа мерзімде 23 млрд теңгені құрады. Ал Атырау және Ақтөбе облыстарында 6 млрд теңгеге жуық кірісі бар дәл осындай сайттың қызметі тоқтатылды. Букмекерлік кеңсеге келсек, олардың айналымдары жыл сайын артып келеді. Былтыр рекордтық көрсеткішке жетіп, 1 триллион теңгені құрады», – дейді А.Кеңес.

Кеңес барысында сөз алған Ғылым және жоғары білім вице-министрі Ахмед-Заки Дархан студент жастар арасындағы ойынқұмарлықты жою, оның алдын алу жолдары министрліктің жіті бақылауында екенін айтты.

«Бүгінде Мәдениет және ақпарат министрлігімен Жастар саясатын жетілдіру жөніндегі 2023–2024 жылдарға арналған Жол картасының жобасы жасалуда. Жол картасы шеңберінде орта (жоғары сыныптар), техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын күшейту, оның ішінде жастардың руханиадамгершілік және құндылық бағдарларын қалыптастыру, лудоманияның, қаржылық алаяқтықтың алдын алу, психологиялық қызметтердің, студенттік қозғалыстардың, волонтерліктің жұмысын жандандыру тәсілдері ескеріліп, жүйелендірілетін болады. Сондай-ақ лудоманияның, қаржылық алаяқтықтың алдын алу мақсатында ҒЖБМ жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына «Қаржылық сауаттылық» курсын енгізуді жоспарлауда», – деді Дархан Ахмед-Заки.

Ал Бас прокуратураның 3-Қызмет басқармасының бастығы Орақбаев Мақсат құмар ойындарға тәуелділік түрлі заңға қайшы қылмыстарды үдетуде дейді.

«Сарапшылардың бағалауы бойынша, әлемде құмар ойынға тәуелділік себебінен суицидтің 15 есе артуы байқалады. Ағымдағы жылдың 8 айында елде 2 620 суицид фактісі тіркелген, оның 2 080-і – ерлер, 540 -і – әйелдер және 139-ы – кәмелетке толмағандар. Сондай-ақ құмар ойындарға қаражат табу үшін адамдар ортақ отбасылық мүлікті сатады, несие алады және қылмыс жасайды. Мысалы, 2023 жылы Астана қаласында бір азамат ақшалай қаражатқа мұқтаж болуына байланысты көлігін иемденіп, одан әрі сату мақсатында өзінің досын өлтірген. Осылайша, құмар ойындарға тәуелділік ұрлыққа, сеніп тапсырылған мүлікті жымқыруға және басқа да экономикалық қылмыстарға әкеледі», – деді М. Орақбаев.

«Букмекерлік ұйымдар үлкен спорт саласындағы кәсіби командаларға, клубтар мен федерацияларға, сондай-ақ әуесқой, әсіресе балалар спортына белсенді демеушілік жасайды. Тіпті, букмекерлік кеңселердің қаражаты есебінен толығымен дамитын ірі клубтар, тіпті бүкіл ұлттық құрамалар бар. Ұзақмерзімді демеушілік келісімшарттар жасалады. Еліміздің спортына қазақстандық букмекерлердің демеушілік көмегінің жалпы көлемі – ең қарапайым есептеулер бойынша 14 млн доллардан астам екен. Ішкі істер министрлігінің ақпаратына сүйенсек, 2019 жылға қарағанда былтыр құмар ойындар мен бәс тігу деңгейі 40 есеге артқан. Соңғы екі жылда құмар ойындар нарығы жылжымайтын мүлік нарығын басып озып, қазақстандықтар ең көп жұмсайтын жетекші орынға ие болып отыр. Дәл осы себептен де қазақстандық жастар арасында зауалға айналған ойынқұмарлық пен тәуелдік мәселесін көтеріп отырмыз. Көрсеткіштер мен сандар адам шошырлық. Бүгінгі кеңес аясында талқыланған лудомания мәселесін жылы жауып қоймай, тамырымен жоюдың шешімін жан-жақты қарастыратын боламыз», – деп түйіндеді Кеңес төрағасы Нартай Аралбайұлы.

Жастарды қолдау кеңесінің мәліметтер бойынша, еліміздегі букмеркерлік кеңселердің жылдық айналымы 1 триллион теңгені құрайды екен. Ал Лудоманиямен күрес кеңесінің мәліметінше, 174 мың жастардан 36 млрд теңгеге ставкалар қабылданған. Бұл – үлкен қауіп. Сондықтан жастардың оңай табысқа кенелуі сынды жалған ақпарат пен уланбауының алдын алуға барынша күш салған абзал.

«АУЫЛ АМАНАТЫН» ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕ КЕҢЕС ӨТТІ

Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсенованың басшылығымен «Халық табысын арттырудың 2029 жылға дейінгі бағдарламасын» жүзеге асыру барысын және «Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023–2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын» бақылау мақсатында «Ауыл аманаты» жобалық кеңсесін құру жөнінде кеңес өтті.

Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова барлық өңірде «Ауыл аманаты» жобалық кеңсесін құруды тапсырды. Оған агроөнеркәсіптік кешен немесе экономика салаларына жетекшілік ететін облыс әкімдерінің орынбасарлары басшылық жасайды.

«Облыстық жобалау кеңсесіне өңірдегі «Ауыл аманаты» жобасының жұмысын үйлестіруді, даму бағытын белгілеуді, сондай-ақ скрининг нәтижелеріне және өңірдегі ауылдық округтердің бейіміне қарай 2024 жылға арналған несиелеу көлемін айқындауды бекіту керек. Сондай-ақ мәслихат депутаттарының, «Атамекен» ҰКП өкілдерінің, «AMANAT» партиясы өңірлік кеңестері мүшелерінің және сарапшылардың ауылдық округтерге шығу кестесін әзірлей отырып, ақпараттық-түсіндіру тобының жұмысын ұйымдастыру қажет», – деді Премьер-Министрдің орынбасары.

Осындай жобалық кеңселер еліміздің әрбір ауданында және ауылдық округінде ашылады. Жеңілдікпен берілген несиенің өз мақсатында жұмсалуын қадағалау, сондай-ақ «Ауыл аманаты» жобасының жүйелі жүзеге асырылуына жалпы мониторинг жүргізу үшін бірыңғай цифрлық платформа құрылады.

Айта кетейік, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен ауыл тұрғындарының табысын арттыру бойынша ауқымды «Ауыл аманаты» жобасы жүзеге асырылуда. Президенттің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасы аясында бұл мақсатқа 1 трлн теңге, оның ішінде биыл 100 млрд теңге бөлінеді.

Биылғы 31 тамыздағы жағдай бойынша, 29 млрд теңге сомасына 5,3 мың микрокредит беріліп, соның есебінен 4,5 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылды.

«AMANAT» партиясының Хатшысы Эльдар Жұмағазиев өндірілетін ет және сүт өнімдері көлемінің дерегін салыстыру үшін ауылдық округтерде сауалнама жүргізу қажет екенін атап өтті. Бұған қоса, қымбатшылықты ескере отырып, аграрлық техниканы сатып алуға да қаражат қарастыру қажет.

ЖҰМЫССЫЗДЫҚПЕН ЖҮЙЕЛІ КҮРЕС

Батыс Қазақстан облысында жұмыссыздықтың алдын алу әзірге мүмкін болмай отыр. Облыстың Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының дерегінше, аймақта 17 524 адам жұмыссыз. Халқының саны бар болғаны 691,1 мың адамды құрайтын өңір үшін, әрине, көрсеткіш азғантай емес. Бұл еңбек орындарында тіркелген ресми дерек қана, ал тіркелмегені қаншама?

Облыс билігі жұмыссыздықпен күресудей-ақ күресіп жатыр. Бірақ елде екі қолға бір күрек таппай сенделіп жүргендер саны азаймай отыр. Статистикаға сүйенсек, жұмыссыз ретінде тіркелген 17 524 адамның 6 219-ы – жастар. Бұл – басқарманың берген мәліметі.

Қазір облыста жұмыссыздардың санын азайту бағытында бірқатар мемлекеттік бағдарламаға жастарды тарту шаралары жүргізіліп жатыр.

– Бұл бағытта облыста мемлекет тарапынан субсидияланатын жұмыс орындары – әлеуметтік жұмыс орны, жастар практикасы, қоғамдық жұмыс орны, «Алғашқы жұмыс орны», «Күміс жас», «Ұрпақтар келісімшарты» жобалары, сонымен қатар қайтарымсыз негізде берілетін грантты атап өткен жөн, – дейді БҚО Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бөлім басшысы Асан Нарымбаев.

Облыс бойынша биыл әлеуметтік жұмыс орындары бағдарламасы негізінде 562 адам жұмысқа орналасыпты.

Әлеуметтік жұмыс орны – азаматтарды жұмыспен қамтып қоймай, сонымен қатар жұмыс берушілерге жалақы төлеуге кететін шығынын қысқарту арқылы мемлекеттік қолдаудың бір инструменті.

Ал жастар практикасы 35 жасқа толмаған жастарды жұмыспен қамтуға арналған. Бұл – оқуды жаңа бітірген жастар үшін тиімді жоба. Биыл бұл бағдарлама аясында 849 жас маман жұмысқа орналасқан. Жыл аяғына дейін 1704 адамды жұмысқа орналастыру көзделіп отыр. Жастарды жұмысқа орналастыруда «Алғашқы жұмыс орны» жобасы да айтарлықтай оң әсерін беріп отыр. Мамандардың айтуынша, биыл осы жоба арқылы 179 жас маман жұмысқа тұрыпты.

Арнайы білімі жоқ, кәсіби даярлығы жоқ адамдарды қоғамдық жұмыстарға тарту шарасы да бар. Биыл аймақта 4 422 адам қоғамдық жұмысқа тартылыпты. Ерекшелігі – жұмысты толық емес жұмыс күні шарттарында немесе икемді кесте бойынша ұйымдастыру және арнайы білімі жоқ адамдарға уақытша жұмысқа орналасуға мүмкіндігі беріледі.

Еліміз бойынша жұмыс істеп тұрған «Күміс жас» және «Ұрпақтар келісімшарты» жобаларын да айта кеткен жөн. «Ұрпақтар келісімшарты» жобасы бойынша бар болғаны 5 адам жұмысқа тұрыпты, ал «Күміс жастың» игілігін 331 адам көрген. «Күміс жас» жобасы – жасы 50-ден асқан адамдарды жұмысқа орналастыруды көздейтін жоба.

Биыл аймақта 317 адам қайтарымсыз грант алып үлгерген. Бұл жоба аясында кәсіп бастағысы келіп жүргендерге мемлекет тарапынан қаржылай қолдау көрсетіледі. Бастысы, заманауи, жаңашыл идеяң болса болғаны.

– Аталған гранттар 2022 жылдан бастап тек әлеуметтік осал топтарға ғана берілуде. Жаңа бизнес идеяларды іске асыруды көздейтін жобаларға мемлекет тарапынан қайтарымсыз негізде 400 АЕК немесе 1 млн 380 мың теңгеге дейін мемлекеттік қайтарымсыз гранттар берілуде, – дейді БҚО Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бөлім басшысы Асан Нарымбаев.

Биыл Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен жасы 35-ке дейінгі жастарға 2,5 пайызбен жеңілдетілген несие беру шаралары ұйымдастырылып жатыр. Бұл да – жұмыссыз жастардың санын азайтуға, кәсіпке ұмтылған жастарды қолдауға арналып отырған жобалардың бірі. Бұл жоба бойынша облыста 181 жас төмен пайыздық мөлшерлемемен несие алып, бүгінде жұмысқа кірісті. Микрокредиттің мерзімі бес жылға дейін, ал мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін жеті жылға дейінгі мерзімге рұқсат етіледі.

Жұмыссыз адамға жұмыс тауып бергеннен бөлек, әлеуметтік қолдау көрсету де аса маңызды.

– Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы жұмыссыз ретінде тіркелген күннен бастап жұмысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алуға құқылы. Бүгінгі күні 3 534 жұмыссыз аталған әлеуметтік төлемді алуда, – дейді Асан Нарымбаев.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

СУ МАРЖАНЫ СИРЕП БАРАДЫ

Дария бойын жағалай қоныстанған Сыр өңірі жұртшылығының ежелгі атакәсібі күрішпен қоса балық шаруашылығы саналады. Дейтұрғанмен, жергілікті халық соңғы кездері су маржанына сусап отыр. Әсіресе, балықшылар теңіз бен көлде балық қоры тапшы екенін айтады.

Өңірде балық өсіру тәлімбақтары жұмыс істейді. Кезең-кезеңімен балық шаруашылығын дамыту жұмыстары тиісті орындар тарапынан жоспарға сай жүргізіліп жатқаны айтылады. Алайда халық аулайтын балық таппай сенделіп жүр. Әсіресе, айдынды Арал өңірінің жұртшылығы атакәсіптен қол үзіп қалғанына ашынып отыр.

Былтыр дәл осы өңірге қарасты Бөген ауылы Қарашалаң су айдынында балық шабақтарының жаппай қырылу оқиғасы тіркелгені ел есінде. Сол кезде Сағымбай каналында 1 тоннаға жуық балық қырылып қалған. Бұл келеңсіздікті тексерген су мамандары балықтардың жаппай қырылуы оттегі жетіспеушілігінен болғанын алға тартқан еді.

Жуырда ел арасында күріштік алқаптарда су тартылып, қайраңда қалған балықтардың жаппай қырылатыны жайында ақпарат тарады. Шаруа қожалықтары күріш алқабында қалған балық шабақтарын жинап, су айдындарына жіберуі қажет. Алайда бұл талап орындалмай, есесіне жыл сайын мұндай келеңсіздік жиі көрініс тауып отыр. Соның салдарынан ондаған тонна балық шабақтары оқшауланған суларда қалып, текке қырылуда. Осыған тиісті шара көріліп, жауапты орындар тарапынан балық шабақтарын құтқару жұмыстары жүйелі жүргізілсе деген талап-тілектерін жеткізген еді.

Құзырлы орындар тарапынан да өңірде мұндай келеңсіздіктің орын алатынын жоққа шығармады. Соған сәйкес тиісті жұмыстар жүргізіліп жатқанын алға тартты.

– Жыл сайын Қызылорда облысының әкімдігімен балық шабақтарының жаппай қырылуының алдын алуға бағытталған жұмыстардың іс-шаралары арнайы әзірленіп, бекітіледі. Мұндай жұмыстар биыл да жалғасын тауып отыр. Бұл іс-шара Қызылорда қаласы мен аудан әкімдіктері, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынның Қызылорда филиалы және Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы мекемелерінің ұйымдастыруымен жүргізіледі. Оған қоса табиғатқа жанашыр ерікті азаматтар мен балық шаруашылығы саласындағы табиғат пайдаланушыларда шараға қатысып келеді. Өткен жылдың өзінде 8 млн данадан астам балық шабақтары құтқарылып, Сырдария өзені мен күріштік алқаптарға жақын орналасқан балық шаруашылығына маңызы бар су айдындарына жіберілді», – деп түсіндірді Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы басшысының орынбасары Жанқожа Сапаров.

Мәліметке сәйкес, Қызылорда облысында Кіші Арал теңізі мен Сырдария өзені, балық шаруашылығында маңызды рөл атқаратын 207 көл бар. Соның ішінде 180-нің үстінде көл табиғат пайдаланушыларға 5-10 жылға берілген. Ал қалған бөлігі резервтік қорға алынған.

Жалпы Сыр өңірінің теңізі мен өзен, көлдерінде балықтың 22 түрі мекендейді деген ақпар бар. Соның 18 түрін ғана аулауға рұқсат беріліпті. Дейтұрғанмен, су айдындарындағы осындай көлемдегі балық қорының өзі көбеймей тұр. Бұл бірінші кезекте тіршілік нәрінің тапшылығына байланысты орын алып отырғаны жасырын емес.

– Су айдындарындағы балық қорының тапшылығы су мөлшерінің аздығына байланысты болып тұр. Соның салдарынан оның табиғи жолмен көбеюіне кедергі көп. Су айдындарындағы балық қорын қорғау бағытында тиісті жұмыстар үздіксіз жүргізілуде. Биылғы жылғы жоспарға сәйкес 7 млн данадан астам балық шабақтарын құтқару қажет. Соның негізінде Қызылорда қаласы мен барлық аудан аумағында тиісті жұмыстар жүргізіледі. Мәселен, ағымдағы жылдың тамыз айынан бастап қазан айының соңына дейінгі уақыт аралығы күріштік алқаптарда қалған балық шабақтарын құтқару айлығы деп жарияланған. Осы уақыттар аралығында жоғарыда аталған мекемелердің қызметкерлері іс-шараға сәйкес тұрақты жұмыстар жүргізеді, – дейді балық шаруашылығы инспекциясы.

Инспекцияның мәлімдеуінше, биылға арналған іс-жоспар бойынша тиісті мекемелерге тапсырмалар жүктелген. Соның негізінде табиғат пайдаланушыларды балық шабақтарын құтқару жұмыстарына жұмылдыру, құтқарылған шабақтармен су айдындары мен учаскелеріне шабақтандыру жұмыстарын жүргізу, облыс аумағындағы су жүйелерінде қалған балық шабақтарын құтқару жұмыстарын ұйымдастыру көзделген. Сондай-ақ күріштік алқаптарда қалған балық шабақтарын құтқару шараларын ұйымдастыру және құтқарылған шабақтарды резервтік қордағы балық шаруашылығына маңызы бар су айдындары мен учаскелеріне жіберу қарастырылған. Қазіргі таңда осындай жұмыстардың нәтижесінде 1 млн-ға жуық балық шабағы құтқарылғанын мәлімдеді. Ал күріштік алқаптар мен су жүйелері бойынша қалған балық шабақтарын құтқару жұмыстары облыстың әр өңірінде жүргізілетінін алға тартып отыр.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

КИІКТІҢ КӨБЕЙГЕНІ ДЕ ЗИЯН

Биыл батыстық шаруалар үшін мал азығы кәдімгідей проблема болып тұр. Малға бай деген Батыс Қазақстанның оңтүстік өңірінің шаруа қожалықтары «биыл мал азығын жинай алмадық, малымыз қырылып қалса кім жауап береді» деп ашынып отыр. Себебі даланы кезген киіктер жем-шөптің бәрін отап тастаған. Отамағаны киіктің тұяғында тапталып қалған. Оралда өткен Парламент Сенатының көшпелі отырысы осы мәселеге арналды.

– Биыл оңтүстік аудандардағы табиғи шөптің түсімі төмен. Шектен тыс көбейген киіктердің оңтүстік аудандардағы шабындық пен жайылым жерлерді таптауынан мал азығын дайындау қиындап кеткен. Бүгінде киіктен шаруаларға келген залал құны – 7,9 млрд теңге. Бұл – тек жайылым жерлерге келтірілген шығын құны», – деді облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Наурызбай Қарағойшин.

Осы ретте айта кетейік, облыс әкімінің тапсырмасымен киіктен келтірілген шығынды есептеп, акт толтыру үшін арнайы комиссия құрылған болатын. Сол комиссия әр шаруашылық көлемінде акт жасақтап, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына тапсырған. Комиссия берген ақпаратқа сәйкес, облыс көлемінде 913 мың гектар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге залал келтірілген.

Сонымен қатар киіктің көбеюі түрлі инфекциялық аурулардың таралуына да әкеліп соғуы мүмкін дейді мамандар. Себебі қазір киік бұрынғыдай адамнан қашпайды. Керісінше, ауылдың ішінде адамдармен, малмен бірге араласып кеткен.

– Киіктердің биологиялық негіздемеде көрсетілген санынан күрт өсуі облысымыздағы ветеринарлық жағдайына да кері әсерін тигізуі әбден мүмкін, себебі жер тапшылығына байланысты, киіктер үй жануарларымен тығыз араласады, сол себептен олардың бір-біріне түрлі ауруларды жұқтыру мүмкіндігі ұлғаяды, – дейді ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Наурызбай Қарағойшин.

Ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Табылғали Сапаровтың пікірінше, киікті Бөкей Орда, Жаңақала жерінен алыстатып, бұрынғы ата қонысы Сарыкөл ауылына қарай айдау керек.

– Ол үшін сол аймақтардағы көлшіктердің бәрін суға толтыру керек. Киік бұрын сол жерде болды, су болмаған соң олар Ордаға қарай көшіп, шаруаларға кедергі келтіріп отыр, – деді ол.

Шаруалар бұған дейін Үкіметтен компенсация сұраған еді. Өкінішке қарай, ол мәселе әлі шешілмеген. Экология министрлігінің өкілі компенсация мәселесі әлі қаралып, ұсыныстар талқыланып жатқанын айтты.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

КЕДЕННЕН

Билік бұрын кеден заңнамасын бұзғандарға аса қатал қарайтын. Кәсіпкер жүгін кеденнен декларацияламай немесе дұрыс ресімдемей алып өтсе және сол қылмысы әшкереленсе, құрыды: барлық тауары дереу кәмпескеленетін. Осыдан бес жыл бұрын бұл сала ізгілендірілді, мемлекет заңсыз әкелген тауарларды тәркілемейтін болды. Салдарынан мамандар тауарды декларацияламай алып өту проблемасы ушыққанына шағымданады. Бизнестің бір бөлігіне салық төлегеннен, ұсталып қалса азғантай айып төлеген оңай.

АДАЛ ӨТПЕСЕ, ТАУАР ДА «арам»...

Айхан ШӘРІП

Мұнымен күресудің жаңа шаралары пысықталып жатыр. Әйтпесе, кеден қылмыс пен коррупцияның мәңгілік қайнарына айналып кетеді.

Бұрынғы билік тұсында қылмыстық заңнама жұмсартылды. Мысалы, экономикалық қылмыстар үшін бизнесмендер жаппай түрмеге қамалмайтын болды. Мұның теріс жағы да бар: экономикалық қылмыстар өршіді. Содан құқық қорғау органдары да, Үкімет те бірқатар экономикалық қылмыс үшін жазаны күшейту бастамасын жиі көтере бастады. Оның алды қабылданып, заңды күшіне енді.

Әйткенмен, ел Президенті биылғы Жолдауында күтпеген бетбұрыс жасады: Қ.Тоқаев қылмыстық заңнама одан әрі либерализацияланатынын жариялады. Себебі оның айтуынша, «Әділетті Қазақстанда» билік пен бизнестің арасында сындарлы диалог қажет. Мемлекет басшысы құқық қорғау органдарының кәсіпкерлерді құдалауы, ал мемлекеттік органдардың асыра сілтеуі біржола тоқтатылатынын мәлімдеді.

Сондықтан экономикалық сипаттағы кейбір заң бұзу әрекеті қылмыс санатынан алып тасталатын болады. Бұл жерде әңгіме кәсіпкерлердің экономикалық теріс әрекеттеріне қатысты істер туралы болып отыр. Салық саласында заң бұзғандарды қылмыстық жауапкершілікке тартуға негіз болатын шекті анықтайтын әділ тетік енгізілмек.

> *Құжат екі ірі жаңалықты енгізді. Біріншіден, «тәркілеу» түріндегі жаза алып тасталды. Яғни, декларацияланбаған, жалған декларацияланған тауарлар мемлекет пайдасына тартып алынбайды.*

Бассыз кеткен экономикалық қылмыстардың бірі – кеденде тауарды декларациялаусыз алып өту соңғы жылдары қатты белең алды. Сарапшылар сол үшін қылмыстық құдалауды немесе жүгін толық тәркілеуді енгізуді ұсынып жүр. Бірақ жаңа Жолдау аясындағы жаңа экономикалық саясатта енді ол мүмкін болмайтын түрі бар. Алайда проблема сақталуда. Оны қалай шешпек керек?

Кеден саласына жауапты Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті басқа жолды таңдады: қылмыстық құдалау болмайды, оның орнына айыппұл сомасын салмақты ұлғайту ұсынылып отыр. Өйткені ведомство мамандарының түсіндіруінше, экономикалық қылмыстарды декриминизациялау – экономикалық салада жасалған құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жазаны да қайта қарауға әкеп соғуы тиіс.

ТӘРКІЛЕУ ЖОЙЫЛҒАЛЫ ТӘРТІП ТОҚЫРАҒАН БА?

Бұл бастама алда Мәжіліске енгізілетін «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының жобасында көрініс табады.

Мемлекеттік кірістер комитетінің Кедендік рәсімдерді әкімшілендіру және тазарту басқармасының бас сарапшысы Әмір Әбдіқалықовтың мәліметінше, сыртқы экономикалық қызметке (СЭҚ) қатысушылар кедендік операцияларды өткеру кезінде кеден және өзге де заңнама талаптарын аяқасты етеді. Әсіресе, бұл бағыттағы негізгі құқық бұзушылықтар «тауарларды, қолмақол ақшаны, ақша құралдарын декларацияламауға немесе жалған кедендік декларациялауға, кеден құжаттарында жалған мәліметтерді көрсетуге» қатысты.

«Жыл сайын жүздеген бұзушылық әшкереленеді. Өкінішке қарай, шетелден өнім импорттаушыларға, жүк тасушыларға заңбұзушылық жасау әлдеқайда пайдалы болып тұр. Себебі тіпті қылмысы анықталған жағдайда ол мардымсыз әкімшілік айыппұл төлеп, құтылып кетуі мүмкін. Соңғы жылдары мемлекет тарапынан бұған тосқауыл қою үшін көптеген шара қабылданды, заңнама жетілдірілді. Соған қарамастан, декларацияланбаған тауарларды табуға қатысты жағдай жақсармады. Сондықтан заңнаманы қайта қарап, жауапкершілікті күшейту қажет деп санаймыз», – деді бас сарапшы.

Оның дерегінше, Қазақстан 2018 жылы саладағы жазаны ізгілендірді. «Кейбір заңнамалық актілерге қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу заңнамасын және құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қабылданды.

Құжат екі ірі жаңалықты енгізді. Біріншіден, «тәркілеу» түріндегі жаза алып тасталды. Яғни, декларацияланбаған, жалған декларацияланған тауарлар мемлекет пайдасына тартып алынбайды.

Екіншіден, мемлекетке келтірілген ірі және аса ірі залалдың жоғарғы шегі 2 есе ұлғайтылды: енді ірі мөлшер – 5 мың АЕК-тен 10 мың АЕК-ке (34,5 миллион теңгеге) дейінгі, ал аса ірі мөлшер – 10 мыңнан 20 мың АЕК-ке (2023 жылы 69 миллион теңгеге) дейінгі сомаға жеткен. Оған шейінгінің бәрі ұсақ құқықбұзушылық саналады. Бұл ретте жазадан жалтару үшін мысалы, тауарды бөлшектесе жетіп жатыр.

Сонымен қатар сарапшылардың айтуынша, қолданыстағы жаза мемлекетке келтірілген экономикалық залалға тіпті де сайма-сай емес. Демек, шетелден тауар тасушыны заң бұзуға ынталандыруы ықтимал.

Осыған орай Мемлекеттік кірістер комитеті айыппұл сомасын декларацияланбаған немесе бағасы қате мәлімделген тауарлар үшін төленуге жататын кедендік төлемдер мен салықтардың сомасына қарай пайызбен есептеуді ұсынды (исчисление в процентном соотношении). Айыппұлдың қанша пайызды құрайтыны пысықталуда.

Бұл жерде сыртқы экономикалық қызметке қатысушы бизнестің категориясы, яғни шағын, орта, ірі кәсіпкерлікке жататыны немесе жеке тұлға екені ескеріледі. Сонда әділетті болатын көрінеді.

ҚОЗҒАЛҒАН ІСТЕРДІҢ ЛЕГІ АРТТЫ

Әзірге қолданыстағы заңнама аясында жүгін декларацияламай, жасырын алып өтуге тырысатын шағын кәсіпкерлерге 103,5 мың теңгеге, ірі кәсіпкерлікке 517,5 мың теңгеге дейін айыппұл салынады. Оның жанында бизнеске жетпіс миллион теңгеге дейін тұратын тауарды декларацияламай алып өту немесе рәсімдегеннің өзінде бағасын арзандатып көрсету, ұсталып қалса, айыппұлын төлей салу тиімді көрінеді.

Салдарынан, елде декларацияланбаған тауарлар көлемінің күрт артуы тіркелді. Нақтыласақ, биылғы 2023 жылғы 5 айда ғана кедендік бақылау барысында 6,5 мың тоннаға жуық декларацияланбаған тауар әшкереленді. Әшкере болмағаны қанша мың тонна екені белгісіз.

Кеденді жемқорлардан арылту бағытында тұрақты түрде күрес жүріп жатыр. Президенттің өзі оны бақылауына алып, мән-маңыз беріп, құзырлы органдарға үнемі міндеттер жүктейді. Алайда декларацияланбаған тауарлардың көлемі одан еш азаятын емес, керісінше тек ұлғайып барады.

Ресми статистика бойынша 2019 жылы – 14 320 тонна, 2020 жылы – 14 630 тонна, 2021 жылы – 16 453 тонна, 2022 жылы – 17 820 тонна, ал 2023 жылдың бес айында 6 493 тонна декларацияланбаған жүк табылды.



Мұның сыртында, әкімшілік жауапкершілікке тартылған СЭҚ қатысушыларының саны артуда. Мұндағы статистика да қылмыстың өршігенінен хабар береді. Тарата айтсақ, 2021 жылы 1 838 әкімшілік іс қозғалып, 286,6 млн теңге айыппұл салыныпты. Оның 65,9 миллионы ғана өндірілген. 2022 жылы қозғалған істер саны 1 314, ал салынған айыппұл көлемі 196 миллион теңге болды. Оның 69,2 миллионы төленді. 2023 жылдың 5 айында 306 іс қозғалды. 48,3 миллион теңге айыппұл салынды, оның 22,8 миллионы ғана өндіріп алынды.

Ниеті қарау кәсіпкерге қырық инстанциядан тыю болмаған соң, тайрандап басынып, бассыз кеткен экономикалық қылмыстардың бірі – кеденде тауарды декларациялаусыз алып өту соңғы жылдары қатты белең алды. Сарапшылар сол үшін қылмыстық құдалауды немесе жүгін толық тәркілеуді енгізуді ұсынып жүр. Бірақ жаңа Жолдау аясындағы жаңа экономикалық саясатта енді ол мүмкін болмайтын түрі бар. Алайда проблема сақталуда. Оны қалай шешпек керек?

Кеден саласына жауапты Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті басқа жолды таңдады: қылмыстық құдалау болмайды, оның орнына айыппұл сомасын салмақты ұлғайту ұсынылып отыр. Өйткені ведомство мамандарының түсіндіруінше, экономикалық қылмыстарды декриминизациялау – экономикалық салада жасалған құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жазаны да қайта қарауға әкеп соғуы тиіс.

ТӘРКІЛЕУ ЖОЙЫЛҒАЛЫ ТӘРТІП ТОҚЫРАҒАН БА?

Бұл бастама алда Мәжіліске енгізілетін «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының жобасында көрініс табады.

Мемлекеттік кірістер комитетінің Кедендік рәсімдерді әкімшілендіру және тазарту басқармасының бас сарапшысы Әмір Әбдіқалықовтың мәліметінше, сыртқы экономикалық қызметке (СЭҚ) қатысушылар кедендік операцияларды өткеру кезінде кеден және өзге де заңнама талаптарын аяқасты етеді. Әсіресе, бұл бағыттағы негізгі құқық бұзушылықтар «тауарларды, қолмақол ақшаны, ақша құралдарын декларацияламауға немесе жалған кедендік декларациялауға, кеден құжаттарында жалған мәліметтерді көрсетуге» қатысты.

«Жыл сайын жүздеген бұзушылық әшкереленеді. Өкінішке қарай, шетелден өнім импорттаушыларға, жүк тасушыларға заңбұзушылық жасау әлдеқайда пайдалы болып тұр. Себебі тіпті қылмысы анықталған жағдайда ол мардымсыз әкімшілік айыппұл төлеп, құтылып кетуі мүмкін. Соңғы жылдары мемлекет тарапынан бұған тосқауыл қою үшін көптеген шара қабылданды, заңнама жетілдірілді. Соған қарамастан, декларацияланбаған тауарларды табуға қатысты жағдай жақсармады. Сондықтан заңнаманы қайта қарап, жауапкершілікті күшейту қажет деп санаймыз», – деді бас сарапшы.

Оның дерегінше, Қазақстан 2018 жылы саладағы жазаны ізгілендірді. «Кейбір заңнамалық актілерге қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу заңнамасын және құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы қабылданды.

Құжат екі ірі жаңалықты енгізді. Біріншіден, «тәркілеу» түріндегі жаза алып тасталды. Яғни, декларацияланбаған, жалған декларацияланған тауарлар мемлекет пайдасына тартып алынбайды.

Екіншіден, мемлекетке келтірілген ірі және аса ірі залалдың жоғарғы шегі 2 есе ұлғайтылды: енді ірі мөлшер – 5 мың АЕК-тен 10 мың АЕК-ке (34,5 миллион теңгеге) дейінгі, ал аса ірі мөлшер – 10 мыңнан 20 мың АЕК-ке (2023 жылы 69 миллион теңгеге) дейінгі сомаға жеткен. Оған шейінгінің бәрі ұсақ құқықбұзушылық саналады. Бұл ретте жазадан жалтару үшін мысалы, тауарды бөлшектесе жетіп жатыр.

Сонымен қатар сарапшылардың айтуынша, қолданыстағы жаза мемлекетке келтірілген экономикалық залалға тіпті де сайма-сай емес. Демек, шетелден тауар тасушыны заң бұзуға ынталандыруы ықтимал.

Осыған орай Мемлекеттік кірістер комитеті айыппұл сомасын декларацияланбаған немесе бағасы қате мәлімделген тауарлар үшін төленуге жататын кедендік төлемдер мен салықтардың сомасына қарай пайызбен есептеуді ұсынды (исчисление в процентном соотношении). Айыппұлдың қанша пайызды құрайтыны пысықталуда.

Бұл жерде сыртқы экономикалық қызметке қатысушы бизнестің категориясы, яғни шағын, орта, ірі кәсіпкерлікке жататыны немесе жеке тұлға екені ескеріледі. Сонда әділетті болатын көрінеді.

ҚОЗҒАЛҒАН ІСТЕРДІҢ ЛЕГІ АРТТЫ

Әзірге қолданыстағы заңнама аясында жүгін декларацияламай, жасырын алып өтуге тырысатын шағын кәсіпкерлерге 103,5 мың теңгеге, ірі кәсіпкерлікке 517,5 мың теңгеге дейін айыппұл салынады. Оның жанында бизнеске жетпіс миллион теңгеге дейін тұратын тауарды декларацияламай алып өту немесе рәсімдегеннің өзінде бағасын арзандатып көрсету, ұсталып қалса, айыппұлын төлей салу тиімді көрінеді.

Салдарынан, елде декларацияланбаған тауарлар көлемінің күрт артуы тіркелді. Нақтыласақ, биылғы 2023 жылғы 5 айда ғана кедендік бақылау барысында 6,5 мың тоннаға жуық декларацияланбаған тауар әшкереленді. Әшкере болмағаны қанша мың тонна екені белгісіз.

Кеденді жемқорлардан арылту бағытында тұрақты түрде күрес жүріп жатыр. Президенттің өзі оны бақылауына алып, мән-маңыз беріп, құзырлы органдарға үнемі міндеттер жүктейді. Алайда декларацияланбаған тауарлардың көлемі одан еш азаятын емес, керісінше тек ұлғайып барады.

Ресми статистика бойынша 2019 жылы – 14 320 тонна, 2020 жылы – 14 630 тонна, 2021 жылы – 16 453 тонна, 2022 жылы – 17 820 тонна, ал 2023 жылдың бес айында 6 493 тонна декларацияланбаған жүк табылды.

ҚАНТ ӨНДІРІСІ ШАТҚАЯҚТАП ТҰР

Биыл Жетісу облысындағы қант өндірісі саласын, атап айтқанда, екі қант зауытын шикізатпен қамтамасыз ететін фермерлер 370 мың тонна қант қызылшасын өндіреміз деп болжап отыр. Қазір қант өндірісі арқылы табыс тауып отырғандар зауытқа өткізілген қызылшаның 10-12 пайызын қантқа айналдырады. Бұл – соңғы жылдары не кері кетпейтін, не алға аспайтын, әбден қалыптасқан көрсеткіш. Оның қаншалықты шындық екені қайта өңдеушілерге ғана аян. Сонда 370 мың тонна шикізаттан 37 мың немесе 45 мың тонна аралығында ақ қант алады. Қанттың бүгінгі бағасын орташа есеппен келісіне 450 теңге, бір тонна қант қызылшасынан 100-120 келі қант өндіріледі деп алсақ, бір тонна шикізаттан 45-54 мың теңге пайда түседі. Енді осы санды мыңдаған тоннаға көбейтіп көрсек, қыруар қаржы шығады.

«Қазақстан» баспасөз клубында өткен баспасөз мәслихатына келген фермерлер қазір қант өндірісінде түсетін пайданың 70 пайызын қайта өңдеуші кәсіпорын алып қалып, шикізат өткізетін шаруаларға 30 пайызын ғана беретінін қынжыла баяндап, қант өндірісі саласын мемлекет меншігіне алу қажет екенін мәлімдеді. «Сонда ғана стратегиялық саланы сақтап қала аламыз. Бір кездері қант зауыттары алынатын дайын өнімнің есебінен түсетін кірістің 70 пайызын фермерлерге беріп, өздеріне 30 пайызын ғана қалдыратын. Сол уақыттары қант өндірісі де өркендеген, қазір салаға монополия орнатып алғандар барлығын керісінше істеп отыр», – дейді жылдар бойы қант қызылшасын өсіріп келе жатқан шаруалар.

Расында солай, биыл қант қызылшасы алқаптарының көлемін 8,5 мың гектарға жеткіздік, енді бірер жылдан соң екі есеге арттырамыз деп жоғарыға есеп беріп отырғандар, саланың дәл қазіргі жайкүйін жете білмейді. Оны айтасыз, ел экономикасы үшін ең қиын кезең болып саналатын өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының соңы мен жаңа ғасырдың бастапқы жылдарында қант қызылшасы алқаптарының аумағы қазіргіден айтарлықтай артық болғанын, бір жылдары қазіргі мақтанып айтып жүрген 7-8 мың гектарды Ескелді ауданындағы бір ұжымшардың өсіргенін білмейтіндер бар облыстың ауыл шаруашылығы саласын басқарып отырғандар арасында. Саланы жете меңгермегендер, қант қызылшасын өсіріп, баптаудың, жинаудың оңай шаруа емес екенін, қыруар қаржы мен еңбек күшін қажет ететіндігін де түсіне қоймасы анық. Мемлекет тарапынан қолдау барлығын жоққа шығаруға болмайды. Арасына бірер жыл салып барып, қазынаның қаржысына қайта-қайта жаңғыртудан, жабдықтаудан өтетін қант зауыттары да тасымалға деп тамшылатып болса да қаржы қарастырған болады. Алайда қайта жаңғыртудан өткендерімен шикізаттан алынатын нақты өнімнің көлемін 10-12 пайыздан асырмайды. Еуропада, көршілес Ресей мен Белоруссияда бұл көрсеткіш – 17-18 пайыз. Соған сай олардан түсетін пайда да қомақты. Ал бізде бәрі керісінше. Бір кезде қазіргі Жетісу облысы аумағында істеген төрт бірдей қант зауытын қосқанда еліміз бойынша 8 кәсіпорын қант өндірсе, бүгінде солардың төртеуі ғана қалды. Жетісуда екі зауыт жарым-жартылай жұмыс істеп тұр. Жағдай осылай жалғаса берсе, қант өндірісі саласы мүлде құрдымға құлары анық. Алдағы кездері шаруалар бұл дақылдан түбегейлі бас тартатын сынайлы. Оған баспасөз мәслихаты барысында айтылғандар дәлел бола алады.

Облыстағы кезінде қант өндірісі барынша өркендеген Ақсу ауданында ширек ғасырға жуық уақыт осы салада еңбек етіп келе жатқан «Квитко» шаруа қожалығының басшысы Александр Квитко 2017 жылға дейін жағдай бірсыпыра тәуір болғанын айтады. Күзде егістіктен түскен пайдаға ауыл шаруашылығы техникаларын біртіндеп болса да жаңалап алу мүмкін еді. Өкінішке қарай, кейінгі бес-алты жылда фермер күзде кіріс санаудың орнына, қыстан қайтып аман шығамын дейтін жағдайға жеткен. Өткізген өнімнен түскен қаржыны басқа тартса аяққа, аяққа тартса басқа жеткізе алмай қиналады. Жұмысшылардың жалақасын төлегеннен соң ештеңе қалмайды.

> *Бір жылдары қазіргі мақтанып айтып жүрген 7-8 мың гектарды Ескелді ауданындағы бір ұжымшардың өсіргенін білмейтіндер бар.*

«Бүгін біз көмек сұрау мақсатында келдік. Жанымызға батқан жағдайларды жайып салмақпыз. Мен 2000 жылдан бастап қант қызылшасын өсіремін. Ол кезде күздегі пайда бөлінісі екі жаққа да аса қолайлы болатын. Шикізат өткізетін шаруаларға 70 пайызы беріліп, зауытқа 30 пайызы қалдырылатын. Өздеріңіз білетіндей, 2004–2009 жылдары экономикамыз үлкен дағдарысты бастан өткерді. Бәрімізге қиын тиді. Соның өзінде Ақсудағы қант зауыты аудандық салық комитетіне жыл сайын 400 миллион теңге төлемдер аударатын. Ол кезде кәсіпорын бағасы тым қымбат мазутпен жұмыс істейтін. Қазір зауыттың арзан отын – газға көшкеніне екі жыл болды. Қайта өңдеу бұрынғыдан бірнеше есеге арзандады. Бірақ біздер – шаруалар одан ешқандай жақсылық көріп отырғанымыз жоқ.

2015–2016 жылдары қанттың бағасы қазіргінің жартысын ғана құрайтын. Соған қарамастан, біздің өткізген шикізатымызға жақсы төленетін. Қазір бәрі керісінше. Қанттың бағасы еселеп қымбаттады да, соның негізін қалайтын біздің еңбегіміздің төлемі бұрынғыдан төмендеп кетті. Бүгінде қант зауыты пайданың 70 пайызын өзінде алып қалып, біздерді 30 пайызға телміртіп қойды. Жұмыс істейтін техниканы жаңалай алмай қалдық. Шаруа қожалықтарының 80 пайызында техника қаусап тұр. Қант зауыттарымен қант қызылшасын сатып алу жөнінде екі жаққа да тиімді келісімшарт жасағымыз келеді. Жыл сайын күзде болатын дау-дамайдан соң шешіледі дейді. Біздер де талап етіп, талпынып келеміз. Бірақ құрылтайшы бізбен санасқысы келмейді. Ақыр соңында тағы да шаруаларды қайта өңдеушіге кіріптар ететін келісімшарт жасауға мәжбүрміз. Бұл мәселе жылда қозғалады, бірақ нақты шешімін таппайды. Алға жылжыған жылдармен бірге шаруа адамдары үшін қант қызылшасын өсіру тиімсіз болып барады. Сондықтан бұл салаға мемлекеттік деңгейде назар аударып, нақты шаралар қолданатын кез жетті», – дейді Александр Квитко.

Облыстағы қант қызылшасы көп өсірілетін аймақтың бірі – Көксу ауданындағы «Рахимов» шаруа қожалығының басшысы Рахым Кәрімовтың айтуына қарағанда, қарпайым адамдарды қойып, фермерлердің өздері қант зауыттарының нақты қожайындары кім екенін білмейді. Түрлі болжамдар айтылып, біресе анаған, біресе мынаған теліп, бал ашып жүрген жұрт әйтеуір. Оның ойынша, былтыр аяқастынан пайда бола кетіп, халықты сабылтып қойған қант тапшылығы мен бағаның бетімен кетуінің басты себебінің бірі де осы белгісіздік, салаға жауап беретін нақты тұлғалардың беймәлімдігі. Фермерлердің жыл сайынғы бас ауруына айналатын қант зауыттарымен өздеріне пайдасыз бір жақты келісімшарттарға отыруы биыл да қайталанған. Бұның себебін де тап басып айтып, ақтайтын дәлел келтіретін жан жоқ.

«2005–2006 жылдарға дейін қант қызылшасы саласы субсидияланбаса да, бюджетті тиісті төлемдермен толықтыруда жақсы жағынан аталатын. 2006 жылға дейін қантты басқа елдерге жөнелтетінбіз. Одан кейін салада монополия орнады да, бәрі кері кетті. Қант қызылшасын сатып алу бағасының арзандығы табысты төмендетті. Қазір еліміздегі қант зауыттары бразилиялық фермерлерден қант қамысын үш есе қымбатқа сатып алады. Қант қызылшасынан өндірілген қанттың өзіндік құны 275 теңге болса, қант қамысынан алынған шекердің өзіндік құны 440 теңгеден жоғары. Осыдан барып, бразилиялық фермерлерден біздің қай жеріміз кем? Неге бізге олардан үш есе аз төлейді деген сауалдан туындайды», – дейді шаруа қожалығының жетекшісі.

Қант қызылшасы өндірісі саласында жедел өзгерістер қолға алынбаса, еліміздегі осы саланың жетекші аймағы – Жетісу облысында қант қызылшасын өсірумен айналысатын қожалықтар мүлде тұралап, тәтті түбір өсіруден түбегейлі бас тартуы мүмкін. Өйткені қайта өңдеу саласындағы монополистер қант өндірісіндегі қара жұмыста атқаратын қожалықтарды біржақты келісімшартпен тырп ете алмас, тығырыққа тіреп тастаған.

Шаруалардың айтуынша, жағдай жақсарудың орнына алға жылжыған жылдармен бірге құлдырау үстінде. Соңғы жылдары екі зауыт та бірнеше рет қайта жабдықталып, жаңғыртудан өткен. Алайда жұмыс істеу мен шикізат қабылдау әлі күнге бұрынғы жаттанды соқпақтан ажырамаған. Сол баяғы бәз қалпында. 2017 жылы қанттың бағасы 170-180 теңгенің айналысында болса, қызылшаның тоннасына зауыт 17 мың теңгеден беріп тұрды. Қазір қанттың келісі екі жарым есеге қымбаттап кеткенмен, шикізат қабылдаудың бағасы төмендеп, 15 мың теңгеге түскен. Зауыт қазір табыстың 70 пайызын алып отырғанын, шаруаларға 30 пайызын ғана беріп отырғанын жоғарыда жаздық. Қазақстан фермерлер қауымдастығы да қайта өңдеушілер пайдаға кенеліп, қожалықтарды тонап отыр деп санайды.

2004–2005 жылы қызылшадан қант шығару тоннасына 12 пайыз болатын. Ол кезде зауыттар ескі, әлі күрделі жөндеуден өтпеген еді. Сол уақытта егілген қырғызстандық тұқымдардың өнімділігі де төмен, 17 пайыздан аспайтын. Одан бері екі қант зауыты да модернизациядан өтті. Қазір жетісулықтар өнімділігі аса жоғары франциялық, американдық тұқымдарды пайдаланады. Соған қарамастан «жаңартылған» зауыттар әлі күнге қызылшадан 10-12 пайыз ғана қант шығарады. Басқаны айтпағанда, көршілес Ресейде бұл көрсеткіш – 17-18 пайыз.

Біржақты келісімшарттар қожалықтарды банкрот қылады. Егер сала мүлде құрыса, мыңдаған адам жұмыссыз қалады. Мәселен, Жетісу облысы бойынша биыл 8,5 мың гектарға тәтті түбір себіліпті. Осы саланың жілігін шағып, майын ішкендердің айтуынша, дұрыс өнім алу үшін бір гектарда бір адам тұрақты жұмыс істеуге тиісті. Сонда келер жылы қант қызылшасы себілмей қалатын болса, бірден 8,5 мың адам екі қолға бір күрек таппай қалмақ. Сондықтан фермерлер мен зауыттар өзара түсініскенде, екі тарапқа бірдей тиімділікте жұмыс істеуі керек. Егістік алқаптарын көбейтумен мәселе шешілмейді. Ең құр дегенде, қайта өңдеуден соңғы пайданың бөлінісін теңестіруге қадам жасалмаса, жағдай ушығы бермек. Фермерлер осыған орай өнімнен түскен кірістің 55 пайызы зауытта қалып, 45 пайызы шаруаларға берілсе дұрыс болар деп отыр. Тіпті болмаса, қант өндірісі саласын мемлекет меншігіне алғаны жөн. Мұның бәрі бұған дейін де айтылып, сан мәрте талқыға салынған. Ендігі үміт – су жаңа Ауыл шаруашылығы министрінде.

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы

СЫР КҮРІШІНЕ ОРАҚ ТҮСТІ

Алтын күздің алғашқы айында Сыр күрішшілері егінге жаппай орақ салды. Молшылық мерекесіне Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен өңірге арнайы жұмыс сапарымен келген Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров қатысып, диқаншы қауымға сәттілік тіледі.

Облысқа қарасты Қармақшы ауданында өткен «Дала күні» семинар кеңесінде аймақ басшысы аяқ су тапшылығы мәселесін қозғап, оның алдын алу бойынша бірқатар ұсыныс-пікірін жеткізді.

«Соңғы жылдары Сыр диқандары су тапшылығының қиындығын қатты сезініп келеді. Биыл да вегетация кезеңінде егістік алқапты сумен қамтамасыз ету күрделі жағдайда өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының, Үкімет басшысы Әлихан Асханұлының, Үкімет мүшелерінің қолдауының арқасында аймақта су тапшылығының алдын алу шаралары қабылданды. Былтыр Үкімет резервінен бөлінген қаржыға 21 канал тазаланып, 52 ұңғыма қалпына келтірілді. Қосымша 133 сорғы сатып алынып, ел игілігіне пайдаланылуға берілді. Облыста арнайы жұмыс топтары құрылып, суды тиімді пайдалану үшін егістікті кезектесіп суаруды, қашыртқыдағы суды екінші рет пайдалануды жолға қойдық. Осындай қиындықтарға қарамастан, күріш көлемін 89 мың гектар етіп сақтап қалдық», – деді өз баяндамасында Нұрлыбек Мәшбекұлы.

Сонымен қатар облыс әкімі келер жылдан бастап суды тиімді пайдалану үшін күрішке берілетін қолдаудың көлемін қысқартып, қаржыны әртараптандыру мақсатында егілетін дақылдарға бағыттауды ұсынды. Бұл тұрғыда, ауыспалы егіс тәртібін сақтап, егістік жерді лазерлік тегістеуден өткізген және каналдар сағасына су есептегіш құралдар орнатқан шаруашылықтарға ғана субсидия беру қажеттігін алға тартты.

Сонымен қатар өңірдегі күріш шаруашылығында сапалы тұқыммен қамтамасыз ету жайы да өзектілігін жояр емес. Соған сәйкес әкім министрлік әзірлейтін тұқым шаруашылығын дамытудың кешенді жоспарына күріш тұқымы мәселесін арнайы қосуды және қолдауды сұрады.

Жалпы, биыл облыс бойынша 193,4 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Оның ішінде негізгі дақыл – күріштің көлемі 89 мың гектарды құрады. Сонымен қатар әртараптандыру бағытында 3 мың, су үнемдеу технологиясын қолдану арқылы 872,5 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді.

Мамандар күзгі егін жинау науқанына қажетті жанар-жағармай қоры жеткілікті екенін айтады. Ауыл шаруашылығы техникалары да күрішті дер кезінде жинап алуға толық дайын.

Бүгінде шаруашылықтар ерте егілген дәнді дақылдарды жинау жұмыстарын толық аяқтаған. Нақты уақытта дәнді және сүрлемдік жүгерімен қатар картоп, майлы, мал азықтық және көкөніс, бақша дақылдарын жинау жұмыстары жүргізілуде.

Орақ кезеңіне орай күріш егісінің суы толық жабылған. Жалпы, дихан қауымы егін жинау науқанын кестеге сай жүргізіп, 10 қазанда аяқтауды межелеп отыр.

«Дала күні» семинарында Үкімет басшысы Әлихан Смайловтың Сыр диқандарын егінге орақ салу рәсімімен құттықтау хатын Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров жеткізді. Келесі кезекте министр диқандар мен су шаруашылығы мамандарын Премьер-Министрдің Алғысхатымен марапаттады.

Шара барысында қатысушылар егін жинауға арналған техникалармен, облыста өндірілетін агроөнім түрлерімен танысып, сала мамандарымен пікір алмасты.

Семинар кеңеске аудан әкімдері, басқарма басшылары, ауыл шаруашылығы құрылымдарының өкілдері мен сала ардагерлері қатысты.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Технологиялық интеграция ұсынған тиімді шешім

Бүгінде экспорт IT индустриясының күн тәртібіндегі негізгі тақырыбына айналды. Технологиялық интеграцияның берер мүмкіндігін тауыса пайдалану – басты міндет. Қазақстан нарығы шетелдік компаниялар үшін тым «кіші» болғанымен, аймақтағы «тартымды» нарықтың бірі деп бағаланады. Себебі нарық қазақстандық IT компаниялардың әлеуеті зор екенін айқындап отыр.

Кәмила ЕРКІН

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біздің маңызды стратегиялық міндетіміз – Қазақстанды IT мемлекетке айналдыру. Цифрландыру ісінде нақты жетістіктеріміз де жоқ емес. Біз электронды үкіметті және финтехті дамыту индексі бойынша әлем көшбасшыларының қатарында тұрмыз. Былтырдың өзінде IT саласындағы экспортымыз бес есе өсті. Жыл соңына дейін бұл көрсеткіш 500 миллион долларға жетуі мүмкін. Әрине, мұнымен шектелмейміз», – деп атап өткен болатын.

Жақында өткен IT саласын дамыту аясында жаңа міндеттерді іске асыру бойынша Үкімет отырысында сектордағы басты мәселелер талқыға түсті. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусиннің айтуынша, қазір мемлекеттік саясат Қазақстанда инновациялық экожүйені қарқынды дамытуға бағытталған. Сондай-ақ қазақстандық IT қызметтердің экспортын ұлғайту мақсатында Оңтүстік-Шығыс Азия мен Таяу Шығыста Silkroad hub өкілдіктері ашылмақ, сонымен қатар білікті мамандарды тарту үшін Digital Nomad Visa жобасы жүзеге асырылады. Бүгінде республика өңірлерінде 9 жаңа технологиялық алаң ашылды, жыл соңына дейін тағы 4 хабты іске қосу жоспарланған.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, Қазақстанда 2022 жылғы IT қызметтердің көлемі 940 млрд астам теңгені құраған. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 300 млрд теңгеге артық (645,9 млрд теңге). Жалпы IT қызметтерінің негізгі тұтынушыларының 82,1 пайызы – заңды тұлғалар болса, 4 пайызы жеке тұлғаларға көрсетілген, ал IT қызметіне тапсырыс берушілердің 13,9% – резидент емес тұлғалар.

Қызмет түрлеріне тоқталар болсақ, 257,7 млрд теңге бағдарламалық қамтамасыз етуге 201,3 млрд теңге – ақпараттық технологиялар және ақпараттық жүйелер саласындағы басқа да қызмет түрлері, 146,5 млрд теңге – қосымшаларды орналастыру бағытындағы жұмыстарға негізделген. IT саласындағы компаниялар 88,2% Алматы қаласында тіркелген және олардың жұмыс көлемі – 478, 7 млрд теңге. Ал Астана қаласындағы IT компаниялардың айналымы 356 млрд теңгені құрайды.

Мемлекет басшысы атап өткен экспорт жағдайына келер болсақ, резидент емес тұлғаларға көрсетілген қызмет көлемі жағынан АҚШ (T31, 6 млрд), Швейцария (T26 млрд) және Ұлыбритания (T12 млрд) елдері алғашқы үштіктің құрамына енген.

IT саласында бірнеше инновациялық жобаның негізін қалаушы Садық Шерімбек «Қазақстанда IT нарығындағы үш саланы экспортқа қабілетті және аймақтағы елдермен салыстырғанда әлдеқайда алда келе жатқан салалар деп есептеуге болады» деген пікірде.

– Олар: қаржы технологиялары, электронды үкімет және білім технологиялары. Қаржы технологиялары бойынша еліміз посткеңестік, ТМД және түркі мемлекеттерінің ішіндегі алға шығып кетті. Бұл жерде технологияның дамуын ғана емес, сонымен қатар сол технологияларды халықтың тұтыну индексін қоса алғанда осындай қорытынды шығаруға болады. Демек, технологиялық интеграция бағытында Еуропа мен Азиядағы көптеген елмен салыстырғанда Қазақстан алда келеді деп нық сеніммен айта аламыз. Екіншісі – электронды үкімет. Бұл бағытта Қазақстан әлем бойынша алғашқы 20 елдің тізімінде бар. Қазір енгізіліп жатқан технологиялардың барысын есепке алар болсақ, даму индексі бойынша тіпті алғашқы ондыққа да жақындап қалуымыз әбден мүмкін. Мен 30-дан астам елде болдым, одан бөлек инновациялық бағытта көптеген зерттеу жүргіздім әрі бірнеше инновациялық жобаның кеңесшісімін. Сол себепті осы саладағы жетістіктерімізді мақтанып айта аламын. Үшінші бағыт – білім технологиялары бағыты. Коронавирус кезеңінде Қазақстан технологияның арқасында классикалық білім саласы бойынша пандемиядан минимум зиянмен аман-есен шыққан мемлекеттердің бірі дер едім, – дейді ол.

IT маманының айтуынша, мемлекеттік қызметтердің цифрлануы, технологиялық интеграция адамдардың технологиялық өнімдерді тұтынуы жағынан Қазақстан даму индексі бойынша жас мемлекеттердің арасында ТОП-10 ішінде.

– Әрине, бұл тақырыпта халықаралық сараптамалар да кездесетін болуы керек, бірақ бұл мәлімет – біздің тәуелсіз зерттеулеріміздің нәтижесі. Өте қызықты бір статистикамен бөлісер болсам, қазір отандық білім технологиялары нарығында жылына 1 млрд теңге айналымы бар ТОП-5 жобаны алатын болсаңыз, бесеуі де тек қазақтілді жобалар. Одан кейін айналымы 500 млн теңге болатын тағы бес жоба да қазақ тілінде. Бұлар –пандемия және одан кейінгі периодта жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап, қазір нарықта өте жоғары деңгейде жұмыс істеп жатқан жобалар.

Осыдан он жыл бұрын неге нарық қазақ тілін қолданбайды, неге мемлекет қолдау көрсетпейді деп қынжылатын едік. Бірақ қазір технологияға ұлтжанды азаматтардың көптеп келуі және ішкі нарық заңдылықтарын түсінетін жастардың осы салаға бет бұруы қазақтілді IT жобалардың қарқындап дамуына себепкер деуге болады, – дейді сарапшы.

Садық Шерімбек еліміздегі IT саласының соңғы кездерді қарқын алуына – менталитеттік фактордың да әсер етіп жатқанын жоққа шығармайды.

– Бұған дейін мәдениет пен менталитетті көп байланыстыра бермеуші едім, бірақ өз жобаларымызды басқа да елдерге экспорттау барысында бұл аса маңызды рөлге ие екеніне көз жеткіздім. Кезінде IT саласының мемлекеттік жарнамасы өте жақсы деңгейде болды. Мемлекеттік IT жобалар өзін қаншалықты ақтағанынан бейхабармын, бірақ ол да белгілі бір деңгейде халық арасында инновация немесе цифрлық технологиялардың сіңісуіне зор үлесін қосты. Одан бөлек, қазақтың көшпенді мәдениетінің де әсері орасан. Көшпенділіктің негізгі мәні – кез келген жаңа жағдайға тез бейімделу. Сондықтан технологиялар жаппай нарыққа ене бастағанда жалпы халық тез бой үйрете бастады. Терминалдар келгенде де, адамдарда қорқыныш болса да, жылдам бейімделді. Бертін келе банкингтерді қолдана бастадық. Бүкіл әлем жүріп өткен классикалық жолды біз өте қысқа мерзімде, кейбір кезеңдерін тіпті аттап өте шықтық десек те қателеспейміз. Өйткені аймақтағы басқа да елдердің халықтары электронды банк қызметтерін пайдалануға келгенде әлі де қолма-қол ақшамен жұмыс істегенді мақұл көреді, – дейді ол.

Соңғы кездері еліміздегі цифрлық технологиялардың тым тез қарқын алуына кейбір сарапшылар заңнамадағы шикіліктер себеп деген долбар айтып жүргенін құлағымыз шалды. Бұл тұрғыда Садық Шерімбек жаңа технология жұмыс істейтін салаға қатысты заңдардың да өзгеріп отыруы табиғи деген пікірімен бөлісті.

– Дамыған елдерде заңнама бірнеше ғасыр бойы өзгеріссіз жұмыс істеп келді. Бірақ, мәселен Еуропа заңдарын сол күйінде әкеліп енгізсек біз артта қалған елдердің қатарында болар едік. Сондықтан технологиялар мен инновацияға, білімге қатысты заңдардың жаңа заманға икемделіп отырғаны біз үшін өте қолайлы. Күн сайын өзгеріп жатқан салаларға тікелей байланысты заңдар да уақытпен бірге дамып отыруы қажет. Қалай болған күнде де, бізбен бірге бір мамандықты игерген қатарластарымыз он жыл өтпей-ақ Қазақстандағы ТОП стартап жобалардың қызметін дөңгелетіп әкетті. Мысалы, OneFit, Sxodim, DarynOnline секілді тағы басқа көптеген сәтті жобаны айтып өтуге болады. Біз білім алған кезең мүмкін IT саласының романтикасы енді ғана белең алып келе жатқан тұсы болған да шығар. Нәтижесінде, сол уақытта осы салаға келген азаматтар нарықты көтеріп әкетті. Қазір сол жастар өзіндік ерекшеліктері бар қазақ менеджментін қалыптастыра алды. Сол модельді шеңберінде жұмыс істей бастаған қазақ жастары да өзге нарықтарда оңай іс бастап жүр. Сондықтан қай жобаны алып қарасаңыз да, қазір бізге IT қызметін шетелдерге экспорттау үлкен проблема туғызбайды, – дейді маман.

«2026 жылға қарай IT қызметтерінің экспортын бір миллиард долларға жеткізу қажет», – деп Мемлекет басшысы Үкіметке жаңа міндет те жүктеген болатын. «Шетелдің ірі IT компанияларымен бірлескен кәсіпорындар ашу бұл іске септігін тигізері сөзсіз. Үкімет осы мәселені мұқият зерделеп, нақты ұсыныстар енгізуі керек», – деді Президент.

Эксперттің айтуынша, қазірдің өзінде отандық IT өнімдер көп жағдайда ТМД, Оңтүстік Шығыс Азия, Араб елдеріне экспортталуда.

– Әсіресе, алғашқы кезеңде ТМД елдерін нысанаға алған жөн. Мәселен, өзіміз жасап шығарған Qalan платформасы осы жазда Өзбекстан мен Ресей нарығында толыққанды іске кірісті. Қазір жобаның жалпы кірісінің 30 пайызы сыртқы нарықтан түскен пайдадан құралады. Жыл соңына дейін бұл көрсеткіш 60 пайызға жетеді деген жоспарымыз бар. Жобаның әлеуетін пайымдай келе, алдағы уақытта табысымыздың 90 пайызы шетелдік нарықтан түседі деп сеніммен айта аламыз, – дейді Садық Шерімбек.

Жастардың әлеуетін пайдалануды көздеген еліміз үшін цифрландыру ісінің берері мол екені сөзсіз. Бұл туралы Президент Қ. Тоқаев еліміздің аталмыш саладағы мүмкіндіктерін жоғары деп бағалап, осы бағытта қарқынды жұмыс істеуді тапсырған болатын. Жолдауда ірі мәлімет орталықтарын салуға инвестиция тарту үшін түрлі жеңілдікті де қамти отырып, барынша қолайлы жағдай жасау керегін ескерткен Мемлекет басшысы мәліметті сақтау және өңдеу саласында Қазақстанның мүддесін ілгерілету қажет екенін алға тартты.

Дегенмен сарапшы отандық инвесторлар қазақтілді жобаларға қаржы құюға келгенде құлықсыздық танытатынын жасырмады. Бірақ соңғы кездері демография нарықта өз ережелерін орнатқанын көріп жүрміз.

–Бұған дейінгі жобалардың аясында стратегиялық инвесторлар тартқан болатынбыз. Әрине, инвесторлардың есебінен жоба тезірек дамып, жаңа территорияларды игеретіндей жағдай жасауға болады. Бірақ біздегі қазақтілді жобалардың көпшілігі инвесторлардың есебінен емес, кәдімгі таза энтузиазм мен еңбектің нәтижесінен жүзеге асырылған. Жоба сәтті шығып, нарықта өзін мойындата алған сәтте ғана инвесторлардан ұсыныс түсе бастайды. Дегенмен қазіргі нарық қайда барсаңыз да қазақтілді жобаларды талап етеді. Сондықтан нарық заңдылықтары ескерілмесе, қандай керемет жоба болса да түбінде тоқырауға ұшырайды, – дейді ол.

Бүгінде IT барлық саланың басын біріктіретін күшке ие. Себебі технология meta-мәліметтерді пайдалана отырып, жасанды интеллектінің көмегімен өнімділікті 90 пайызға жуық дәлдікпен болжайтын деңгейге жетті. Бірақ осындай тың технологиялардың тілін білетін мамандар тапшылығын жою бағытында да ауқымды жұмыстар атқарылуда. Мәселен, TechOrda бағдарламасы аясында қазақстандықтар ваучерлік жүйе бойынша жетекші жекеменшік IT мектептерде оқи алады. Болашақта білім беру сапасын арттыру мақсатында оқытушыларды даярлауға ваучерлер бөлу және IT факультеттерде сапа стандарттарын енгізу мәселелері пысықталмақ.

Дегенмен сарапшылар, тек IT саласына емес, экономиканың өзге де секторларына тиесілі стартап жобаларға тұрақты қолдау қажеттігін естен шығармау қажет дейді.

– Барлық адамды күштеп IT-ға да тарта алмайсыз. Үкімет тарапынан айтылып жатқан 100 мың IT маманын әзірлеп шығарамыз деген бастамаға да менің күмәнім бар. Себебі жағдайды шынайы көзқараспен сараптау қажет. Тек IT саласына басымдық беру өзге салалардың әлеуетін жоққа шығарумен тең. Мәселен, Астана хабтағы IT жобалар 1 пайыз салық төлеу жеңілдігіне ие. Бұл, әрине, дұрыс, бірақ осы модель негізінде еліміздегі кез келген салаға, яғни ауыл шаруашылығы, құрылыс, машина немесе ғарыш технологияларымен айналысатын стартаптарға да осындай жеңілдіктер жасалуы қажет деп есептеймін, – деп қорытындылады маман.

Кез келген мемлекеттегі адвокатураның беделіне қарап сол елдегі демократияның қаншалықты деңгейде екеніне көз жеткізуге болады. Алайда әзірге біз ол жағынан бас бармағымызды көрсетіп, ауыз толтырып айтуға ұяттымыз. Қазақстандағы адвокатура айбынды естілгенімен, өкінішке қарай, оның қоғамдағы орны төмен. Жұрт өзін қорғайтын білікті адвокаттың көмегіне, ал адвокатура мемлекет қолдауына зәру.

АДВОКАТУРА арзан кәсіп пе?

Кешегі күнге дейін керегесін енді жайып, уығын жаңа шанышқан Қазақстанда демократия орнату дегеніңіз бір күннің шаруасы емес, оған жүздеген жыл керек секілді болды. «Тәйірі 30 жыл деген не, әлі буыны бекіп, бұғанасы қатпаған Қазақстан үшін» деп пәлсапа соғар еді шенеуніктер де шетінен. Халықты жалған уәделерімен мелдектете тойдырып келген министрлер кабинетіндегілерге өтірік айтып, уақытты ұту үшін қажет те шығар. Ал енді жергілікті әкім қаралар мен соттардан әділдік іздеп шаршаған қарапайым жұрт мұндай ертегілерге сенуден қалған. Басқасын айтпай-ақ қояйық, осы 30 жыл ішінде алтыннан шаһар тұрғызбасақ та, тым құрыса, адам құқығын зорлық-зомбылықтан, заң орындарының әділетсіз әрекеттерінен қорғайтын беделді адвокатура институтын қалыптастыруға шамамыз жетер еді ғой деп ойлайсың. Бірақ халықтың үміті әлі үзілмей келеді. Кейде өмірдегі осындай қарама-қайшы жағдайларға қарап отырып, Ата Заңымыздың 13-бабындағы «Әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда заңға қайшы келмейтін барлық тәсілмен қорғауға хақылы» деп асқақ леппен жазылған тұжырымдаманы заң шығарушы орган заңға әдейі енгізе салғандай көрінеді де тұрады. Ол қағаз жүзінде қатып тұрғанымен, тәжірибеде тетіктері қозғалысқа түсе бермейтін қағида.

Қолданыстағы заң өзінің талаптары орындалмайды дегенге сенбесе де, сенім артады. Сол себептен де сот процестерінде қаралатын кез келген дау-дамай мен айтыс тартысқа адвокаттардың қатысуын міндеттеп қойған. Онсыз мәжіліс залына қобыраған қағаздары көп папкаларын қолтықтап келетін мантиялы судья мен оқалы киім киген мемлекеттік айыптаушы да істі қарамайды. Тәртіп солай. Сондай кездерде бүкіл процесті жалғыз өзі қаңтарып, тоқтатып қойған адвокаттың құдіретіне расымен де таңғалуың мүмкін. Ал, шын мәнінде Қазақстандағы сот процестерінің қалай өтетінінен азын-аулақ хабары бар адам адвокаттардың беделі мен абыройы соншалықты асқақтап тұр деп әсте айта алмас еді. Кезінде орыс әлемін дүр сілкіндіріп, тапқырлығымен талайларды тамсандырған атақты адвокат Федор Плеваконың өзі әлдебір құдіреттің күшімен тіріліп келіп, еліміздегі сот процестеріне қатысса, сөз жоқ, ондағы әділетсіздіктерден қарадай түніліп, екі қолын төбесіне қойып құла дүзге безіп кетер еді. Бұл Қазақстанда білімі мен біліктілігі жөнінен Плеваконың орнын басатын, тіпті одан асып түсетін адвокаттар жоқ деген ұғымды білдірмесе керек. Тек елдегі адвокаттардың шырылдаған үні мен айқайлаған дауысы алысқа жетпейді, оларды меңіреу қоғам естімейді.

Сондықтан да қазіргі адвокаттардың басым бөлігі сот процестерінде ақ пен қараны таразылайтын үш адамның бірі ретінде жай ғана қара көбейтіп, қалқиып отырады. Әшейінде мемлекеттік айыптаушының көбіне тергеу органы таққан айыбының ізімен кетіп, кесімді мерзімінен артық жаза сұрайтын жаттанды әңгімесін бас шұлғып отырып тыңдайтын судьялар адвокаттардың көңілге қонымды уәждерінің өзін құлықсыз қабылдайды. Заң мемлекеттік айыптаушы мен адвокатқа теңдей құқық бергенімен іс процестеріндегі жағдай бізге солай көріне ме, әдетте айыпталушыны қаралап сөйлеп, қара есекке теріс мінгізіп жіберетін мемлекеттік айыпталушының сөзін бөлмей, бас шұлғып мақұлдап отыратын судьялар адвокаттардың дәлелдерін көбіне себеп-салдарын түсіндірместен есепке алмай тастайды. Әйтеуір, оқалы киім киген прокурордың бір дауысы адвокатқа қарағанда артық шығып тұрады. Құзырлы орган басшылары болса, «адвокаттың аузын жапқан ешкім жоқ қой, айтсын» деп өзін жазғырады. Ау, аузың көпіріп сөйлегеннен не пайда, тірнектеп жинаған дәлелдері есепке алынбай қалса... Қазақстандағы адвокаттар қауымының барлығын кіл білімді, қорғауындағы адамдарды жанын салып қорғайтын білікті мамандар деп айтсақ, онымыз күпір болар еді. Олардың арасында біліктілігі жоғарысы да, күріштің арқасында су ішетін күрмек тәрізді қара көбейтіп жүрген біліксіздері де бар. Адвокатура саласына құлшынып келетіндер аз емес, тек оларды сот процестеріндегі теңгерімнің жоқтығы мен бүкіл тізгінді жалғыз судьяның қолына ұстатып қойған қасаң тәртіп пен мемлекеттік айыптаушыдан төмен санаушылық қарадай жүнжітіп, морт сындырып тастайтын секілді. Екі үш рет сот процестеріне қатысып, әділдік іздеуден түніліп шығатын адвокаттардың оты сөнген жанарлары мен қалжыраңқы жүздерінен «менің қорғағанымнан не пайда, бәрібір судья өзі қалаған үкімін шығарады» деген көнбістік пен заңға жазылмаған тәртіпке еріксіз мойынсынғандықты оқып үлгерер едік.

Ал тергеу органының ойдан құрастырған жаласының негізінде тағылған жалаң айыпты бұзып, ақтау үкімін шығарту – кез келген адвоканттың қолына қона бермейтін бақыт құсы сияқты құбылыс. Адвокатураның әлсіз болатынының тағы бір себебі, бұл сала үшін арнайы мамандар даярланбайды. Оған әркім әртүрлі жолмен келеді. Одақтың кезінде қалай болғанын қайдам, қазіргі адвокатура жылдар бойына сотта қызмет атқарып, доғарысқа шыққан судья мен жұмыстан кеткенінше айып тағылған адамды жау санап, мүмкіндігі болғанынша оны ұзақ мерзімге бас еркінен айыруды қалап тұратын прокурордың, полициядағы жұмысынан түрлі себеппен босап қалған полиция қызметкерінің соңғы аялдайтын мекені сияқты. Олар адвокатураның қысқа мерзімді тағылымдамаларынан өткеннен кейін қолына портфелін ұстап, адвокат болып шыға келеді. Тек сол қысқа мерзімдегі дайындықтар кешегі судья мен прокурордың жылдар бойына саналарына сіңіп қалған ұстанымдары мен көзқарастарын жаңа мамандыққа бейімдей ала ма? Ел арасында мынандай да әңгіме бар. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін адвокатураға қызметке орналасқан бұрынғы прокурор сот процесі кезінде өзінің қорғаушы екенін тарс ұмытып кетіп, қорғауындағы адамға «сен сияқтыларды соттау керек» дейтін көрінеді кіжініп. Әрине, мұның әлдекімдердің ойдан шығарған әңгімесі болуы да мүмкін. Десе де, астарында ақиқаты бар әзіл. Шынында да, жылдар бойына тек айыпталушыға тағылған айыптың заңдылығын қадағалап зерттеп келген прокурордың адвокатураға қызметке келісімен сол көзқарасы мен ұстанымының өзгере қоятынына сенбейсің. Осындай жағдайларды талдай келіп, анығында адвокаттық қызметті арзан кәсіпке айналдырып алған жоқпыз ба деп ойланасың. Біздің елде адвокат боламын деп талпынған азаматты аяқтан шалатын кедергі жоқ тәрізді. Қажетті сынақтардан өтіп, рұқсатыңды алғаннан кейін міндетті мүшелік жарнаңды уақытылы төлеп, портфеліңді көтер де жүре бер. Біздің өмір тәжірибесінен бір байқағанымыз, адвокаттық мамандықты жан-тәнімен қалап келмегендер оған жай ғана зейнетақыға қосымша азын-аулақ кіріс әкелетін кәсіп деп қарайтын секілді. Масқарасы, ондай адамдар күнкөріс үшін қолы қанға малынған қылмыскерді де қорғап, ақтап шығамын деп қап-қап уәде беріп, жеме-жемге келгенде тараптарды алдап, шаң қаптырып кетіп жатады. Осылайша, кейбір адвокат заматында алаяққа айналып шыға келеді. Бұлардың адвокаттардың алғашқы екі санатынан бір өзгешелігі, олар ақ тер, көк тер болып айтыспайды, тергеушілердің арнайы шақыртуымен келіп, «мына жерде заңдылық сақталмапты» дегендей өтірік айқай көтерген сынай танытып, «бәрі дұрыс екен, күдіктіге адвокат берілiпті» деп көз алдау үшін ғана төбе көрсетіп отыратын адам.

Келешекте адвокат пен сенім білдіруші арасында жасалынатын келісімшартта іс нәтижесіз аяқталған жағдайда рұқсат қағазына берілген төлемдерден басқа шығындарды тарапқа қайтарып беруді міндеттейтіндей талап енгізілсе, өзгенің тағдырынан пайда табуды көздейтін адвокаттардың саны азаяр ма, қайтер еді деп дәмеленесің...

Елеусіз МҰРАТ

Агросала цифрланса, ауыл дамиды

Осыдан шамамен 10 жылдай уақыт бұрын біздің елге ауыл шаруашылығы саласын цифрландыру деген ұғым енді енгізіле бастаған болатын. Ол шақта саланың толықтай сандық жүйеге өтуі өте тиімді болады дегенге ілеуде біреу болмаса, көбі сене бермеген. Тіпті, шаруасын әжептәуір деңгейде дөңгелетіп отырған фермерлер де цифрлы ауыл шаруашылығына қырын қарағаны жасырын емес.

Бердібек ХАБАЙ

БҮГІН БАРЛЫҒЫ ӨЗГЕРДІ, ӨЗГЕРГЕНІН КӨЗ КӨРДІ...

«Ақылды ауыл шаруашылығы» деген ұғым ауанымызға еніп, тың жаңалықтың тым дендеп кеткені сонша солардың барлығын игеріп, қорытып, санамызға сіңіріп, шаруашылықтардың басында сынап жатқандар қанша?! «Дүниенің озығы да, тозығы да бар» демекші, кейбір жағдайда көрінгенді жаңашылдық деп қабылдап, алқаптарын ондырмай бүлдіріп жатқандар да жоқ емес. Сондықтан мамандар бүгінгі таңда жаңашылдықпен бірге сандық үлгідегі технологияны қоса енгізу көп қателіктердің алдын алады деп отыр.

Уақыт өткен сайын ауыл шаруашылығына деген назар біздің елде де, әлемде де өзгерді. Тың жаңалықтың тез қарқында сіңіп бара жатқаны сонша шаруалардың кейбірі сандық үлгідегі технологиясыз болашағын болжай алмай қалатын жағдайға жетті. Әсіресе, дамыған елдерде солай.

Әлемде медицина, ауыл шаруашылығы және білім саласында цифрлық технология ерекше қарқынмен дамып келе жатқаны жасырын емес. Банк пен қорғаныс саласының жөні бөлек. Сарапшылар мен сала мамандары шаруашылықты сандық үлгіге өткізуді жақсылап тұрып қолға алмасақ, мүмкіндікті қолдан жіберіп алуымыз мүмкін екенін айтады.

«Біз, ең алдымен, мемлекеттік деңгейде кеңістік деректердің ұлттық инфрақұрылымын құруымыз керек. Осылайша, АӨК-тің барлық салаларындағы бытыраңқы мәліметтердің түрлі базаларын бір жүйеге келтіру қажет. Ол үшін министрлік пен Үкімет тарапынан қажетті ұйымдастыру, заңнамалық негіздерді жасау жұмыстары жүргізілуі тиіс.

Екіншіден, ауылды елді мекендердің көбінде ұялы байланыс пен ғаламтор жүйесі тұрақты түрде жұмыс істемейді. Ал бұларсыз дәл егін шаруашылығы технологиялары мен сандық жүйені енгізу мүмкін емес. Себебі қолданылатын техника мен технологиялық жабдықтар жерсеріктік навигация арқылы ғана жұмыс істей алады.

Үшіншіден, өндірісті ауа райының нақты болжамымен қамтамасыз ету мәселесі болып отыр. Ауа райының нақты болжамынсыз, әсіресе бір айлық болжам мәліметтерінсіз, егіншілік технологияларынан ауқымды нәтиже күту мүмкін емес. «Қазгидромет» қызметінің қазіргі мүмкіндіктері 60 пайыз ғана ықтималдықпен болжам жасай алады. Ал дамыған елдерде, мәселен АҚШ, ЕО елдерінде, Қытайда метеоқызметтер 80 пайыз дәлдікпен ауа райын, ең бастысы, жауын-шашын мөлшерін болжап бере алады. Олар бұл жетістікке елдің ауқымды аумағын жергілікті метеостансалар желісімен қамту нәтижесінде қол жеткізген. Мысалы, Қытайда жергілікті метеостансалар елдің барлық аумағында әр 10 шақырым сайын орнатылған. Бізге де осындай гидрометқызмет жүйесін қалыптастыру қажет. Егер біз көктемгі және жазғы маусымдардағы жауын-шашындарды тиімді пайдалана білсек, республикадағы дәнді дақылдардың өнімділігін бірнеше есеге арттыруға болады.

Әлемдік экономиканың жаһандану үдерісінің белең алуы мен соның нәтижесінде әлемдік және ішкі азықтүлік нарығындағы бәсекелестіктің артуы бүгінгі күні бізден агроөнеркәсіптік кешендердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған пәрменді іс-шараларды жүзеге асыруымызды талап етеді. Осы жағдайда цифрлы технологиялар негізіндегі салалардың дамуына ден қойып, сол арқылы өндіріске жасанды интеллектіні енгізуге арналған негіз жасауымыз қажет. Бұл – біздің болашағымыз», – дейді «Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ басқарма төрағасы – ректоры Ақылбек Күрішбаев.

КЕЙБІР МАМАНДЫҚТАР ЖОЙЫЛАДЫ

Ғалымдардың болжамы бойынша, 2030 жылға қарай барлық жүйеде сандық технология жұмыс істей бастайды. Бұл тұста қазіргі бар мамандықтардың арасынан 57-сі түбірімен жойылып, оның орнына 186 жаңа мамандық пайда болады. Ал Microsoft корпорациясының негізін қалаушы Билл Гейтстің айтуынша, алдағы 20 жылда қазіргі мамандықтардың көпшілігі автоматты бағдарламалармен жабдықталатындықтан, біліктілігі төмен қызметкерлер бәсекеге ілесе алмай қалуы мүмкін. Жыл сайын өтетін әлемдік деңгейдегі «Давос» экономикалық форумында сарапшылар әлемде жасанды интеллект пен роботты техниканың дамуы нәтижесінде 2 млн жаңа жұмыс орны ашылатындығын сөз еткен. Бірақ технологиялық жетістіктер дәл осы мерзімде 7 миллионнан астам жұмыс орнын қысқартуға алып келетіндігі тағы да атап көрсетілді. Қазір мектеп қабырғасында жүрген оқушылардың болашақта 63 пайызы бүгін заты түгіл аты белгісіз мамандықтар бойынша жұмыс істейтіні рас. Қысқасы, біз орасан зор технологиялық өзгерістер дәуірінің табалдырығында тұрмыз деген сөз.

Осы қысқартылып кететін мамандардың қатарында ауыл шаруашылығы саласына қатыстысы бар екені шындық. Мысалы, қазір көп жағдайда механизатор, тракторшы, жүргізуші, таразы, тазалықшы, малшы деген ұғымдар оператор, пилоть, бағдарламашы және тағы басқа болып өзгеруде. Шындығына қарасақ, алып комбайнның кабинасында отырған адамға қарап құдды бір бағдарламашы деп қалуыңыз әбден мүмкін. Себебі мұндағы барлық басқару тетігі тек монитор арқылы жүзеге асырылып отырады. Монитордың тілін білмесең – механизатор да, тракторшы да емессің.

Осы сияқты өсімдік шаруашылығына да цифрлық технология дендеп енгені сонша қолына баяғыдай қобыратып қағаз бен қалам және сызғыш сынды өлшеуіш құралдарын ұстап жүрген аграном аз бүгінде. Көбі бір ғана планшетпен алқапта емес кеңседе отырып, егістіктегі бар жағдайды бақылауында ұстайды. Бір айтатыны, бұл жағдай асқан дәлдікте жүргізілетіні тағы бар.

Мал шаруашылығы саласында да дәл осындай жағдай болып жатыр. Сондықтан мамандардың кейбіреуі ескі тәсілдерін ауыстырып, жаңашылдықты меңгергені жөн болмақ.

ЖЕРДІ ЦИФРЛЫҚ КАРТАҒА ЕНГІЗУ ҚАЖЕТ

«Ең алдымен, бізге сандық технологияны енгізуде жерді қашықтықтан зонттау тәсілін мықтап тұрып қолға алуымыз керек», – дейді С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ жанындағы Агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыру, Технологиялық құзырет орталығының директоры Фараби Ермеков.

Алдымен, әр шаруа өз алқаптарын цифрлық картаға енгізгені жөн. Бұл аса бір қиын шаруа емес. Қазір бізде көбіне әкімшілік құрылымдар есеп берумен ғана шектелетіні жасырын емес. Айталық, жыл соңында ауыл әкімі аудан әкімшілігіне, аудан облысқа, облыстан республикалық деңгейге көтеріліп, жиналған мәліметтер негізінде есеп береді. Бұл есеп жолда біршама өзгерістерге ұшырап кетуі әбден мүмкін. Оған көзіміз нақты жетпейді. Сол себепті біз ғалымдар жерді қашықтықтан зонттау тәсілін ұсынамыз. Жерді қашықтықтан зонттау арқылы жер қыртысында не болып жатқанын түгелдей бақылауда ұстап тұра аламыз. Ауа райының жағдайы мен мал шаруашылығы, егін тіпті орман шаруашылығының жай-күйін де толық көріп отырамыз. Тағы бір айтатын дүние – агроөндіріс кешенін компьютерлік модельдеу тәсілі. Бүгінгі біздің қолға алып отырған жұмысымыз – осы. Бұл жерге АӨК-нің барлық мәліметін топтастырамыз. Әрине, ол үшін бізге жергілікті әкімшіліктер мен министрлік қолдау көрсетуі керек. Себебі біздегі ақпарат жеткіліксіз болуы ықтимал. Сондықтан министрлік тарапынан АӨК моделін жасап бір жүйеге келтірсек, онда біздегі бар проблемалардың көпшілігін алдын алуға болар еді», – дейді Фараби Ермеков.

«Интерактивті картаның тағы бір тиімді тұсы – электронды жүйе болғандықтан, белгілі дәрежеде адами факторды жояды және жер қатынастары саласындағы заңсыз мәмілелер деңгейін төмендетуге өзіндік септігін тигізеді», – деген еді Ауыл шаруашылығы экс-министрі Ербол Қарашөкеев цифрлық карталар турасында.

Премьер-Министр Әлихан Смайылов ғарыштық мониторингті қолдана отырып, бос жатқан және мақсатсыз пайдаланылған жерлердің бар-жоғына бағалау жүргізуді жалғастыру керек деген болатын. Бұл орайда ол JerInSpectr платформасын пайдалануды тілге тиек етті. «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясының мамандары әзірлеген, ауыл шаруашылығы жерлерінің тиімді пайдалануына мониторинг жасайтын аталған жоба 2022 жылдың 1 шілдесінен бастап іске қосылған болатын. Платформа ғарыш түсірілімдерін, картографиялық материалдарды, кадастрлық деректер мен жер балансы ақпаратын бірыңғай электронды құжат айналымы ретінде түзеді. Соның нәтижесінде жер пайдаланудағы заңбұзушылықтарды анықтап, шаралар қабылдауға көмектеседі.

Дәл қазір Цифрлық даму министрлігі AGROSPACE деп аталатын тағы бір платформаны құрудың алғышарттарын қарастырып жатыр. Бұл жоба латифундистерді әшкере етіп, жердің әу бастағы негізгі міндеті саналған ауыл шаруашылығы саласын дамыту бағытына орай икемделмек. Бұл да өз кезегінде ақпараттар базасы ретінде орасан зор пайда әкелуі тиіс.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараты бойынша, елімізде жалпы аумағы 205,4 млн гектар болатын ауыл шаруашылығы жерлерін цифрландыру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл – республика аумағының (272,5 млн гектар) 75 пайызы. Цифрлы картада бәрі тоғысады – жол желісі, гидрография, инфрақұрылым нысандары, жемшөп саласы мен қорлардың аумағы туралы деректер тоғыстырылмақ. Цифрлы карта 2024 жылдың соңында дайын болады деген болжам бар.

БІЛГІР МАМАН БӘРІН ӨЗГЕРТЕДІ

Қарағанды облысына қарасты Шахтерское ауылдық округінде «Шахтерское» деп аталатын ауыл шаруашылық тұқымдарын өндіріп, сатумен айналысатын серіктестік бар. Осыдан бірнеше жыл бұрын аталмыш серіктестік Астанадағы ЖОО бітіруші түлектердің бірнешеуін жұмысқа қабылдады. Енді ғана оқу бітірген жастарға қызметтік көліктен бөлек, тұрғын үй, ондағы жиһаз бен қажеттінің барлығын түгел сатып әперетіндігін айтты. Түлектерді арнайы конкурспен қабылдаған серіктестіктің басшысымен жолығып, мән-жайды білген едік.

«Біздің шаруашылық 2001 жылдан бастап серпінді түрде ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірумен айналысып келеді. Мамандар да таңдаулы жандар. Дегенмен заман өзгеріп, технологиялық жаңашылдық болып жатыр. Осы сәтте біздегі бар мамандардың жаңа технологиялық мүмкіндікті игеруі қиынға соқты. Сол себепті біз оқуды енді бітірген жастарды жұмысқа қабылдауды дұрыс деп шештік. Себебі олар цифрлық жүйені толық меңгерген. Техника мен технологияның мүмкіндігін біледі. Олардың жақсы жұмыс істеуі үшін бар жағдайды жасай отырып, жоғары айлық ұсындық. Тұратын пәтерлерін де жаңадан салып шықтық. Тіпті, олар ауылда отырса да пеш жақпайды. Бүгінде ауылды түгел орталықтандырылған жылу жүйесіне қостық. Әзірге жаман емес, жас жігіттер өздерінің бар қабілетін көрсетіп отыр. Сәйкесінше, өнімділік те артты. Қажет кезде біліктіліктерін арттыру курстарына да барып келеді», – дейді серіктестік директоры Георгий Прокоп.

Біз мәліметтер дерегінің ақпараттарына сүйене отырып, «Шахтерское» шаруа қожалығының болжамды жылдық кірісін саралап шықтық. Шынымен де, қожалық білікті жас мамандарды жұмысқа қабылдаған 2020 жылғы жалпы кіріс 12,3-18,6 млрд теңгеден, 2022 жылы 22,8 млрд теңгеге жеткен. Кіріс ұдайы өсіп келе жатқанын аңғартты. Бұл жерде шынымен жастардың заманауи технологияны тиімді пайдаланып отырғандығының айғағы.

Ауыл шаруашылығы саласы дамыған жетекші елдердің тәжірибесі олардың «технологиялық революцияны» бастан өткергенін көрсетеді. RolandBerger зерттеу агенттігінің мәліметі бойынша, жыл сайын Азиядағы әлеуетті өсудің 20 пайызы ауыл шаруашылығындағы инновациялық технологиялардан келеді. АҚШ, Канада және Аустралиядағы ауыл шаруашылығында цифрландыру және автоматтандыру технологияларын енгізу тәжірибесі арқылы ауылдық аумақтардың экономикалық дамуына ықпал етуде.

Уақыт өте келе көптеген компанияның менеджерлері телематика арқылы нақты уақыт мониторингін анықтап, GPS мониторингін бақылауда ұстап отыр. Бұл – жоғарыдағы сарапшы Фараби Ермековтың айтып отырған тағы бір үлкен сала.

«GPS навигациясы, жабдықты бақылау, тасымалдаудан бастап кез келген техниканың барлық жай-күйін, оның тоқтаған жері мен жанармай деңгейін, тіпті ақау шыққан тетікті де кабинетте отырып бақылауға болады. Бұны қашықтықта отырып кешенді қадағалау деп ұққан дұрыс. GPS мониторингін енгізу туралы шешім адам факторының әсерін барынша азайтады және басқарушы диспетчер қашықтығы техниканың барлық мәселесін бір орында отырып шешеді. GPS бақылау жүйелері көліктер мен жабдықтарды бақылау және оларға техникалық қызмет көрсетудің ашық және ыңғайлы процесін қамтамасыз етеді», – дейді жас ғалым PhD Қазбек Ғалымтайұлы.

Дәл қазіргі кезеңде ауыл шаруашылығына цифрлы технологияны енгізуден басқа саланы дамытудың өзге жолы жоқ. 2018 жылдың соңында ел Үкіметі 2021 жылға дейін ауыл шаруашылығы саласын цифрландыруды толықтай аяқтауды жоспарлаған болатын. Ал 2025 жылға қарай цифрландырудан күтілетін экономикалық пайда көлемі 40 млрд теңгеге дейін өседі деген болжам айтқан. Ең өкініштісі сол, бүгін 2023 жыл болса да, сала толықтай сандық үлгіге өтпей отыр. Оған түрлі әкімшілік жеке адам факторы да кері әсер етуде. Десе де, еліміздің ауыл шаруашылығы саласын цифрлы форматқа көшіру уақыт күттірмейтін мәселе екенін ескерген дұрыс. Сондықтан Үкімет те, министрлік те кедергілерді жоюмен қатар шаруа қожалықтарының өкілдерін жаппай қайта даярлаудан өткізіп, сандық технологияның мүмкіндігіне жол ашып берсе, нұр үстіне нұр болар еді.

> *2018 жылдың соңында ел Үкіметі 2021 жылға дейін ауыл шаруашылығы саласын цифрландыруды толықтай аяқтауды жоспарлаған болатын. Ал 2025 жылға қарай цифрландырудан күтілетін экономикалық пайда көлемі 40 млрд теңгеге дейін өседі деген болжам айтқан. Ең өкініштісі сол, бүгін 2023 жыл болса да, сала толықтай сандық үлгіге өтпей отыр.*

Мұстафа – МАҒЖАН

Алаштың екі ардақтысының аттарын бірге атап, қатар беруіміздің өзіндік себептері болып отыр. Біреуі – Қазақстанның оңтүстік өңірінің, екіншісі – солтүстік аймақтың перзенттері болғанымен жастары қатар екенін, дүниетанымының қалыптасуында, кейінгі өмірлерінде ұқсас жайлар аз болмағанын, кеңестік жүйенің қыспағы біреуін шетелге кетуге мәжбүр еткенін, екіншісін өмірмен қоштастырғанын, бір сөзбен айтқанда, тағдырлас болғанын ескерген едік.

Мұстафа Шоқай Сыр бойында 1890 жылы дүниеге келіп, бес жасында сауатын ашса, ауылда төрт жылдық медресені екі жылда тауысып, Ақмешіт (қазіргі Қызылорда) қаласындағы Перовск училищесінде үш жыл оқиды. Кейін Ташкенттің сегіз жылдық ерлер гимназиясын үздік бітірді. Қазақтың ауыз әдебиетінен, Шығыстың шығармашылық мұрасынан жеткілікті сусындады. Петербор университетінде жүйелі білім алды. Ұстазы Әлихан Бөкейханның қамқорлығымен Ресей орталығында саяси қызметтің түрлі белестерінен өтті. 1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін Петербордан мақсатты жұмыспен Ташкентке жетті. Осында өткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесінің төрағасы болып сайланды. Көп ұзамай өзінің алғашқы саяси қызметінің шыңы, Орта Азиядағы жаңа тұрпатты Түркістан мемлекетінің (Мұқтариятының) басшылығына келді. Алайда кеңестік жүйе автономияны құлатып, оның орталығы Қоқанды қиратып салды. Басына 1 000 сом тігілген Мұстафа Шоқай Ферғана тауларын аралап, талай қатерлі жағдайды басынан өткізіп, Ташкентке жетті де, туған елінен тастап, шетелге кетті.

Бетбұрыс Грузин Демократиялық Республикасынан басталды. Тифлисте екі жылдай тұрды. Бірақ оны кеңестер басып алғаннан соң, Түркия арқылы Францияға жетті. Өмірінің соңғы 20-жылдан астамын Еуропаның ортасы Парижде тұрақтап, демократиялық һәм саяси әлеуметтік жағдайды тиімді пайдаланып, қайраткерлік және шығармашылық жұмысты ерекше күш жігермен атқарды. Артына айрықша мол мұра қалдырды. Бұл Мұстафа Шоқайдың әлемге танылған тұлға болып қалыптасуында шешуші кезең болды. Бұл кезеңсіз бар ақыл ой, пайым парасатын, күш жігерін берісі Түркістан, арысы бүкіл түркі халқының азаттығына арнаған қайсар тұлғаның рухани әлемінде, саяси қызметін де толыққанды ұғына алмаймыз. Бірақ ол туған елін, сағыныштан сарғайтқан Түркістанына оралуды қанша армандағанымен шетелді, жат жерді мәңгілік мекен етті. Ұлы есімі Отанына жетпіс жылдан кейін ғана оралды.

Ақиық ақын, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы, Алаш қозғалысының қайраткері Мағжан Жұмабаев 1893 жылы Ұлы даланың солтүстігінде дүниеге келді. Ауыл молдасынан сауатын ашып, 1905–1910 жылдары Қызылжардағы №1 мешіт жанында белгілі татар зиялысы М.Бегишевтің ұйымдастыруымен ашылған медреседе оқыды. Осында Шығыс халықтарының тарихынан дәріс тыңдады, қазақ, татар әдебиеттерін, Фирдоуси, Сағди, Хафиз, Омар Һайям, Низами, Науаи секілді шығыс ақындарының дастандарын оқып, рухани нәр алды. 1910–1913 жылдары Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде татар жазушысы Ғ.Ибрагимовте оқыды. Соның көмегімен 1912 жылы 19 жасында Қазан қаласында «Шолпан» атты тұңғыш өлеңдер жинағын басып шығарады. Содан бастап ақын есімі Омбы, Петропавл, Семей қалаларындағы әдеби қауымға мәшһүр бола бастайды.

Мағжан Жұмабаевтың 1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін қоғамдық өмірге белсене араласуы оны қазақ халқының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресіне алып келді. Ақмола облыстық қазақ съезін өткізуді ұйымдастырушылардың қатарында, «Алаш» партиясының облыстық комитетінің мүшесі болды. Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш қайраткерлерімен байланыс орнатып, бұл кезде Алаштың азаттық үшін күрес туына айналған «Қазақ» газетіне өлеңдерін жариялады. Елдегі жаппай саяси қуғын сүргіннен сырт қалмады. Ақыры атылды. Бірақ қай жерді мекен еткені белгісіз. Ұлы ақын аты, рухы Отанына тура алпыс жылды артқа салып оралды.

Осылай Мұстафа Шоқай мен Мағжан Жұмабаевтың өмір жолдарын, қайраткер болып қалыптасуларындағы ұқсас жайларды жайдан-жай беріп отырған жоқпыз. Мұнда қағидатты мәселелер бар, екеуі де отбасында ұлттық сипаттағы тәрбиені көрді, халық поэзиясынан сусындап, оны Шығыс әдебиетімен байыта түсті. Орысша оқып, еуропаша білім алды. Өз кездеріндегі кеңестік жүйенің қайшылықты саяси сипаттарын терең түсініп, халқының азаттығы мен болашағы үшін белсенді күресті. Сондай ақ біреуінің бүкіл саяси қызметі мен шығармашылығының басты мұраты берісі Түркістан, арысы бүкіл түркі жұртының азаттығы мен бостандығы болса, екінші кемеңгер ақын, жалынды қоғам қайраткері бүкіл түркі жұртының астанасы Түркістанды жырлаумен шектелмей, сонау Анадолыдағы түріктердің тағдырына ортақтасты.

> *Екеуі де отбасында ұлттық сипаттағы тәрбиені көрді, халық поэзиясынан сусындап, оны Шығыс әдебиетімен байыта түсті. Орысша оқып, еуропаша білім алды. Өз кездеріндегі кеңестік жүйенің қайшылықты саяси сипаттарын терең түсініп, халқының азаттығы мен болашағы үшін белсенді күресті.*

Міне, осындай жайлар сонау Францияда тұратын Мұстафа Шоқайды алғашқы бетіне «Түркістан идеясына қызмет ететін айлық журнал» деп жазылған «Яш Түркістан» басылымының 1929 жылғы алғашқы №1 санында жарияланған өзінің тұңғыш «Біздің жол» атты мақаласымен қатар «Түркістан ақындарынан» атты мақала да бастырған болатын. Алғашқы мақаласында: «Біз, Түркістан тәуелсіздігін жақтаушылар, еліміздің еркі үшін және жұртымыз Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз. Түркістандықтарға бұдан басқа жол болмаған. Қазір де жоқ және бұдан соң да болмайды» деп күреске шақырса, 1923 жылы Ташкентте «Түркістан мемлекеттік баспасында» жарық көрген «Мағжан Жұмабайұлының өлеңдері» деген кітабынан алынған «Түркістан» атты өлеңі туралы қысқа кіріспесінде атамекеніміз Түркістанның түкпір-түкпірінде жастарымыздың аузынан түспей айтылып, қасиетті дұғадай жадында жатталып келе жатқан, тегі бір түркі халықтарының тұтастығы мен бірлігін жүрегінен өткізе жырлаған жауһар поэзия үлгісін өзіне ерекше жақын тұта жазып еді. Ал 1936 жылғы Түркістан жастарының алдындағы радиодан сөйлеген сөзінде бүкіл түркі жұртының құтты мекенін былайша керемет бейнеленген болатын: «Біздің құбыламыз – өзіміздің атажұртымыз, өлкеміз Түркістан болмақ! Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру – бәрімізге бір мақсат, бір мұхаббат уәзифа болмақ. Мұны ұмытпау керек! Түрік халқы – батыр халық, түрік халқы – арыстан, ер халық».

Елден кеткеніне он шақты жыл болған, сағыныштан тоңазыған Мұстафа Шоқайды жалынды сөздерімен жылытқан, атауынан айрықша қуат алған, бүкіл түркі жұртының тамаша поэзиясының үлгісіндей болған Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан» өлеңі былай басталатын болатын:

Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған
Түріктің Тәңір берген несібі ғой.

Сондай-ақ Мағжан Жұмабаевтың сонау тарихты еске түсіріп, оның Жейхун, Сейхун сияқты өзендерін, «аспанға асқан» Тянь Шаньдай, Хантәңіріндей, жер кіндігі – Памир, Алтай, Қазығұрттай тамаша тауларын тамаша суреттеуіне, Түркістан табиғатының керемет көріністерінен, құдірет те қуатты өлең жолдарынан туған елге деген сезімі жоғалмаған кез келген оқырман рухани нәр алады, Түркістанға деген сезімін еріксіз оята түседі. Міне, өздеріңіз оқып, ойланып, сезініп көріңіздерші:

Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?
Түрікке адамзатта ел жеткен бе?
Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял,
Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?!

Асыл қан – қасиетті түрік қаны,
Сол қаннан – Ибн-Сина Әбуғали.
Молдығы білімінің сықыр дерлік,
Дүниеге мұндай адам туды ма әлі?

Болмаса

Түріктің кім кеміткен музыкасын,
Фараби тоғыз ішекті домбырасын
Шерткенде тоқсан тоғыз түрлендіріп,
Жұбанып, кім тыймаған көздің жасын?!

Мұндай рухыңды күшейтетін, мәдениетінді мақтаныш етқізетін, тарихың толғандыратын шумақтарды сүйсіне қайталағаннан басқа, нәзік ләззатынан рахат алғаннан өзге не айтуға болады?!

Ал мына өлең жолдарынан Мұстафа Шоқайдың өзі дүниеге келген, сағыныштан сарғайтқан Наршоқысын, мәңгілік тақырып еткен Түркістанын еске түсірмеуі, өз тағдырын іздемеуі мүмкін емес:

Шер батса – кім іздемес туған елін,
Тұлпар да көксемей ме туған жерін?
Арқанын ардагері – қалың алаш,
Тұран да, біле білсең, сенің жерің!

Мұстафа Шоқай «Яш Түркістан» журналдың 1930 жылғы №3-4 сандарында өзі түрікшілдік рухтың жандануы және күшеюінің жарқын дәлелі болғаны үшін ең құнды және ең пайдалы деп бағалаған тағы да «Түркістан ақындарынан» деген қысқа мақала жазып, Мағжан Жұмабаевтың «Алыстағы бауырыма» атты өлеңін жариялап, туысқан түрік халқына арнаған ақын сезімін әлемге паш еткен болатын. Бұл өлеңнің жан ашырлық сезімдерге толы екенін, оны жайбарақат оқу мүмкін еместігі оның алғашқы екі шумағынан ақ аңғарылады:

Алыста ауыр азап шеккен бауырым,
Қураған бәйшешектей кепкен бауырым,
Қамаған қалың жаудың ортасында.
Көл қылып көздің жасын төккен бауырым.

Алдыңда ауыр қайғы жатқан бауырым,
Өмірі жапа шеккен жаттан бауырым.
Түксиген жүрегі тас жауыз жандар,
Тірідей терің тонап жатқан бауырым.

Бұдан ары Мағжан Жұмабаев сонау тарих төріне үңіліп, кеше Алтайда бір төсекте тебісіп жатқанын, «Алтайдай ананың ақ сүтінен бірге еміп», балалық дәуренді бірге өткізген кездерін сағына еске алып, Анадолы түріктерімен түбі бір туыстықты төмендегіше бейнелейді:

Япырмай, емес пе еді алтын Алтай
Анамыз бізді тапқан, асау тайдай?
Бауырында жүрмеп пе едік салып ойнақ,
Жүзіміз емес пе еді жарқын Айдай?!

Осылай Алтай бауырында еркелей ержетіп, есейген кезінде Ақ және Қара теңіздердің арғы жағына, қазіргі Анадолыға кетіп қалғанын, қалың жауға қарсы тарихта бұрын соңды болып көрмеген өз тәуелсіздігі үшін сұрапыл күресіп жатқандарын, ал өзінің қанша ұшам деп қанат қақса да ұша алмай қалғанын, жөн сілтер жан болмағанын, былайша жазған еді:

Мен қалдым – жас балапан қанат қақпай,
Ұшам деп ұмтылсам да дамыл таппай.
Жөн сілтер, жол көрсетер жан болмады,
Жауыз жау қойсын ба енді мені таппай?!

Ақын өзінің кеңестік жау торына түскенін, Түркістанның қызыл, орыс империалистерінің қараңғы қапасына қамалғанын, қорғасын оқтың жас жүректің қанын суша ағызғанын айта отырып, Анадолыдағы бауырларын еске алып:

Шарқ ұрып өрге ұмтылған түрік жаны,
Шынымен ауырды ма, бітіп халы?!
От сөніп жүректегі, құрыды ма
Қайнаған жүректегі ата қаны?!

– деп тебіренеді.

Ал Мұстафа Шоқай жүректегі оттың сөнбегенін, тамырдағы ата қанның құрымағанын, халқымыздың бойындағы түрікшілдік рухтың жоғалмағанын жазып, Мағжан Жұмабаев: «Құл боп тұру біздің атымызға лайық па» десе, «Жоқ, мүлде лайық емес! Біз құл болып тұра алмаймыз. Біз ұлт азаттығымызды аламыз. Мәскеудің «азабынан» құтылып, ұлт азаттығымызға тезірек қол жеткізетін бірден бір дұрыс жол – түрікшілдік жолы» деп жазды.

Мағжан Жұмабаевтың сол кездегі түрік елінің басынан өтіп жатқан қанды шайқастарда, қиын-қыстау шақта, жаулары жан-жақтан анталаған тағдырына алаңдап жазылған, бауыр халқымызға деген жанашырлық сезімдер тамаша көрініс тапқан, күллі түркі халықтарының ой армандарын жырлаған бұл тарихи өлең кейін бауырлас екі елдің достық ұранына айналған еді.

Мұстафа Шоқай да саналы ғұмырын ұлтының, бүкіл түркі жұртының азаттығы үшін күреске арнай отырып, «Түркістан» атымен атап 130-дан асқан, туысқан түрік халқы туралы бірнеше тілде отыздан астам мақала жазды. Ал 1932 жылы Түркия Ұлттар Лигасына ресми мүшелікке кіргенде: «Қай жағынан қарағанда да, Түркияның оған мүше болып енуі ол үшін айрықша маңызды тарихи оқиға. Түркия енді өзінің халықаралық жағдайын нығайтатын болады», – деп қуана жазған болатын.

Сөзімізді қорыта келіп айтарымыз: ұлыларды табыстырған Түркістан бүгінгі күні өз алдына іргелі аймақ болып, өзінің дамуында жаңа жолға түсті. Мұстафа Шоқай айтқан: «Большевиктер «Түркістан республикалар түрі – ұлттық, мазмұны – пролетарлық» деседі. ...Ал біздің мұратымыз – Түркістанда түрі жағынан да, мазмұны жағынан да ұлттық болатын мемлекеттік құрылымға қол жеткізу. Сонда ғана халқымыз өз жерінің нағыз қожасы бола алады» деген сөздер бүгін шындыққа айналды. Ал екі ардақтымыз тақырып еткен түбі бір Түркия – Қазақстан тәуелсіздігін алғашқы таныған елдердің бірі. Қазір әлем екі ел арасындағы саяси және экономикалық, қоғамдық және әлеуметтік қарым-қатынастардың сапалы деңгейінің куәсі болып отырмыз.

Әбдіжәлел БӘКІР,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры

Рүстем ЖАНЫАМАНОВ, *актер:*

КИНО БИЗНЕСКЕ АЙНАЛЫП БАРА ЖАТЫР

Талғамы жоғары көрермен Рүстем Жаныамановтың рөліне тамсанудан жалыққан емес. Актер бірде комедиялық рөлдерде бой көрсетсе, енді бірде боевик жанрдағы фильмге түседі. Ең қызығы, әр рөлі – жеке әлем, бір-бірін қайталамайды. Сондықтан шығар, Рүстем Жаныаманов кино өнерінде сұранысы жоғары актерлердің қатарында. Бірақ өнер иесінің өкініші де жоқ емес. Ол жайлы өзінен сұрадық.

ҚЫЛЫШБЕКТІҢ ҰРСЫП СӨЙЛЕЙТІН МІНЕЗІН ҰСТАЗЫМНАН АЛДЫМ

– Қазір экранда «Келінжан» сериалының бесінші маусымы көрсетіліп жатыр. Қалың көрермен фильмдегі философ, қиялшыл, ақынжанды, аккөңіл Қылышбекті жақсы көреді. Ал өзіңізге бұл рөл қаншалықты жақын?

– Қылышбектің рөлі – жан-жақтан жинақталған образ. «Қылышбек осындай болса екен деп» режиссер де, продюсер де өз ойын қосады. Одан кейін актер ретінде мен де өз тарапымнан біраз қимыл-қозғалыс қосамын. Осылай барлығымыз образды жан-жақты салыстырамыз. Продюсер мен режиссер «Ауылымызда осындай адам болып еді. Әрбір сөзін мақалдап, таза қазақша сөйлейтін білімді жан болды. Әпенділігі де бар» деп қызықты оқиғаларын айтып, әңгімелеп береді. Ары қарай актер ретінде образды жетілдіремін. Өмірде кездестірген, Қылышбекке ұқсас жандарды еске түсіремін. Мен мектеп-интернатта оқыдым. Сол жерде Бақытнұр Тәліпұлы дейтін ұстазымыз болды. Әлі күнге дейін сабақ беріп жүр. Өте білімді адам болатын. Сол ұстазымыздың тәлім-тәрбиесімен өстік. Әрқайсымыздың өмірбаянымызды, атыжөнімізді жатқа білетін. Бізді атымызбен атамайтын, «Жаныаманов» деп шақырып, сабақ сұрайтын. Маған ұстазымыздың қатал мінезі ұнайтын. Кей кезде Қылышбектің ұрсып сөйлейтін мінезін өз ұстазымнан алдым. Осылай жан-жақтан жинақталған образ. Қылышбек – маған ұнайтын өте жақын рөл. Шынайылықты беруге тырысқаннан кейін бе, халық та рөліме риза болып жатады.

– «Келінжанның» көрермен көзайымына айналуына басты себеп не?

– Халық «Келінжанды» көргенде, айнадан өзін көргендей болады. Ешқандай қоспасыз шынайы өмірді көрсеткеннен кейін халық сериалды «Мынау біз ғой» деп рахаттанып тамашалайды. Тіпті өмірде ешкім таза қазақша сөйлемейді ғой. Қылышбектің образына да «уже, потом» деген сөздерді қосқаным сондықтан.

– Көп киноға түсесіз. Сіз ойнаған рөлдер шынайылығымен көрерменге жақын. Образдарыңыздың әрқайсысы бір-біріне ұқсамайды. Жалпы, актерлік талант бойыңызға қанмен келді ме? Әлде термен келді ме?

– Шынымды айтсам, актерлік талант маған қанмен де, термен де келген сияқты. Неге десеңіз? Мен мектепте жүрген кезден бастап өнерге жақын болдым. Сурет салатынмын, еңбек сабағы ұнайтын. Сахнаға шығып қойылым да қоятынмын. Сол жағынан көп ізденетінмін. Жүректегі өнерге деген махаббатым мені бүгінгі күнге жетеледі. Ал өнер бойыма қанмен келді деп айтуымның себебі, анам актерлікке жақын болды. Бірақ сахнаға шықпаған, үйдегі әртіс болатын. Құрбыларына пародия салып, мені кішкентай кезімде күлдіретін. Мен «Мама, тағы да айтшы. Ана тәте қалай сөйлейді?» деп қайта-қайта сұрай беретінмін. Ал әкемнің ағасы – мықты суретші. Сол кісіден дарыған шығар, мен де сурет саламын.

Екіншіден, мен ұстаздарыма рақмет айтамын. Колледждегі Ерлан Кәрібаев атты мұғалімізден көп үйрендік. «Сен сахнада өтірік ойнап тұрсаң, ертең халық сенбейді» деп ұрсатын. Солай шынайы болуды үйрендік. Сосын белгілі режиссер Болат Атабаевты айтпай кетуіме болмайды. Болат аға менің адам болып қалыптасуыма, білімді болуыма үлкен әсер етті. Әрбір сөзінде Абайды мысалға келтіретін. «Қазір қазақ Абайды керек қылмай қалды» деп күйінетін. Сондықтан Болат ағайымыз бізді философияға үйретті десем қателеспеймін.

ҰСТАЗ КӨРГЕН АКТЕР ҚАТЕЛЕСПЕЙДІ

– Шынын айту керек, қазір көрерменді сендіретін қазақ кинолары азайып барады. «Ң»-ға тілі келмейтін актерді де көріп жүрміз. Бұл жас буынның жалқаулығынан ба?

– Кез келген маман ұстаздың алдынан өтуі керек. Ұстаз көріп, тәлім алған әртіс «ң, ә» деген әріптерден қателеспейді. Ізденбейтін актердің ішінде жалқаулық та, немқұрайлылық та бар. Өз басым, төл әріптерімізді бұзып сөйлейтін адамдарды ұнатпаймын. Бұл – өрескел қателік. Ойнап тұрған әртіс рөлін бүкіл елдің, Қазақстан халқының көріп отырғанын ұмытпауы керек. Ізденбей «ң»-ды «н» деп айта салуы – үлкен қателік.

– Соңғы кезде актерлер мен блогерлердің кино түсіруі тенденцияға айналып бара жатқандай. Қолында қаржысы бар адам режиссер, танысы бар жан актер атанып жүр. Бұл көрерменнің талғамын, қазақ киносының беделін түсіре ме?

– Шынымен де, қазір кино да, өнер де бизнеске айналып бара жатыр. Мұның қаншалықты дұрыс немесе бұрыс екенін білмеймін. Бір білерім, бұл үрдіс өнерге қастандық, қиянат жасап жатқандай көрінеді. Кино дегеніміз – ертеңгі тарих. Біз қартайып, өмірден өтсек те, артымызда кино ұрпаққа мұра болып қалады. Сондықтан шын жүрегімнен саналы туындылар жасалса екен деп тілеймін. Көш жүре түзеледі демекші, бір жағынан барлығының жаппай кино түсіре бергендері де дұрыс шығар. Осылай қазақ киносы дамитын шығар, көрерменнің талғам таразысы да қалыптасар деген үміт бар. Шыны керек, қазіргі кинолардың көбі – бір рет көруден аспайтын туындылар. Арзан әзіл, таяз ойлау сияқты проблемалар көп кездеседі. Бірақ оларға «қой» деп айта алмаймыз. «Қой» десек те кино түсіргендерін қоймайды. Сондықтан әліптің артын бағу керек. Өзім осы бір толқынның бізді қайда апара жатқанын бақылап жүремін. Әйтеуір қазақ киносы дұрыс жолға түссе екен деп тілеймін. Мысалы, кезінде Оңтүстік Корея жаппай кино түсіріп кетіпті. Ішінде керегі де, керексізі де болған. Тек комедия түсіріпті. Кейін олар комедия

түсіруден де жалығыпты. Сосын Oldboy деген өз шындығы үшін күресетін азаматтың оқиғасын көрсететін боевик кино түсіреді. Бұл фильм кореялықтардың санасына сілкініс жасапты. Арзан комедияның керексіз екенін осы кино түсіндіріпті. Қазір Оңтүстік Корея ең мықты деген драмалар мен түрлі жанрдағы кинолар түсіріп жүр. Екінші жағынан, кез келген адамның кино түсіруі көрерменнің талғамын, қазақ киносының беделін түсіреді. Кино нарығы дамымай, осы деңгейде қалып қалуы да мүмкін. Ертең тағы бір блогер болмашы тақырыпты көтеріп, комедия түсіреді. Бірақ түпкі ойларының барлығы – ақша табу. Бұл айтпаса да түсінікті, бәрі алақандағыдай көрініп тұр. Барлығының көздейтіні – ақша. Байыса, қазақ байысын деп мен бір жағынан бұл үрдісті қолдасам, екінші жағынан көрермен ретінде сапалы туындылардың түсірілгенін талап етемін. Кішкене ой қосып, тың тақырып көтерсе деймін. Қоғамның санасына сілкініс әкелетіндей туынды түсірсе деймін.

МЕН ТЕАТРҒА РЕНЖУЛІМІН

– Болат Атабаевтың шәкірті екеніңізді көп адам біле бермейді. Жалпы өнер академиясында режиссер мамандығын оқыдыңыз. Бірақ неге ол жолды таңдамадыңыз?

– Иә, мен Болат Атабаевтың шәкірті болғанымда, ондай тұлғамен замандас болғанымда қуанамын. Білімін шәкірттеріне барынша беріп кетуге тырысқан, көкірегі ояу сондай тұлғалар көп болса екен деймін. Театр режиссурасын таңдамауымның себебі – мен театрға ренжулімін. Театрда қазір ескілік те, ескі көзқарастағы адамдар да бар. Театрға жаңалық әкелуге тырысатын режиссерлер бар. Бірақ сол жас режиссерлерге жол беретіндер аз. Баяғыдан келе жатқан адамдар заман ауысса да жастарға орын беруге асықпайды. Менің театрға ренжулімін деп айтуымның себебі бар. Мемлекеттік қуыршақ театрында жұмыс істеп жүріп, «Отыздан асып барамын» деген киноға түстім. Қуыршақ театры әкімдікке қарайтын. Кейін киноға түскенім үшін әкімдік мені шақырып алып, сұрақтың астына алды. Ренжісем де, бұл жағдайды еш жерге айтпай қоя салдым. Кейін Қаңтар оқиғасы болды. Біз «Бейбітшілік болсын, бәрі бейбіт жолмен шешілсін» деп өнер адамдары атынан жай ғана ойымызды айтқанымыз үшін бе екен, театр мені жұмыстан шығарып жіберді. Сонда өнер адамдары өз ойын айтпауы керек пе? Мен осыны түсіне алмаймын. Шығармашылық еркіндік пен мүмкіндік берсе екен деймін. Қазір менің қолым байлаулы. Себебі қолымда қаражат жоқ. Қаражатым жетсе, жүзеге асырғым келетін жобаларым бар. Тіпті кезінде Мәдениет және спорт министрі болған Асхат Ораловқа да хат жазып көрдім. Министр мән беріп те қараған жоқ. Содан қоғамда өнер адамдарын тыңдайтын ешкім жоқ екен ғой деген ойға келдім. Қазір бізде жастар туралы, балалар туралы кино жоқ. Осы мәселені қолға алып, балалар көретін әдемі туынды жасағым келген еді. Каратэ, футбол туралы балаларға контент түсіруге қолым байлаулы.

ТАРИХИ КИНОҒА ТҮСКІМ КЕЛЕДІ

– Арманыңызда жүрген рөл бар ма?

– Әрине, ондай рөл бар. Тарихи киноға түскім келеді. Бірақ бұл арманым қазір орындалмайтын сияқты. Өйткені өнер әркімнің қолында кетіп бара жатыр. Кімнің ақшасы бар – сол кино түсіреді. Осы мәселе мені қатты ойландырады. Өнер әлемінде жүргендіктен жаным ашиды. Жалпы әскер де, білім де – барлық сала дұрыс бағытта дамыса екен деп тілеймін.

– Сіз талғамы жоғары актерсіз. «Сержан братан» сияқты YouTube арнадағы сериалдарға түсуіңізге не себеп болды? Жалпы рөл таңдайсыз ба?

– Талғамы жоғары актер ме, төмен актер ме – оны бағалап жатқан ешкім жоқ. Қазір квнщик те, блогер де, актер де – бәрі бірдей. Сондықтан заманға сай нәпақамды тауып жүре беремін деп шешкенмін. Ұсыныс болса YouTube сериалдарға да түсе беремін. Өйткені заманның талабы сондай. Актердің талғамы ешкімге керек емес. Мен қазір «Қазақфильмге түсемін» деп отырсам, Қазақфильмнің кино түсіргенін, ремонты біткенін күтіп біраз жылымды жоғалтып аламын. Сондықтан таңдау жасамай, ұсынған киноға түсе беретін болып шешкенмін. Кәсіби актер болғаннан кейін біз ермексаз сияқтымыз. Кез келген рөлді ойнай алуымыз керек.

– Адам ретіндегі өмірлік ұстанымыңыз қандай? Бос уақытыңызда немен айналысасыз? Ән айтатыныңызды, күреспен шұғылданатыныңызды білеміз. Ел білмейтін қандай хоббиіңіз бар?

– Қазір «Сіздің қандай адам екеніңіз маңызды емес. Қандай маман екеніңіз маңызды» деген сөз жиі айтылады. Бірақ мен бұл пікірмен келіспеймін. Ең бастысы – адам болу. Бірақ адам болу да оңай емес. Бірінші, адам ретінде қалыптасып алу керек. Менің ұстанымым осындай. Бос уақытымды балаларыма арнаймын. Қолым қалт етіп босай қалса соларға кітап оқытуға тырысамын. Балаларымды жақсы азамат ретінде тәрбиелеуге ұмтыламын. Футбол, турникке тартылу, жүгіру, жүзу, волейбол сияқты спорттың барлық түрін өте қатты жақсы көремін. Бұл – бала күнімнен қалыптасқан әдет. Әлі күнге дейін спортпен шұғылданамын. Хоббиімнің бірі – сурет салу.

– Әңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан Көктем ҚАРҚЫН

Спойлер

THE GLORY: КЕК пен СЕЗІМ ТОҒЫСЫ

Соңғы жылдары дорама жанры әлемдік киносүйер қауым үшін үлкен қызығушылыққа ие бола бастады. Әсіресе, оңтүстік кореялықтар түсіретін түрлі тақырыптағы туындылар көп көрерменнің оң бағасын алуда. Бұл жолғы «Спойлерде» сондай жарқын картиналардың бірі – The Glory сериалы жөнінде айтып бермекпіз.

Былтыр Netflix платформасында тұсауы кесілген туынды үздік ондыққа енді, әлемнің 18 тілінде дубляждалды және 32 тілге аударылып, субтитрмен ұсынылды. 16 сериядан тұратын алғашқы сезонын дорамалардың шоқ жұлдызы дерсің. ТМД көрермендері үшін орысша қолжетімді болған сериал жергілікті жұртқа да ұнаған сыңайлы және оған бірнеше себеп бар.

Адамзатқа тән өшпенділік. Оңтүстік Кореяның кинематографистері адам баласының ақ ниеті мен қара пиғылының арпалысын суреттеуде асқан шебер. Кейіпкердің екі иығындағы періштенің әрқайсының қылқаламына себеп болатын мінез-құлық, әдет-әрекеттерді бейнелеудің балансын «әдемі» сақтайды. Бұрынғы көркем мінезді, асқан батыр һәм дана бас кейіпкер мен оның құбыжық қарсыласы туралы сценарийлер кемде-кем. The Glory сериалының бас кейіпкерінің өмірлік мақсаты – өзіне қиянат қылғандардан кек алу. Мун Донг-ун есімді орта жастағы әйел бұл миссияға көп жыл дайындалған және ештеңеден тайынбақ емес – адам баласына тән қамқорлық, жылылық, мейірім, махаббат сынды сезімдерден ада һәм оған әдейілеп ерік те бермейді. О баста ішкі сезімі әбден өшпенділікке толған бейбақтың адам ретінде саналы өмірі өліп тынған. Өлместің бейшара күнін кешкен әйелдің кек алу жоспары «керемет», бүге-шүгесіне дейін ойластырылған. Фильм барысында Мун Донг-унның көрген қорлығы ешуақыт ұмытылмайтын қорқыныш естеліктер ракурсынан ұсынылып отырады. Мұндай фрагменттер қанша жерден аяусыз көрінсе де, кейіпкердің кек алу мотивін ақтап алып, керісінше, көрерменнің мейлінше қатаң жазалауға «ынтасын» оятады. Дорамының «болмысы» баяу, ешқандай экшн, атыс-шабыс, қантөгіс жоқ, көбіне көп адам психикасының қалауын қанағаттандыруға бағытталғандай. Өмірінде тиіттей болсын қиянат һәм қорлық көрген адамның кек алуға деген ынтасы болатыны ұғынықты-ақ. Сол фокустан алғанда фильм кейіпкерімен тағдырлас (бұған баршамыз кіреміз, бәлкім) көрерменнің Мун Донг-унның аяусыз бастамасына еріксіз қолдау көрсеткісі келетін «ниеті» мен сөйте тұра, түрлі наным-сенім мен пәлсапа жетегіне ілесіп, жақсылықтан үміт етіп, бәлки қандықол болудың жауапкершілігінен қорқып «шіркін-ай, кешіре алса ғой» дейтін арманы, бұл арадағы психологиялық арпалыс тәнті етпей қоймайды.

Әлеуметтік проблема. Комедияның өзіне әлеуметтік астарын беретін кореялық киногерлер бұл фильмде елдегі, тіптен әлемдегі аса өзекті мәселені көтерген – мектептегі буллинг. Мун Донг-ун – орта сынып оқушысы, әкесі жоқ, шешесі «аты бар, заты жоқ», ішімдікке, ақшаға құмар, отбасы құндылықтарынан ада әйел. Кедей-кепшіктің балаларына қиянат жасайтын баяғы байоғландардың балаларына ешкімнен тоқтау болмаған соң, олар ойына келгенін істеп, қорлық көрсетудің адам санасына кіріп-шықпайтын жан түршігерлік айла-тәсілін ойлап тапқан. Буллингке шыдамай бірінен соң бірі суицид жасап жатқан жеткіншіктердің тағдырына алаңдайтын ешкім жоқ: ата-анадан да, мектеп басшылығынан да, құзыретті мекемелерден де қайран жоқ. Дорамада күні бүгінге дейін өзектілігін жоғалтпаған проблеманың көп түйткілі көтерілді, көрерменнің қызу талқысын туғызған бір себебі – осы.

Махаббат. Иә, иә! Махаббатты ұлықтауда кәрістер ешкімге жол бермейді. Дорама десе тәтті сезім, ыстық ықылас, махаббат үшін күрес һәм соның жолындағы құрбандықты еске алатынымыз да сондықтан. Әлеуметтік проблема көтеріп, өшпенділік сезімін сценарийге арқау еткен фильмде тәтті сезімге қайдан орын болсын дейтін шығарсыз?... Орын бар, өйткені «махаббатсыз дүние бос», адамның болмысы сондай. Бұл ұлық ұғымды насихаттауда кореялық кинематографтар өте шебер. Дорамада барлық жылы сезімнен ада болған Мун Донг-унға жас пластикалық хирург Джу Йочонды жұптайды. Өшпенділік сезімі бұл кейіпкерге де бейтаныс емес. Хирург әкесі өмірге өкпелі, ақыл-есі дұрыс емес азаматқа ота жасау кезінде соның қолынан қаза табады. Джу Йочон түрмеге тоғытылған қылмыскерден кек алғысы келеді. Бәлки осы себептен Мун Донг-унмен бейсана деңгейінде ұғысатындай. Фильмде көкірегі ашу-ызаға толы екеудің сезімі баршаға қалыптан тыс сипатталады, тіпті, бір көргенде, бәріне түсініксіз һәм түсінікті романтика бар – Джу Йочонның «Тек қалай өш алғың келетінін айтшы, сен үшін мен кек алуға дайынмын» дейтіні жүректі елжіретпей қоймайды.

P.S.

The Glory дорамасының басты кейіпкері – өте танымал актриса Сон Хе Ге («Нар тәуекел», «Жүрегімде қалған күз», «Ыстық ұя» және тағы басқа фильмдерден көрерменге таныс). Бұл да туындының көп көрсетілім жинауына септігін тигізсе керек. Дорама қызық аяқталады: барша жауынан кек алып, оларды қан жылатып, енді суицид жасауға бекінген Мун Донг-унды Джу Йочонның анасы тоқтатады. «Менің ұлыма сен керексің, ол да өшпенділіктің қамытын киіп, азабын тартуда» дейді шешей. Мун Донг-унның ендігі амал-әрекеті мен әрі қарайғы өмірін 2 сезоннан көретін боламыз. Бүгінге дейін дыбысталып үлгерген жаңа маусым келер жылы көрсетіледі деп күтілуде.

NooNah

Бүгінде тарихы ғасырға жуықтаған Алматыдағы Ғабит Мүсірепов атындағы театр талай буынды тәрбиелеп, небір талант иелерінің өнерін халыққа паш етіп келеді. Ынтымағы айрандай ұйыған ұжымда аға буыннан бастап қазіргі жас буынға дейін қызмет етеді. Олардың ішінде, әсіресе өмірінің 50 жылын театр сахнасына арнаған Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Гүлжамал Қазақбаеваның театрдағы орны бөлек.

Гүлжамал ҚАЗАҚБАЕВА, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі:

Театр - ҮЛКЕН СИНТЕЗДІ ӨНЕР

– Бүгінде Ғ. Мүсірепов театрының сахнасында Бәйділда Қалтаев, Әмина Өмірзақова, Сәлима Саттарова, Мұхтар Бақтыгереев сынды театр корифейлерінің ізі қалған. Сол саңлақтар сомдаған рөлді абыроймен жалғастырып келе жатқан өнер иелерінің бірі өзіңізсіз. Сұхбатымызды қазіргі шығармашылық тынысыңыздан бастасақ.

– Мен келгелі бұл театрда төрт буын ауысты. Алдыңғы буынғы ағалар, кейінгі буынғы інілер болды. Біз сол буынмен жұмыс істедік. Қазір біздің де қатарымыз сиреп қалды. Бірге істеген әріптестерімнің біразы басқа театрларға ауысып кетті, кейбірі өмірден өтті. Әрине, сахнада бірге өнер көрсеткен серіктестерімізден айырылу өте қиын. Құдайға шүкір, артымыздан үлкен буын келе жатыр. Жастар мен балаларға арналған театр болғандықтан, егде жастағы адамдарға рөл шектеулі. Мысалы, репертуарларда үлкен адамдардың рөлі аз кездеседі. Бірақ режиссерлер біз үшін рөл арнап қоятын кездер болады. Рөлден кенде емеспіз. Қазір театрымызда Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі» атты қойылымы бар. Қойылым балалық шағы соғыс кезеңіне тура келген тылдағы балалардың жағдайы, әйелдердің тартқан тауқыметі жайында. Мен басты кейіпкердің әжесін ойнаймын. Кезінде анамның жалғыз бауыры соғысқа 16 жасында сұранып кеткен екен. Комсомолға да жасын ұлғайтып өткен. Өзі сурет салатын талантты жан болды. Сол кісі майданға кетіп, бірақ қайта оралмады. Нағашы әжеміз соғыс жайлы кино көрсе: «Қазір менің Әкімбайым шығып қалады», – деп теледидардың алдында отыратын. Сонда біз: «Апа, ол кино ғой. Кинодағы ішінде баланыз жоқ», – дейміз. Бірақ сенбейтін. Өмірінің соңына дейін баласын күтіп өтті. Сондықтан мен «Жусан иісі» қойылымындағы рөлімді нағашыма арнап ойнаймын. Театр деген үлкен синтезді өнер ғой. Тіліміз, салт-дәстүріміз театрда сақталады. Оқу деген бір бөлек, ал актер арқылы сол дүниені сахнада көрсеңіз, әсері тіптен бөлек.

– Өнерге қызығушылығыңыздың оянуына кезінде атаңыздың оқытқан жырлары әсер еткен екен...

– Ата-әжем қарапайым, шаруаның адамдары еді. Атам өте еңбекқор адам болды. Тоқсаннан асқанша малын қарап, тіпті самаурынға ағаш жарып беріп отыратын. Сонда «ішкен тамағыңды ақтап ішу керек» деп айтып отырушы еді. Ол кезде сөздің мәніне бара бермейтін шағымыз ғой. Уақыт өте келе ұғындық. Көкірегі ояу, көзі ашық адам болды. Біз әлі хат танымай тұрғанда жырларды әкеміз, әкемнің інілері оқитын. Одан кейін біз оқыдық. Бізден кейін сіңлілеріміз оқыды. Соның бәрін атам жатқа білсе де, бізге оқытатын. Жырды оқығанда Құртқаны, «Қозы Көрпеш – Баян Сұлудағы» Баянды көз алдыма елестетіп отыратынмын. Осының бәрі титтей жүрегіме әсер етіп, өнерге ғашық болған шығармын. Мен өнер жолын оқу бітіргеннен кейін Шымкент театрында бастағанмын. Шымкентте сегіз жылдай жұмыс істеп, сосын өнердің қайнаған ортасы – Мүсірепов театрына келдім. Осы үшін өзімді бақытты санаймын.

– Білуімізше, сол кезеңде театрлардың репертуарында бірдей қойылымдар болса, әртістер тәжірибе алмасу үшін рөлді бір-бірімен алмасып ойнайтын үрдіс қалыптасқан деседе...

– Қазір бұл үрдіс театрларда анда-санда бой көрсетіп қалады. Мен Шымкентте жұмыс істеп жүрген кезде КСРО Халық әртісі, Ақтоқты рөлін тұңғыш сомдаған актриса – Шолпан Жандарбекова есімді кісі болатын. Ол оттай жанып тұрған опера әншісі Құрманбек Жандарбековтің жары, оңтүстіктің келіні еді. Алғашқы опера театрын ашқан қарлығаштар ғой. Шымкент халқы Шолпан апайды біздің келініміз, жеңгеміз деп құрметтейтін. Сонда ол өзі қалаған уақытта келіп, қойылымдар қоятын. Бір кездері Шолпан апай Шымкент театрына келгенде «Қобыланды» қойылымының дайындығы өтіп жатты. Ал мен Құртқаның рөлін ойнамақшы болдым. Бұл театрдағы екінші рөлім еді. Алғашқысы – Башқұрт драматургі Мустай Каримнің «Ай толған түн» қойылымындағы Зүбәржаттың рөлі. «Қобыланды» жаңадан қойылып жатқан қойылым болғандықтан, Шолпан апай дайындықты көруге келді. Сонда ол: «Мен Құртқаны ойнамай-ақ қояйын. Жас актриса Гүлжамалдың жолын кескендей болмайын. Премьерада өзі ойнасын. Мен костюмімді сыйлаймын», – деп маған Құртқаның рөлінде ойнайтын костюмін тарту етті. Бұл сәтті өмір бақи ұмытпаймын. Үнемі айтып жүремін. Шолпан апайдың даналығына, өзінен кішіге деген құрметіне риза болдым. Енді ол екінің бірінің қолынан келе бермейтін дүние ғой.

– Сенім артып, рөлін сізге табыстаудың да өзіндік себебі бар шығар?

– Академия жанынан құрылған екі жылдық студияны бітірген кезіміз. Біздің алдымызда Әнуар Молдабеков, Роза Әшірбекова, Салиха Қожақовалар бітірген. Арадан он жыл өткеннен кейін қайта ашылған студия еді. Актерлер жетіспейді. Сол кездері 30-40 актер бар шығар, ал қазір өте көп. Жыл сайын қаншама студент актерлік мамандықты бітіреді. Олардың барлығын театрдың қабылдауға мүмкіндігі жоқ. Біз сонда күнделікті өтетін көпшілік сахнасына қатысатынбыз. Күндіз оқимыз, кешкісін қойылымға қатысамыз. Осы екі жылда Серке Қожамқұлов, Сәбира Майқанова, Хадиша Бөкеева, Нұрмұхан Жантөрин, Ыдырыс Ноғайбаев, Шолпан Жандарбековамен бірге сахнада жүріп, сол кісілердің ойынын көрдік. Дауысын естіп, құлағымызға сіңіріп өстік. Оқуымды бітірген сәтте Шолпан апай маған: «Осында қал, Ақтоқтыны ойнайсың», – деп айтқаны есімде. Мүмкін, студент кезімде көзіне түсіп, көңілінде қалдым ба екен...

– Республикалық деңгейдегі театр табалдырығын аттауыңызға Маман Байсеркенов, Сәкен Жүнісовтердің әсері тиген көрінеді...

– Мүсірепов театрының табалдырығын аттауыма отбасылық жағдай себеп болды. Алматыға, өнердің нағыз ортасына кеткім келді. Мүсірепов театрының артындағы субұрқақтан үш күн бойы айналып, театр табалдырығын аттауға батылым жетпей жүрді. Мұнда керемет адамдар жұмыс істейді, мен оларға лайық емес сияқтымын деген ой болатын. Туысқанымыздың үйіне барғанда жеңешем бастыққа кіргенім жайында сұрайтын. «Бүгін бастық жоқ екен», – деп қоям. Бастықтың алдына кіре алмадым деп айтпаймын. Маман Байсеркенов бұл кезде Мәскеуде, жоғары режиссураны тәмамдап келген. Шымкентке келіп Сәкен Жүнісовтің грек ақыны, композитор Микис Теодоракис жайлы жазған «Қапастағылар» атты қойылымын қойған. Мен адвокат қыздың рөлін сомдадым. Алматыға келгенде көріп тұрып, аман-саулық сұраспай кетуге ұялдым. Ертесі күні осы театрға келдім. Басында театр директоры облыстық театрдан әртіс алмайтынын айтты. Өйткені облыстан 2-3 әртіс алған соң олардың рөлдері тоқтап қалған екен. Министрліктен сөгіс алған кезеңі ғой. Ал мен артымнан ешкім шағым айтпайтынын, себебі театрдың рұқсаты бойынша отбасылық жағдаймен келіп отырғанымды айттым. Мүсірепов театрына осылай орналасқан жайым бар.

– Театр сахнасының талай саңлақтарымен сахналас болдыңыз. Есіміңіз сол кісілердің есімімен қатар жүрді. Әсіресе, Әмина Өмірзақовамен талай сапарлас болғаныңыздан хабардармыз. Театрсүйер қауымның жадында сақталған бұл кісілер жайлы көпшілік біле бермейтін қандай естеліктермен бөлісер едіңіз?

– Әмина апаммен «Күшік күйеу» қойылымын қою үшін еліміздің біраз өңірін араладық. Бұл қойылым он жылдай сахнадан түскен жоқ. Сонда Әмина апамен серіктес болдық. Қай жерге бара қалсақ та, еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін таниды. «Тайлақтың шешесі келіпті», – дейтін. Қонақ үйлер жоқ болғандықтан, үйлерге түсіріп құрмет жасайтын. Мен Әмина апаның қасында болдым. Сол әртістер түскен үйге ауылдың бәрі Әмина апаны тірідей көреміз деп келуші еді. Халықтың өнерге, Әмина апаға деген құрметіне куә болдым. Қойылымнан кейін конверт ұсынатын дәстүр болатын. Қазір шапан жауып жатады ғой. Қойылымды аяқтаған соң автобусқа отырғанда Әмина апа келіп «Мә, саған» деп бәрімізге ақшасын бөліп беретін еді. Біз болсақ мәз болып қаламыз. Көңілі кең, жайдары, басында қандай қиындық болса да жасымайтын, кеудесін тік көтеріп жүретін адам еді. Әмина ападан үйренер қасиет өте көп.

– Сұхбатыңыздың бірінде Күләш Қажығалиева, Лидия Кәден сынды әріптестеріңіздің қазіргі заман тілімен айтқанда, «комфорт» серіктес екенін тілге тиек етіпсіз. Ал қазіргі жаңа толқыннан кімдерді атап өтер едіңіз?

– Арада қаншама жыл өткен соң «Күшік күйеудегі» Әмина апамның рөлін мен ойнадым. Біртуар талант иесі, режиссер марқұм Жанат Хаджиев сол қойылымды қайтадан қойды. Сонау 70-жылдарда қойған екен. Кейін 90-жылдары қайта сахнаға алып келді. «Күшік күйеу» қойылымында менің қызымның рөлін Жанар Мақашева ойнады. Жанарды жаныма жайлы болған серіктес, талантты актриса деп айтар едім. Қазір таланттылардың шоғыры ізімізді жалғап келе жатыр.

– Баян, Құртқа, Ақтоқты, Әсел, Бопай ханша, Шолпан, Офелия, Алуа... Түрлі тағдыр иелерінің бейнесін сомдадыңыз. Жаныңызға жақын рөл қайсысы?

– Қазіргі жұмыс орным балалар мен жастарға арналған театр болғандықтан, бізге арналған рөлдің шектеулі екенін айтып едім ғой. Мысалы, бұл театрда «Қобыланды» қойылмайды. Құртқаны, Ақтоқтыны, Баянды Шымкент театрында ойнадым. Баяғыда көз алдымнан өтетін эпостағы бейнелерді сахнаға шығардым. Сондықтан өзімді арманы орындалған актриса деп ойлаймын. Рөлімнің барлығы дерлік жаныма жақын болды. Әрбір рөлің – ішіңнен шыққан баладай. Барлығын жүрегіңнен, әрбір тынысын, тағдырын, кезеңдерін басыңнан өткізіп сахнаға алып келесің. Жайдан-жай автордың жазып берген сөзін айтып шыға салу – қате. Рөлдің артында күлкісіз күндер мен ұйқысыз түндер жатыр. Сондықтан әрбір рөлім мен үшін қымбат.

– Ал сіздің есіміңізді естігенде халық елең етіп еске алатын рөліңіз қандай?

– Мұхтар Әуезовтің «Алуасы» деп ойлаймын. «Алуа» қойылымы жарыққа шыққан кезеңде халық қыздарына Алуа есімін қойып жатты. Өйткені бұл қойылым театрымызды белеске шығарды. Үлкен ғұлама актеріміз, педагог, режиссер Райымбек Сейтметов 30 жыл бойы сахналанбай, шаң басып жатқан қойылымды сахнаға қайта алып келді. Қазақстанның аяқтан тұру кезеңдері, сұрапыл соғыс уақыты қойылымда қадау-қадау баяндалады. Болыстың есігінде күң болып жүрген 13 жасар қыз Азия, Африка елдерінің конгресінде қазақтың атынан сөз сөйлейді. Осы оқиғалардың бәрін екі сағаттың ішіне сыйдырған. Ол бір өзі кино секілді қойылым еді. Сондай-ақ «Алуа» қойылымы резонанс тудырған қойылым ретінде есте қалды. Қойылымның арқасында қоюшы-режиссеріміз Райымбек ағай, Мұхтар Бақтыгереев, Мәкіл Құланбаев және мен Мемлекеттік сыйлықты иелендік.

– Рөліңіз тағдырыңызға қаншалықты әсер етті? «Заманақыр» қойылымындағы Салиханы сомдаймын деп шашыңыз ағарып кеткен екен...

– «Заманақыр» Олжас Сүлейменов пен Баққожа Мұқаев бірігіп жазған Семей полигоны жайлы қойылым болатын. Заманақыр десе заманақыр... Халықтың басына түскен нәубет, 40 жыл бойы жер астында, үстінде жарылған бомба. Әлі күнге дейін халқымыз Семей полигонының зардабын тартып келе жатыр. Басты кейіпкердегі әйелдің күйеуі соғысқа кетеді. Өкінішке қарай, күйеуі соғысқа аттанғаннан кейін хабарсыз кетті. Сол заматта әскери адамдар көлікпен бүкіл ауылға келіп жарылыс болатынын, тезірек көшу керек екенін ескертеді. Ал әйел көшпейтінін, жолдасы келсе өзін таппай қалатынын, шаңырағын құлатпай осында қалу керек екенін айтады. Бір қызы, бір ұлы болды. Қызы тұрмысқа шығады. Әскерилердің елге келіп ескерту жасауы тура қызының тойы күні болады. Қызы жеті бала табады, бірақ жетеуін де жер қойнына береді. Жетінші баласы атом бомбасының кесірінен аяқ-қолы жоқ томар болып туады. Өмірде томар бала бар деп талай газетке де шықты ғой. Жетінші баласы туғанда мұндай тауқыметті көрген күйеу баласы асылып өледі. Қызы жынданып кетеді. Кіші баласы жарылған бомбаға қараймын деп көзінен айырылып, соқыр болып қалады. Осыншама трагедияны басынан кешірген кемпір ең соңында тас мүсінге айналады. Дәл осы қойылымға дайындалған кездері шынымен де шашыма ақ түсті. Рөліңді өтірік жасай алмайсың ғой. Оны күнделікті басыңнан өткересің. Жылайсың, жүрегіңнен өткізесің. Соның барлығы жаныңа әсер етпей қоймайды.

– Ақсу-Жабағылы қорығында түсірілімде болған кездеріңізде Бикен апа сізге ақыл-кеңесін айтқан көрінеді. Тіпті, кеңесін жүзеге асыру үшін қалың дәптер сатып алыпсыз. Сол кеңес қазір жүзеге асты ма? Келешекте ғұмырыңыздан сыр шертетін күнделігіңізді оқуымыз мүмкін бе?

– Бикен апа екеуміз жиырма күн бойы бір түсірілім алаңында болдық. Екеуміз әңгімелесіп, сырласатынбыз. Бикен апа деген бір ғұлама адам. Ол кісі – драматург Шахмет Құсайыновтың жұбайы. Бикен апа: «Мен қазір өкінемін. Сен менің қателігімді қайталама. Жолдасым күнделік түртіп жүр дейтін. Сонда мен бір үйге бір жазушы жетеді ғой деп елемеуші едім. Гүлжамал, сенің сөз саптауыңа қарап қолыңа қалам алып, жазуың тиіс деп ойлаймын. Күнделік жазсаңшы. Кітап бастап кет демеймін. Саған әсер еткен күнделікті оқиғаларды қағазға түртіп отыр. Кейін ол саған үлкен көмекші болады», – деп айтып еді. Сол бір керемет әсермен ертесіне барып дәптер сатып алғам. Бірақ ештеңе жазбағандықтан, сол күйі қалды. Бірақ өзіммен бірге сахнада серіктес болған әріптестерім жайлы жазғандарым сақтаулы. Мен 70 жасқа толғанда кішкентай кітап шыққан. Әріптестерім жайлы жазған естеліктер сол кітапқа енген. Сонау жылдары Сейітхан Есенқұлов есімді актер өткен. Ағамыз 50-ге толғанда сол кісі жайында жазбақ болған екенмін. Жасы 60-қа келгенде жазған дүниемді қайта жалғап, әріптес аға-әпкелерімізден Сейітхан аға жайында сұхбат алған екенмін. Жақында ғана қағаздарымды ақтарып отырып сол естеліктерді тауып алдым. Бірақ олар, өкінішке қарай, жарыққа шықпай қалды. Бүгінде театрымыздың 80 жылдық мерекесі келе жатыр. Мереке қарсаңына орай кітап шығару қолға алынады дейді. Сол бір кітапқа көпке ұсынылмай қалған дүниелерімді қоссам ба екен деген арманым бар.

– Театр сахнасы актерден қандай қасиеттерді талап етеді?

– Актер барлық жақсы қасиетті бойына жинаған адам болуы керек шығар деп ойлаймын. Сонда ғана сахнадан халыққа сөз айтуға құқығын болады.

– Өнерден бөлек бала тәрбиесіне қатар көңіл бөлетін жансыз. Қоғамда қалыптасқан жағдайға, бала тәрбиесіне, ұрпақ құндылықтарына көзқарасыңыз қандай?

– Заман деген соншалықты тез өзгеріп, бетбұрыс жасап жатыр ғой. Уақыт зымырап барады. Қазіргі жастар жайлы пәлен деп айта алмаймын. Бүгін осындай болса, ертең басқаша. Қазақ деген ұлы халықтың қадір-қасиетін, тілін, дінін, ділін бағалайтын ұрпақ өссе екен деп армандаймын. Қазір толып жатқан ағымдар жастарымызды шырмауына орап кетіп жатыр. Қазіргі қоғамның жастары – бағынудан тайып, уысымыздан шығып кеткендей әсер етеді.

– Немерелеріңіз театрға жиі бара ма?

– Менің ең үлкен сыншым – үлкен немерем. Театрды жақсы көреді. Әрбір рөлімді тамашалап, қателік болса ескерту айтады. Немерем Айша «Құлагер» қойылымын 19 рет көрген. Екі актерлік құрамның ойнағанын көріп, соңында бір-бірімен салыстырады. Сырт көзбен қарағанда немеремнің айтатын сын пікірі орынды деп есептеймін.

– Қазіргі театр өнерінің жай-күйіне қалай баға бересіз? 80 жылға жуық уақыт ішінде неге қол жеткізді, нені жоғалтты?

– Ғ.Мүсірепов театры – республика бойынша алдыңғы қатардағы өнер ордасы. Біз қазір дүниежүзін мойындаттық. Енді өнердің мақсаты да мойындату емес пе?! Әлем қазақ өнерін мойындап жатса, одан артық не керек?! Ал нені жоғалттық деген сұрағыңызға келер болсам, ең бірінші, өзімізге қымбат адамдарды жоғалттық қой. Сахналас болған талай талант иелерінен айырылдық. Артымызда жастығымыз, жақсы күндеріміз қалды. Жоғалтқан дүниеміз осы шығар, бәлкім...

– Сұхбатыңызға рақмет! Ғұмырлы болыңыз!

Сұхбаттасқан
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

«ОВЕРТОН ТЕРЕЗЕСІ»:

Технологиялық прогресс пен қоғамның қарыштап дамуы мәңгілік құндылықтарды ығыстыруы мүмкін бе? Адамзат өркениетке құлаш сермеген сайын моральдық нормалар «сәннен» қала ма? Кезінде атын естісе, өре түрегелетін тақырыптар, жағымсыз құбылыстар бүгінде қалыпты жағдайға айналып бара жатқан жоқ па? Осы сауалдардың жауабын іздеп, мұндай құбылыстарды қарапайым түсіндіретін «Овертон терезесі» тұжырымдамасы жайлы сөз қозғасақ дейміз.

Наурызбек САРША

КӨП САТЫЛҒАН БЕСТСЕЛЛЕР

АҚШ-тың Мичиган штатында Mackinac Center for Public Policy орталығы бар. Бұл орталық осы штатта өмір сүретін халықтың өмір сапасы мәселелерімен (экономика, салық, бюджет, білім беру, медициналық сақтандыру, еңбекпен қамту) айналысады. Олар түрлі әлеуметтік мәселеге қатысты қоғамдық пікірді зерттеп, халық арасында сауалнама жүргізіп, өздері орынды, пайдалы деп санайтын тың идеяларды бұқараға насихаттайды. Осындай ғылыми маңызы бойынша бұрын ешқашан еленбеген американдық қарапайым орталықтардың бірінде электр инженері әрі заңгер Джозеф Овертон бақандай 13 жыл жұмыс істеген. Ол жоғарыда аталған теорияны 1990 жылдардың ортасында ойлап тапқан. Оның осы орталықтың вице-президентіне дейін көтерілгенін атап өткен жөн. Ал 2003 жылы ол әуе апатына түсіп қайтыс болған соң оның теориясы туралы айтылып, кеңірек тарай бастайды. 2010 жылы Mackinac орталығының президенті Джозеф Г.Леман жазушы және саясаткер Гленн Бекпен кездесіп, оны осы тұжырымдамамен таныстырады. Бек оның негіздерінен фантастикалық триллер «Овертон терезесі» кітабын жазып шығады. Белгілі қоғам қайраткері Бекболат Тілеуханның журналист Нартай Аралбайға берген сұхбатында «Сен «Окно Овертонаны» оқыдың ба, оқымасаң сенімен қалай әңгімелесемін?» дейтіні – осы кітап. Бұл кітап «саясаткерлер әлеуметтік нормаларға бейімделеді» деген негізгі тезисті өзгертіп, «саясаткерлер, керісінше, әлеуметтік көзқарастарын өз қажеттіліктеріне қарай өзгертеді» деген ойды меңзейді. Бектің кітабы 2010 шілдеде шыққан кезде Нью-Йорк Таймс бестселлер тізімінде жоғары рейтингке көтерілген. Роман Amazon-да да көп сатылған кітаптардың қатарына енеді. Бірақ оқырмандардың көпшілігі көркем әдебиетті таза шындық деп қабылдайды және сипатталғанның бәрі шынымен болып жатыр немесе болады деп шешті. Ал өз кезегінде жазушы мұны ғылыми негізде жазылған фантастикалық еңбек деп бағалаған болатын. Осылайша, жазушы еңбегінен соң аталған теория өзінің әлеуметтану саласында танымалдық кезеңіне жол ашты.

БҰЛ ҚАНДАЙ «ТЕРЕЗЕ»?

Овертон терезесі – бұл белгілі бір идеялардың қоғамдық пікірден бұрын қалай заңдастырылатындығын және осыдан азаматтар тобы сол идеяларға қалай бейімделетінін түсіндіруге көмектеседі. Мәселен, XX ғасырдың бас кезінде Америка билігі қоғамның азғындауына қарсы күрес жүргізіп, 1914 жылы билік әйелдердің жағажайда жалаңаштануына тыйым салды. Жаңа заңның орындалуын қадағалау мақсатында суға түсетін киімдердің тізеден жоғары болмауын қадағалайтын арнайы полиция қызметі құрылып, заң бұзғандар қатаң жазаланатын. Киімдері талапқа сай келмеген келіншектер бірден тұтқындалып, айыппұл төлеуге мәжбүрленді. Міне, осындай заңды қабылдаған алпауыт мемлекет бүгінде біржынысты некеге заңды түрде рұқсат берген елдер қатарында. Тіпті, көшеге жалаңаштанып шеру өткізуіне де қарсылық танытпайтын деңгейде. Ал әлеуметтанушылар мен сарапшылар қоғамның мұндай дәрежеге «Овертон терезесі» арқылы жетеді деп есептейді.

Иә, «Овертон терезесі» қоғамдағы идеялардың уақыт өте келе қалай өзгеретінін және саясатқа қалай әсер ететінін түсінуге арналған үлгі болып табылады. «Терезеде» алты фаза бар: ақылға қонымсыз, Радикал, Ықтимал, Ақылға қонымды, Көпшілікке таныс және Саяси маңызды.

Алғашқысы – «Ақылға қонымсыз» кезең, бұл кезеңде жоқ жерден бірден көтерілген тақырыпты халық қабылдай алмай, қоғамда резонанс туады. Екінші «Радикалды» кезеңде қасақана халықтың ашуына тию, солайша мәселеге көңіл аудартып, талқылату басты мақсат болады. Жаға ұстатарлық дүниелер туралы ақпаратты бұқараға күшпен тықпалау басталады, тіпті ғылыми симпозиумдар мен дөңгелек үстелдер де ұйымдастырылуы мүмкін. Бұған дейін де сол тектес оқиғалардың болғаны, тарихи дәлелдер келтіріледі. «Түсінуге ұмтылу» кезеңінде қоғам бұл мәселеге бұрынғыдай тосырқап қарамайтын болады, «түсініп көруге болатын сияқты» дегендей екіұдай ой туады. «Ақылға қонымды» кезеңде жаңағы мәселе қалыпты дүние ретінде қабылдана бастайды, ел алдында жүрген танымал адамдар жақтаушылар мен даттаушылар болып екіге жарылады. Келесі «Танымал ету» кезеңі өте қауіпті саналады. Бұл сатыда әлгі мәселе «сары» басылымдар мен рейтинг қуған ток-шоулардың сүйікті тақырыбына айналып шыға келеді, солай «Қоғамдағы қалыпты жағдай» кезеңі басталады. Бұл кезде алғашында қарсылық тудырған нәрсені ешкім жатырқамайтын болады, соған қатысты заң да пайда болады, халық ішінде қарсы пікірлер айтылуы мүмкін, бірақ ешкім де кедергі бола алмайды.

> *«Овертон терезесі» қоғамдағы идеялардың уақыт өте келе қалай өзгеретінін және саясатқа қалай әсер ететінін түсінуге арналған үлгі болып табылады. «Терезеде» алты фаза бар: ақылға қонымсыз, Радикал, Ықтимал, Ақылға қонымды, Көпшілікке таныс және Саяси маңызды.*

Мысал ретінде гомосексуализмді алайық. Бұл құбылыс бұрынғы ғасырларда болған кезде өте ұятты нәрсе болып саналушы еді. Егер біржынысылардың некесін заңдастыру мәселесі бірден көтерілгенде не болар еді? Әйелдердің қысқа киім кигеніне үрке қарайтын қоғам ондайларды сол сәтте-ақ жоқ қылар еді. Сондықтан да бұл кезеңге «ақылға қонымсыз» деп ат берілді. Қоғам біржынысылардың барын білсе де, оларды түсінуге тырыспады. Қайта шошына қарап, бойларын аулақ салуға тырысты. Екінші радикалды кезеңде азғындықты ту етушілер ашық шабуылға көше бастайды. Олар қасақана халықтың ашуына тиюді, сөйтіп біржынысылар мәселесіне көңіл аударып, талқылауын қалайды. Өзгеше адамдар туралы ақпаратты бұқараға күшпен тықпалап, жұрт назарын аударады. Тіпті, ғылыми симпозиумдар ұйымдастырып жіберуі де мүмкін. Мәселен, «Рим императоры да ер балаларды ұнатқан, біржынысылар адамзатпен бірге пайда болған» деген тәрізді дүниелер айтылады. Мұны қарапайым адамдар емес, беделді ғалымдардың аузымен айтқызады. Діни аңыздарды да мысалға келтіріп жіберуі мүмкін. Мәселен, Лұт қауымы. Үшінші терезе – Түсінуге ұмтылу кезеңінде қоғам біржынысылар мәселесін қызу талқылауға көшеді. Жұрт бұл мәселеге бұрынғыдай тосырқап қарамайды. Елең ете қалатын жаңалық емес. Қалыпты дүние. Біржынысылар туралы мақалалар жазылып, олардың тағдыры кинода көрініс тауып қалуы мүмкін. Ал оларды жақтау сәнге айналады. Төртінші терезе, яғни ақылға қонымды кезеңде «гомосексуализм – қалыпты дүние» деген пікір үстемдік құрады. Біржынысыларға аяушылықпен қарап, олардың құқығын қорғайтын ынталы топ пайда болады. Әрине, дәстүрлі құндылықтарды бойына сіңірген, азғындыққа қарсы шығушылар да табылады. Осылайша, қос тараптың арасында бітпейтін дау басталады. Ал қоғам екі жақтың қайсын таңдарын білмей, бейтарап күйін сақтап қалады. Танымал ету кезеңінде азғындықты насихаттауды қолға алған топ енді өз жақтарына танымал тұлғаларды тарта бастайды. Әсіресе, жас буын сөзін тыңдап, соңынан еретін әншілер, әртістер мен спортшылардың біржынысты екені белгілі болады. Олар қалың көпшіліктің алдында «құпиясын» жариялайды. Бұл сары басылымдар мен рейтинг қуған ток-шоулардың сүйікті тақырыбына айналып шыға келеді. Алтыншы терезеде біржынысылар туралы еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін біледі. Олар туралы мақала жазылып, кино түсірілген. Бұрынғыдай жасырынбай, көшеде қол ұстасып жүре береді. Бірақ біржынысыларға төнген қауіп әлі сейілмеді. Жекелеген адамдар тарапынан қауіп төніп тұр. Мәселен, кейбір мекемелер қызмет көрсетуден бас тартуы мүмкін. Бұзақылар оңашада ұрып-соғып, өмірлеріне қауіп төндіріп жатады. Енді қайтпек керек? Олар саясатқа ұмтыла бастайды. Лауазымды қызметке тұрып, біржынысылар мәселесі биік мінберде көтеріледі, тіпті арнайы заң да қабылдануы мүмкін. Міне, осылайша аталған алты сатыдан өткен бұл мәселе өз деңгейіне жетіп, пісіп жетіледі. Әлеуматтанушылар дәл осылай каннибализмнің де қоғамға дендеп енуін аталған теориямен байланыстырады.

Бұл енді кейбір әлеуметтанушылар пікірі. Ал, шынында бастапқыда бұл теорияның каннибализмге, гомосексуализмге ешқандай қатысы болмаған. «Овертон терезесі» тек «сайлаушыны қалай торға түсіруге болады» деген сұрақтың бір нұсқасын ғана ұсынған еді. Бұқараға қандай да бір идеяны сіңіру туралы ниеті де болмаған. Тек теорияның бастапқы тұжырымдамасы ұзын құлақтан жетіп түрленіп, бүгінгі интернеттегі әрбір екінші адам мысалға келтіретіндей түрде мутацияға ұшырап отыр.

БІЗДЕ ОНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ БАР МА?

Біз бұл сұрақты белгілі саясаттанушы Ернұр Молдашевке қойған едік. Оның айтуынша, «овертон терезесі» объективті ғылым тұрғысынан қарағанда даулы мәселе. «Жалпы қоғамда қалыптасқан ұғым бойынша бұл теория адамдардың ұстанымдарын, идеалдарын, ой-көзқарасын өзгертуге бағытталған технология деп есептеледі. Сонымен қатар сананы манипуляциялап, қоғамды басқаруға көмектесетін саяси құрал ретінде түсіндіріледі. Бірақ әу бастағы бұл теория бұл мақсатта пайда болмаған. Джозеф Овертон о баста өзінің зерттеулерінде бұл теорияны қоғамдағы белгілі бір топтардың ұнамды яки ұнамсыз көзқарастарын анықтау мақсатында ұсынған болатын. Мәселен, бір облысты алайық. Айталық, Ақмола облысы дейікші. Сол облыстың тұрғындарына қандай идеялар ұнайды, қандай көзқарастар олар үшін мүлде жат деген сияқты сұрақтардың жауабын қалай анықтауға болатын сараптамалық құрал ғана. Мұндағы мақсат не? Бұл өз кезегінде саясаттағы адамдар үшін қажет. Мәселен, Америка демократиялық мемлекет болғандықтан, ондағы сайлауға қатысушылар сайлаушылардың алдында өз имиджін қалыптастыру үшін осындай сараптамаға жүгінеді. Сайлаушыларға ұнау үшін олар ұнатқан көкейіндегі сөзді дөп басып айтуыңыз қажет, олар ұнатқан идеяны қолдауыңыз керек. Яғни, олардың бойындағы құндылықтардың сіздің де бойыңызда кездесетінін көрсету арқылы олардың сеніміне ие болу үшін қажет технология. Теорияның бар мақсаты осы ғана. Джозеф Овертонның өзі дүниеден өткеннен кейін теорияның мутацияланған нұсқасы кеңірек тарады. Бұл тұрғыда жазушы-публицистердің жазған кітаптарының да әсері мол болды. Яғни, олар халық санасын өзгертуге бағытталған манипуляциялық механизм ретінде қарастырады. Негізінде, олай емес, теория жай ғана халықтың негізгі ұстанымдарын зерттейтін модель ретінде қарастырылған», – дейді ол. Жалпы, халық санасы манипуляциялық механизмдермен басқарылуға қаншалықты бейім деген сұрағымызға сарапшы өз ойын былай кестеледі: «Жалпы халық санасы кез келген манипуляциялық механизмдермен өзгере салатын әлсіз емес. Бірақ біздің мемлекетіміз сынды дамушы мемлекеттерде теорияның мутацияланған нұсқасының элементтері кездесетінін жасыруға болмайды. Бірақ бұл ежелден бері тәжірибеде бар дүниелер еді. Мұның барлығын әкеп, тек «овертон терезесіне» тели салу ақылға қонымсыз. Дегенмен бұл саяси технология ретінде қолданылып келе жатқан құралдардың бірі. Біздің елімізде кейбір заңдардың қабылдануында да осындай элементтерді байқауға болады. Бірақ бұл «овертон терезесі» нақты жұмыс істейді дегенді білдірмейді. Егер біз еліміздегі халықтық идеяларға әлеуметтік сараптама жүргізсек, халықтың ой-танымы бұрынғыдан қатты өзгеріп кетпегенін байқаймыз. Яғни, жай ғана қарапайым саяси құралдармен басқара салатын халық ақымақ емес. Бірақ неге бізде көрініс табады деген сұраққа келсек, бұл элементтер көбіне демократияның жетіспеушілігі бар мемлекеттерде жиі кездеседі. Яғни, қандай да бір заңның қабылдануына халықтың қатты ықпал ете алмауы осы бір көріністерді тудырады», – дейді саясаттанушы Ернұр Молдашев.

ХАЛЫҚТЫҢ КҮШІ – БІРЛІКТЕ

Иә, саясаттаушы айтқандай, халықтың санасы – баланың санасы емес. Оған мысалдарды көптеп келтіруге болады. Мәселен, былтыр кинотеатрларда «Базз Лайтер» мультфильмінің Қазақстанда көрсетілуіне халық қарсы шығып, әлеуметтік желілерде наразылығын білдірді. Желіде «Базз Лайтер» мультфильміне тыйым салу талабымен петиция құрылып, лезде 40 мыңға жуық адам қол қойды. Себебі мультфильмде біржынысты қарым-қатынасты насихаттайтын көріністер болды. Халық қарсылығына сол кездегі Мәдениет министрі Дәурен Абаев жауап беріп, еліміздегі кинотеатрларда көрсетілмейтінін ресми ашық мәлімдеген болатын. Яғни, халық талабы ескерілді. Бұдан бөлек, қандай да бір заңның қабылдануына да халықтың ықпалы болғанын айта кетуіміз керек. Енді осыған мысалдар келтіріп көрелік. 2017 жылдың 7 қаңтарында жол қозғалысы ережелерінің жаңа заң жобасындағы кейбір тұстары халық арасында дау тудырған еді Яғни, әрбір автокөлікте балаларға арналған автокресло болуы керек деген заңға халық қарсы шықты. Жаңа жылдан кейін бағасы күрт қымбаттап, жетіспеушілік тудырған балаларға арналған автокреслоға қатысты да жұрттың шағымы көбейді. Тиісінше, эфирде бұл тақырыпқа арналған материалдар саны да өсті. 12 жасқа дейінгі балалардың бәрін түгелдей қамту мүмкін емес, – деді жұртшылық. Нәтижесінде, бұған да мораторий қойылды. Ал 2019 жылдың 5 ақпан күні елордада болған жағдайға тоқталайық. Тілсіз жау бір отбасының бес бірдей баласының өмірін жалмады. Сол түні балақайлардың ата-анасы жұмыста болған. Қоғам, әсте, көпбалалы отбасылардың негізгі мәселелері жайлы хабардар еді. Алайда бұл жағдай бәрін өзгертті. БАҚ-тың барлығы тек осы қайғылы жағдай туралы айтумен болды. Бұл трагедия бүкіл Қазақстанды дүр сілкіндірді. Көпбалалы отбасылар өз мәселелері жайлы ашық айта бастады. Еліміздің түкпір-түкпірінен көпбалалы аналар жиналып, жәрдемақы көлемін ұлғайтып, тұрғын үй беруді сұрады. Осылайша, Үкімет пен әкімдіктер барлық отырысында көпбалалы отбасылардың мәселелерін талқылап, олардың мұң-мұқтажына құлақ асып, көмек жолдарын қарастырды. Көп ұзамай, 2019 жылғы ақпан айының соңында сол кездегі Қаржы министрі Әлихан Смайылов төрт немесе одан да көп баласы бар отбасы көпбалалы болып саналатыны жайлы айтты. Нәтижесінде, берілетін атаулы әлеуметтік көмек мөлшері де көбейді.

P.S.

Қазақ кез келген жамандықтың жаппай жайылып-таралмауына қатты мән беретін. Тіпті, қасқырдың өзін «ит-құс» деп атаған. Ал азғындықты тіпті ауызға алмайтын болған. «Бәлекет өзімен кетсін», «мал құлағы саңырау», – деп тыйып тастайтын. Өйткені жаманды айта-айта етіміз өліп кетпесін, үйреншікті жаңалыққа айналмасын деп қауіптенетін. Ендеше барлық жамандық атаулы еліміздің қашық болсын деп тілейміз!

Белестер БИІГІНДЕ

«Жетпісінде – өрге бас» дейді жұртымыз. Ұлы Конфуций: «Жетпіс жасымда жүрегімнің қалауына ере бастадым» деген екен. Адамды жасына қарап емес, мәдениеті мен біліміне қарай бағалауымыз керек.

Киялдарын қырандай самғатып, құлашын кеңінен жазып, ғұмырын қоғамға пайдалы еңбекке жұмсағанына разы болып жүретін азаматтар аз емес. Олар содан нәр алады, соған марқаяды. Бүгінде жетпіс жасқа келіп, республикамыздың жоғары білімі мен ғылымына елеулі үлесін қосып жүрген педагогика ғылымдарының докторы, профессор Асхат Иманғалиевтің ғұмыр белестері бигіген көріне білуі – соның айқын айғағы.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті – Батыс Қазақстан өлкесіндегі ең ірі жоғары оқу орындарының бірі. Өткен тарихи кезеңде университеттің даму белесінде қол жеткен табыстарға жетуіне 2000–2008 жылдары жоғары білім ордасында ректор қызметінде болған, талантты ұйымдастырушы, іскер де білікті басшы, Қазақстан Республикасы Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, п.ғ.д., профессор Асхат Сәлімұлының еңбегі ұшан-теңіз. «Азамат болу – парызың» дейді халқымыз. Бұл – баршамызға айтылған ортақ сөз. Асхат Сәлімұлының оқытушылық жолындағы жұмысы еңбек еткен ұжымының басшылық қызметімен біте қайнасты.

Бұл кезеңде Қазақстанның нарықтық қатынастар жолына түсуі, дүниежүзілік бірыңғай кеңістікке шығуы, жоғары мектептерді жаңа сападағы мамандармен қамтамасыз ету үшін білім саласында түбірлі өзгерістерді қажет етті. Ұлттық жоғары білім беру жүйесі бүкіләлемдік білім беру жүйесінің үлгісіне сай келуге тиісті болды. Жоғары білім берудің көпсатылық жүйесін, студенттерді қабылдағанда білімін тестілеу әдісі арқылы бағалау, оқыту үрдісін мемлекеттік тілде ұйымдастыру, қазақ тілінде төл оқулықтар мен оқу құралдарды көптеп шығаруды қолға алу және оны жоғары мектеп практикасына енгізуде батыл қадамдар жасалды.

Ал бұл игі істерді жүзеге асыру мен орындалуының басқасында Асхат Сәлімұлының жүргендігі бүгінгі ұжым мүшелерінің баршасына аян. Өз кезегінде университет қызметін халықаралық талаптар деңгейіне бағытталған сапа менеджментіне сай ұйымдастырды. Сол уақытта ректор өз тарапынан оқу үдерісін ұйымдастыруды жетілдіру және оқу-әдістемелік жұмыстарға ерекше көңіл бөлу, ғылыми-зерттеу жұмыстары және халықаралық байланыстарға, жаңаша оқытудың инновациялық технологияларын оқу үдерісіне енгізу және жаңа ақпараттық технологиялар, материалдық-техникалық базаны нығайту, білім беру мекемелерімен байланыс, тәрбие және түлектерді жұмысқа орналастыру жұмыстары, салауатты өмір салтын насихаттау, студенттер мен қызметкерлерді әлеуметтік қорғау мәселелерін ерекше бақылауға алды. Ғылыми кеңестің күн тәртібіне бұл мәселелер жоспарлы түрде қарастырылып, нақты шешімдер алынып, іс жүзіне асырылып отырды.

Асхат Сәлімұлының қолға алуымен Ұлттық ғылым академиясының және еліміздің жоғары оқу орындарының көрнекті ғалымдарын университетке жылма-жыл жоспарлы шақырту жүзеге асырылды. Мысалы, олардың қатарында университетке профессорлық қызметке ауысып, университет үшін ғылыми кадрларды даярлауда ерекше еңбек еткен ғұлама әдебиеттанушы ғалым, республиканың халық жазушысы, ф.ғ.д., профессор, З.Қабдолов, музыка зерттеушісі, сазгер И.Жақанов, күйші-композитор Қ.Ахмедьяровтар бар болатын.

Университет басшылығының нәтижелі жүргізген жұмыстарының барысында шетелдің, атап айтқанда Иранның, Ресейдің (Қалмақ университеті, Астрахан университеттері) жоғары оқу орындарымен тығыз байланысты жұмыстар жолға қойылды. Асхат Сәлімұлы аталған университеттермен халықаралық байланыс орнатуға ерекше мән берді. Біріккен халықаралық конференциялар ұйымдастырылып, іс-тәжірибелер алмасулар жүзеге асырылды. Күні бүгінге дейін бұл университеттермен тығыз қарым-қатынас өз жалғасын тауып келеді. Университет ректоры А.Иманғалиевтің бастамасымен Атырау облысында жұмыс жасап жатқан «Шеврон», «ОКИОК» және басқа да шетел компанияларының өкілдерімен бірлескен жұмыстар жүзеге асты. Іскер ректордың басшылығымен университет ұжымы 2001 және 2006 жылдары Мемлекеттік аттестациялық комиссиядан сәтті өтіп, болашақ мамандар терең білім мен біліктілік танытып, уақыт талабына сай жоғары деңгейден көріне білді. Университеттің заман талабына сай өркендеуі 2000 жылдардан кейінгі уақытта ерекше байқалды. Ғылымды жүйелі дамыту мақсатында атқарылған жұмыстардың бірі – 2001 жылы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің жанында «Жалпы педагогика, педагогика және білім беру тарихы, этнопедагогика» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесін беру жөніндегі диссертациялық Кеңестің құрылуы, оның төрағасы болып Асхат Сәлімұлының бекітілуі болды. Бұл айтуға оңай шаруа болғанымен, іс жүзінде диссертациялық кеңес ашу үшін тиісті жұмыстар атқарылып, қаншама кабинеттің есігі ашылуы керек екендігін ғылым саласында жүргендер түйсінеді. Осы кеңестің нәтижелі жұмысы барысында тек университеттің ғана емес, бүкіл республикадағы жоғары оқу орындарының ғылыми әлеуеті құрамына қаншама ғылым кандидаттары қосылды десеңші. Бұл жемісті де табысты еңбекте Асекеңнің еңбегінің ерекше екендігін атап өткен абзал.

> *...Жылдар зымырап жылжыған сайын өткен өмірдің белестеріне қайта-қайта оймен орала беретіндігіміз табиғаттың заңдылығы деп қабылдаған жөн болар. Сондықтан да менің Асхат Сәлімұлымен қоян-қолтық жұмыс жасаған жылдарымда ол өте талапшыл, «тәртіпке бағынған құл емес» қағидасын ұстанған басшы, ұйымдастырушы болды.*

Сонымен бірге ректор баса назар аударған мәселелерінің бірі – қызметкерлер мен студенттерді әлеуметтік қолдау болатын. Оқу орнында үздік оқуы мен қоғамдық жұмыстарға белсене араласатын, оқу орнының намысын әртүрлі ғылым, өнер және спорттық жарыстарда абыроймен қорғап, жүлделі орындар алғандарға, әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан шыққан студенттерге ректорлық гранттар тағайындау тәжірибесін жан-жақты қалыптастырды.

...Жылдар зымырап жылжыған сайын өткен өмірдің белестеріне қайта-қайта оймен орала беретіндігіміз табиғаттың заңдылығы деп қабылдаған жөн болар. Сондықтан да менің Асхат Сәлімұлымен қоян-қолтық жұмыс жасаған жылдарымда ол өте талапшыл, «тәртіпке бағынған құл емес» қағидасын ұстанған басшы, ұйымдастырушы болды.

Асхат Сәлімұлы тәртіп пен жауапкершілікке ерекше мән беріп, ректорат мүшелерінен соны талап ете білетін. Ол ең алдымен істің мәнін, жұмыстың орайын шешетін кадр екендігін жете түсіне білген бірден-бір ректор болатын. Оның айқын айғағын мынадан көруге болады. Ол әрбір бөлімге, факультетке басшылық жасауға оқу орнындағы өмірлік тәжірибесі бар маман әріптестерін тағайындап, олардан өз деңгейінде жауапкершілікті талап етті. Ректор ортақ істе сенім білдіріп, үміт артып тағайындалған кадрлар өздеріне міндеттелген жұмыстарды іскерлікпен атқаруға күш салды. Кадр саясаты өз жемісін бергені де белгілі. 2006 жылғы Білім және ғылым министрлігі тарапынан жүргізілген кезекті мемлекеттік аттестациядан сүрінбей өткендігі жарқын дәлел бола алады.

«Істің тетігін кадр шешеді» деген қағидаға сүйенген Асхат Сәлімұлы жұмыс барысында кадр таңдауға ерекше мән берді десек, артық айтпаған болар едік. Университеттің оқу-тәрбие жұмысын жан-жақты жандандырып, одан әрі жетілдіру мақсатында білікті де білімді мамандарды жинай білді. Проректорлар п.ғ.д., профессор Ғ.Имашев, б.ғ.д., профессор С.Сағындықова, э.ғ.д., профессор Б.Таубаев, т.ғ.к., доцент Ж.Таңатарова, т.ғ.д., профессор Ә.Мұқтар, ф.ғ.к., доцент Б.Әбдешов, оқу бөліміне, ф.ғ.к., профессор М.Диярова, шаруашылық жөніндегі проректор Ғ.Шаймарданова, Жаңа ақпараттық технология орталығы директоры С.Идрисов, факультет декандары – б.ғ.к., профессор Ә.Сапаров, п.ғ.к., профессор Б.Барсай, ф-м. ғ.к., профессор Б.Кенжеғұлов, т.ғ.к., профессор Т.Төлепбергени, т.ғ.к., доцент К.Жаулин, ф.ғ.к., доцент С. Камелова, п.ғ.к. А.Нұржанова, т.ғ.к., доцент Ж.Мұстафин, т.ғ.к., доцент А. Ахмет т.б. өздеріне тапсырылған міндеттерді ойдағыдай атқарады. Ректор А.Иманғалиев әрдайым олармен ақылдаса отырып, қоян-қолтық жұмыс атқарды. Кадрлармен жұмыс өз нәтижесін берді. Осындай атқарылған жемісті жұмыстың нәтижесінде университет ұжымы ректордың басшылығымен республикадағы жоғары оқу орындарының алдыңғы қатарынан көріне білді. Бұл нәтиже ұжым үшін зор мәртебе болатын.

Ректор факультеттегі мәселелерді декандар арқылы шешіп отырды. Декандардың өкілеттілігіне қол сұғылмады, оларға өз ұжымдары алдында еркін де ашық жұмыс жасауға жағдай жасалды. Декандардың ұсыныс-пікірлеріне ерекше көңіл бөліп, олардың факультетте тиімді жұмыс жасауына ықпал етті. Ғылыми кеңесте әрбір факультеттің жарты жылдық және жылдық есебі дәстүрлі түрде тыңдалатын еді. Бұл есепке бүкіл факультет ұжымы ерекше дайындалатын. Факультет есебі ең алдымен деканат отырысында қарастырылып, талқыланатын, ұсыныс-пікірлер факультеттің Ғылыми кеңесінің күн тәртібіне шығарылып, профессор-оқытушылар ұжымы алдында талқыланып, әбден пысықталып қана университет Ғылыми кеңесінің күн тәртібіне шығарылатын. Мұның өзі бүкіл ұжымның жұмысқа деген жауапкершілігін арттырып қана қоймай, атқарылған жұмыстың түпкі нәтижесін көруге игі әсерін тигізгені сөзсіз болатын. Әрбір ұжым мүшесінің өзіндік оқу-тәрбие үрдісі барысында атқаратын міндеттеріне деген жауапкершілігін арттыратын жұмыс барысында байқайтынбыз. Бұл – ректордың талап еткен қатаң тәртібінің нәтижесінде факультеттегі оқу-тәрбие үрдісіндегі жұмыстардың ойдағыдай өз дәрежесінде атқарылуына ерекше әсер еткендігінің көрінісі. Ғылыми кеңеске факультет алдында тұрған өткір мәселелер ғана күн тәртібіне шығарылатын. Бұл ректордың жұмыс барысындағы бұлжымас тәртібі болатын. Сондықтан да факультет декандары есепке тиянақты, жан-жақты дайындықпен келетін. Бұл да факультеттегі атқарылған жұмыстардың тиімділігін арттырудың бірден-бір жолы болатын. Жұмыс барысында декандардың қызметіне орынсыз араласпаушы еді. Соның нәтижесінде декандар факультеттегі оқу-тәрбие жұмыстарының ойдағыдай жүргізілуіне, профессор-оқытушылар арасындағы қарым-қатынасты реттеуді, студенттерді оқуға қабылдауды, студенттердің білімін қадағалауды, олардың жатақханаға орналасуы, тәрбие жұмыстарын жүргізу, әртүрлі жағдайларға орай шығып кеткен студенттердің оқуға қабылдануы мен оқудан шығарылуына дейінгі мәселелерді декандар тарапынан оң шешімін тауып жататын. Жұмыс жасаған жылдарымызда осындай жұмыстардың барысында ректор мен қызметкерлер арасында іскерлік байланыстың жақсы орнықканының куәсі болдық.

Ректор тарапынан студенттерге министрлік арқылы жүргізілетін «Аралық мемлекеттік бақылау» жұмыстары кезінде қатаң талап пен тәртіп ерекше күшейетін. Оның да өзіндік себебі баршылық. Студент алған білімін дәлелдей білуі шарт болатын. Бұл дегеніміз – бүкіл университет ұжымы еңбегінің жемісі көрінетін жұмыс. Сондықтан да оған дайындық жыл бойы жүргізіліп, ректордың жеке бақылауында болатын. Кез келген уақытта студенттердің дайындығы жөнінде ректор сұрай қалғанда декандар мен кафедра меңгерушілері тас-түйін дайын екендігін байқататын. Міне, тәртіп!

Асхат Сәлімұлының ұйымдастырушылық қабілеті жұмыс барысында айқын көрініп тұрушы еді. Оның мысалдары көп-ақ. Қандай да іс-шаралар өткізілсін, оның сапалы өтуіне де мән беріліп, алдын ала тиянақты жоспар жасақталып барып, жүзеге асыруды жолға қойды. Халықаралық, республикалық, аймақтық т.б. түрлі конференциялар өте жоғары деңгейде өтуіне ерекше көңіл бөлініп, оған жауапты әрбір адамның міндеттерін айқын нақтылап, тапсырма беретін. Атқарылған жұмыстар туралы сол тапсырмаларға жауапты адамдардан сұралатын. Бұл да тәртіптің бір көрінісі. Оның бір ғана жарқын мысалы, 2000 жылы сәуір айының 24-25-күндері университетте тұңғыш рет республикалық «Досмұхамедов оқулары» өткізілуі болатын. Оған республиканың белгілі Халелтанушы ғалымдары қатысты. Бұл дәстүр күні бүгінде жалғасын тауып келеді. Ал 2003 жылғы Махамбет Өтемісұлының туғанына 200 жыл толуына арналған «Махамбет – ерлік пен елдіктің өшпес рухы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өте жоғары деңгейде өткендігіне шетелден және бүкіл республиканың түкпір-түкпірінен келген қонақтардың куә болғандығы.

Ректор Асхат Сәлімұлының ұйымдастыруы мен басшылығы арқылы университет ұжымы облыс және қала көлемінде өткізілетін барлық мәдени шараларға, республиканың қоғам және мемлекет, ғылым мен мәдениет қайраткерлерімен кездесулерге, әртүрлі мейрамдарға, сенбіліктерге белсене қатысты. Бұны неге айтып отырмыз. Ректор университет қоғамның және облыстың айнасы болуға тиісті деген қағиданы басшылыққа алды. Шындығында да, республика, облыс көлеміндегі ірі-ірі мәдени-саяси іс-шаралар университет базасында өте жоғары деңгейде өткізілді. Асекең жас ұрпақтың, жалпы халықтың рухын көтеру бағытындағы көптеген шаралардың басы-қасында жүрді.

Асхат Сәлімұлының жоғары білім саласындағы ұлан-ғайыр еңбегі мемлекет тарапынан лайықты бағаланып, «Парасат» орденімен (2005), сонымен қатар «Ы.Алтынсарин» (1990), «Қазақстан Республикасының білім беру үздігі» (1998) төсбелгілерімен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» (2001), «А. Байтұрсынов атындағы» медальдармен (2003), «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» (2003) төсбелгісімен, «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» медалімен (2005), «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудағы үлесі үшін» (2007) төсбелгілерімен, 2012 ж. халықтар арасындағы достықтың нығаюына, ғылым мен білім саласының дамуына қосқан үлесі үшін Қалмақ Республикасы (РФ) Үкіметінің Мақтау қағазымен марапатталды.

Адамның өмірінде, әсіресе басқалармен қарым-қатынасында, сөз саптауымен қатар, кескін-келбеті, тұр-тұлғасы, өзін ұстай білуі де қоғамда үлкен орын алады. Үлкенмен де, кішімен де тең сөйлесіп, қай уақытта да адамгершілік пен парасаттылықты, өзіне деген қатаң талап пен ізденімпаздықты биік мақсат тұтқан, жас ұрпақтың ертеңі үшін аянбаған ғалым-ұстаз, ұзақ жылдар жоғары білім саласында басшылық қызметте болған әріптес ағамыздың өмір жолы осындай еді.

Ендеше Асхат Сәлімұлының бел шешіп қызмет істеген, белді белестерді бағындырған кемел шағынан айтпақ болған қысқаша әңгімеміз осы болатын. Ұжым атынан тілегіміз «Бойда сарқылмас қуат, ойда асқақ мұрат от шаша бергей!»

Аққали АХМЕТ,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті «Мәңгілік ел» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор

Қобыз – Қорқыт бабамыздың ұрпақтан-ұрпаққа аманаттап қалдырған қастерлі мұрасы. Ел аузында Сыр бойында ізі қалған абыздың өзі осы қобыз үнінің құдіретін пайдаланғаны жайында аңыз әңгімелер аз емес.

ҚОРҚЫТ МҰРАСЫ – ҚҰНДЫ ҚАЗЫНА



ҚОРҚЫТ КЕШЕНІ ҚАСТЕРЛІ ОРЫНҒА АЙНАЛДЫ

Ежелден халқымыз қобызды қастерлеп, киелі санаған. Бақсы-балгерлер бұл аспаптың құдіреті арқылы талай жанды ауру-сырқаудан айықтырғаны айтылады. Тіпті, бір кездері қобызды той-томалақта пайдалануға тыйым салған көрінеді. Содан да болар, түркі әлемінің рухани тәлімгері Қорқыт бабаның мұрасы Сыр өңірінде ерекше құрметке ие.

Негізі, ел аузында Қорқыт жайында аңыз әңгіме көп. Соның ішінде түгел түркінің киесі, қобыздың иесі атанған Қорқыт атаның Қызылорда облысына қарасты Қармақшы ауданы аумағында жерленгені айтылады. 1980 жылы сол маңнан Қорқыт ата мемориалды кешені бой түзеп, ел мінәжат ететін қастерлі орынға айналды.

Қазір осы орынға елімізбен қатар, алыс-жақын шетелдерден арнайы көруге келетін қонақтар қарасы сиреген емес. Әсіресе, кешенге келетін туристер сол аумақта қобыз бейнесіндегі ескерткішке ерекше қызығушылықпен қарайды. Өйткені ерекше ескерткіштен жел ескенде қобыз үніне ұқсас тылсым әуен ойналғандай әсер қалдырады. Ал кешен маңындағы мұражайдан ажалдан қашқан абыз жайында көптеген мағлұмат алуға болады.

Қазір Сыр өңірінде осы кезге дейін сақталып келген бақсы-балгерлер пайдаланған ежелгі қобыз түрлері аз емес. Осындай бабадан қалған асыл қазынаның әрбірінің өзіндік тарихы да бар.

«Қорқыт мұрасы ЮНЕСКО-ның мәдени мұралар тізіміне енген құнды қазынамыз саналады. Осыған орай жуырда Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі «Қорқыт мұрасы және Сыр өңіріндегі бақсылық өнер» жобасымен танымдық экспедиция ұйымдастырды. Соның негізінде XIX-XX ғасырларда өмір сүрген бақсы бабаларымыздың өмір жолынан құнды мәліметтер жинақтадық. Олардың тұтынған қобыздары туралы тың деректерге қанықтық. Көнеден жеткен құнды мұраны көздің қарашығындай сақтаған ұрпақтары бабалары төңірегінде сыр ақтарды. Осы экспедиция барысында бабалар пайдаланған ежелгі аспаптың қадір-қасиетіне терең бойладық», – деп облыстық музейдің ғалым-хатшысы Асхат Сайлау ойын бөлісті.

Жалпы, ертеде Сыр бойын мекендеген абыздар мен бақсы-балгерлердің ұстанған қобыздарының тарихы тереңге бойлайды. Бұл жайында артында қалған ұрпақтары аңыз қылып айтып беруден жалықпайды.

СЫРҒА ТОЛЫ СОҚЫР НЫШАН

Қызылорда облысының іргесіне қоныстан Сырдария ауданында Қоғалыкөл атты ауыл бар. Ырзық-несібесі тасыған берекелі мекенде ертеректе өмір сүрген көптеген бақсы-балгердің, абыз-ақсақалдарымыздың ізі жатыр. Соның бірі де бірегейі – кезінде ел аузында Соқыр Нышан аталып кеткен Ысмайыл Шәменұлы.

1892-1979 жылдары өмір сүрген бақсының өмір жолы тылсым табиғатқа толы. Бақсы жайындағы аңыздың біріне сүйенсек, ол қобызбен күй ойнатқан сәтте көк жүзінде қалықтап ұшып жүрген аққудың өзі құлдилап келіп жерге қонады-мыс. Ауыл тұрғыны, бақсының аталас туысы Сәрсенкүл Ембергенқызы осы секілді өзі куә болған оқиғаларды баяндап бергенде еріксіз бас шайқайсыз.

Аталмыш елді мекенде бақсының бұрынғы үйінің ауласында жалғыз ағаш өсіп тұр. Бұл киелі ағаштың да өзіндік тарихы бар.

«Нышан бақсы осы ағаштың көлеңкесін жиі саялайтын болған. Ағаш көлеңкесіне жайғасып, қобызымен күңіренте күй тартқанын талай мәрте өз көзіммен көрдім. Атамыз күй тартқан сәтте табиғат өзгеше күйге бөленгендей әсер қалдыратын. Қобыздың күңіренген үні табиғатпен үндесіп, тау, тас пен ағаш аспаптың сырлы үніне елтіп тұрғандай көрінетін. Өмірдің барлық мұң-зары мен шаттық, қуанышын қобыздың ішегіне таңып қойғандай тылсым құдірет байқалады. Атамыздың өмір жолының талай куәсі болған бұл киелі ағаштың біз үшін орны бөлек», – дейді бақсының ұрпағы.

Қазір ғалымдар Соқыр Нышан қобызшыны Қорқыт атаның тоғыз күйін жеткізген насихатшысы деген тұжырымға келіп отыр. Атап айтқанда, «Ұшардың ұлуы», «Тарғыл тана», «Әуіп-пай», «Қорқыт», «Башпай», «Желмая», «Сарын», «Қоңыр», «Байлаулы киіктің зары» күйлерін тартып, елге таратқаны айтылады. Ал «Елім-ай, халқым-ай» күйін қобызшының өзінің төл туындысы деп таныған.

Сонымен бірге Сыр өңірінде осы кезге дейін зерттелмеген бақсылардың бірі – Нұрғали Смайылұлы. Бұл бақсы да Сырдария ауданы Шіркейлі ауылында өмір сүрген.

Оның көзін көрген ақсақалдардың айтуынша, бақсылық қасиет аталарынан берілген екен. Өзінің екі көзі мүлде көрмеген. Зағиптың зардабын тартса да тылсым құдіретке ие болғанын ұрпақтары аңыз қылып айтады.

Аңыз әңгімеге сүйенсек, оған аталары түсінде жерге көмілген қобызды қайта қолға алып, бақсылық қасиетті қабылда деп үш рет аян береді. Бұған көнбеген Нұрғали бақсының көзі көрмей қалады. Осыдан кейін қорқып, бақсылықты қабылдап, өмірден өткенше емшілікпен айналысыпты.

Бүгінде қара шаңырақта сақталған киелі қобыздың үнін әр жұмада естіген адамдар бар екенін тікелей ұрпақтары айтып отыр.

ТҮМЕН ӘУЛИЕНІҢ ТЫЛСЫМЫ

Сыр топырағында XIX ғасырдың бірінші жартысында 1821-1875 жылдар шамасында Түмен есімді әулие кісі өмір сүрген. Оның қазіргі Жалағаш ауданына қарасты Қаракеткен, Амангелді ауылдық кеңестері қамтуындағы елді мекенде кіндік қаны тамған деген дерек бар. Осы жерде бас-аяғы 54 жас өмір сүрген.

Түменді кішкентайынан аруақтар қамқорлыққа ала бастағаны айтылады. Баланың 5-6 жасар кезі екен. Ауыл арасындағы шаңдақта ойнап жүргенінде ойда-жоқта қатты жел тұрып, бір топ баланың ішінен айрықша Түменді құйын жоғары көтеріп әкетеді. Әкесі Қаражігіт ғайыптан болған тылсым күштің құдіретін естіп, бірнеше күнді ұйқысыз бастан кешеді.

Бір жеті өткеннен кейін басқа бір ауылдан бала Түменнің хабары жетеді. Баланың есі кіріп, қалыпқа келгеннен кейін сұрастырғанда, құйын арасынан бірнеше адамның қақпақылдап қолдан-қолға тигізбей ұшырып алып жүргенін айтыпты. Сол кезде құйын арасындағы әлгі адамдардың бірі «бізге жолдас болу қиын екен, жерде де кем болмас», – депті де қайта тастап кеткен көрінеді. Сөйтсе, олар Ғайыперен қырық шілтеннің бірі кем отыз тоғыз екен.

Бала бақсы алғашында хал сұраған ауылдастарының көп сұрағына жөнді жауап бере алмай қиналыпты.

Одан кейін Түменге аруақ он екі жасында біржола қонса керек. Елдің айтуынша, үйіне отындық сексеуіл шауып әкеле жатқан оған күтпеген жерден бір ақ киімді ақсақал шал пайда болып: «Ей, балам, үйіңе барған соң малыңның ішіндегі қарабас қойды сойдырып, ауыл-аймағыңды шақыр, батамды беремін» депті. «Сізбен қалай кездесемін» деген балаға, «құдайы жасағанда бірге болармын» депті де көзден ғайып болыпты. Бейтаныс адамның тапсырмасын бұлжытпай әкесіне айтып, қорасындағы ақ қарабас қойын сойып, ауыл-аймағына құдайысын таратыпты.

Бір күні Түмен таң алдындағы тәтті ұйқыда жатқанда әлгі ақсақалды шалды тағы көреді. Ол: «Балам, менің беретін мына үш нәрсеме ие бол: біріншісі – ақ түсті кітабымды ал, асқан емші боларсың. Алдыңа келген сырқат айықпай кетпес. Екіншісі – мына бір кесе суды ішіп жібер, атағың аяқ жетер жерге тарайтын көріпкел әулие боларсың. Үшіншісі – мына қобызымды иелен. Бір демеушің осы болар, қажетті жерінде, күңірене тартылған қыл қобыздың үні шыққанда қасыңнан табылармын» деп батасын беріпті.

Қазір бұл қобыз Жалағаш ауданы Шәменов ауылында тұратын Түмен әулиенің тікелей ұрпағы Нысанбай ағамыздың қолында сақтаулы. Түмен әулиеден кейін қобызды баласы Мұса бақсы пайдаланып, емшілікпен айналысқан екен. Ел аузында Түмен әулие бір заманда осы қобызбен дарияның суын теріс ағызған деген де әңгіме айтылады.

Кезінде ұрпақтары қобызды Орталық мемлекеттік музейге өткізген. Бірақ кейін ұрпақтарының түсіне түрлі тылсым күштер еніп, қобызды қайтадан қайтаруға мәжбүр еткен көрінеді. Қобыз қайта реставрациядан өткізіліпті.

Жалпы, Сыр топырағында қастерлі саналатын Қорқыт мұрасы төңірегінде аңыз әңгіме жетерлік. Талай бақсы-балгердің серігіне айналған қасиетті аспаптың құдіреті әлі талай ғасырлар бойы ұрпақтар жадында жаңғыратыны сөзсіз.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

БЕКБЕРГЕН МЕН НҰРҒАЛИ БАҚСЫ

Қоғалыкөл ауылында өмір жолы өрнектелген тағы бір абыз – Бекберген бақсы Әубәкірұлы. Бұл бақсы жайында да ел арасында көптеген аңыз-әпсана айтылып жүр.

Бақсының өмір жолына көз жүгіртсек, Бекбергенге бойындағы қасиеті әкесі Әубәкірден дарыса керек. Алғаш рет ол он тоғыз жасында бақсылық сынағынан өтіп, емдеу, болжау, болашақты көру, ойды оқу қасиеттерімен халыққа кең танылыпты.

Бозбала шағынан қылқобыз аспабының сүйемелімен сарындар айтып, бақсылық ойында жындарын шақырған деген тәмсіл айтылады. Бекберген бақсының «Айдаһар жыландардың арбауы», «Дүрсілдеген шұбар ат» атты күйлерін өткен ғасырдың 70-жылдары М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қызметкерлері үнтаспаға жазып алған.

Сол кездері бақсының қолданған қобызы әлі күнге дейін сақтаулы. Бүгінде бір ғасырдан астам уақыт бұрын жасалған қобыз әбден ескірген.

Қобыздың қазіргі иесі Ишанбек Есмақұлының айтуынша, Бекберген бақсы қобызды емшілік мақсатта Есмаққа сыйға берген екен. Содан бері Есмақ әулеті қобызды көзінің қарашығындай сақтап келе жатқанын алға тартты.

2023 жылдан бастап Отан алдындағы әскери борышын өтеп келген жастарға жоғары оқу орындарында тегін оқуға мүмкіндік берілді. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мен 50-ден аса білім ордалары арасында жасалған мәміле аясында жас сарбаздардың офицер шенін алу үшін әскери кафедраларда ақысыз білім алу жүйесі де жасалды. Мұндай мүмкіндікті пайдалану үшін жастарға әскери борышын абыройлы өтеу міндеті қойылды. Сондай-ақ физикалық және психологиялық тұрғыда шыныққан болуы қажет. Міне, осы талаптар үдесінен шыққан жамбылдық жастардың алғашқы легі оқу орындарының грантына ие бола бастады.

САПТАН ГРАНТҚА СЕКІРГЕН



Саятхан САТЫЛҒАН

Мұндай жеңілдікке ие болған жастың бірі – Тараз қаласының тұрғыны Сергей Симонов. Ол әскери борышын өтегеннен кейін Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтына оқуға түсіп отыр.

– Тараз қаласындағы №29 мектепті жоғары нәтижемен бітіргеннен кейін Жамбыл жоғары политехникалық колледжіне оқуға түстім. Арнаулы оқу орнын аяқтағаннан кейін әскерге шақыру қағазын алдым. Бастапқыда жүрексінгеніммен Отан алдындағы борышымды өтеп келейін деген оймен әскерге аттандым. Қызылорда қаласындағы «Ұлттық ұлан» сапындағы әскери өмірім тыныш өтті. Көптеген жаңа достар таптым. Егер әскери борышымды жоғары деңгейде өткерсем, жоғары оқу орнына тегін түсуге мүмкіндігім бар екенін естігенде тіпті құлшынысым арта түсті. Командир берген бұйрықтарды бұлжытпай орындап, өзімді физикалық тұрғыдан да шыңдай түстім. Психологиялық сынақтардан да сүрінбей өттім. Нәтижесінде, жоғарғы көрсеткішке қол жеткізіп, Халықаралық Тараз инновациялық институтына оқуға түстім. Оқуға қабылдау еш қиындықсыз өтті. Әскери билетім мен борышымды өтеу кезінде жеткен жетістіктерімді комиссияға ұсынып, грантқа түстім. Қазір «Компьютерлік инженерия» мамандығында оқып жатырмын, – дейді Сергей.

Жас сарбаз кейінгі жылдары әлем елдері IT саласында қарышты дамып жатқандықтан «Компьютерлік инженерия» мамандығын таңдаған екен. Ал оның жоғары оқу орнына ҰБТ қорытындысыз тегін оқуға түскенін естіген ата-анасының қуанышында шек болмапты.

– Оқу мәселесі мені де, отбасымды да қатты ойландыратын. Ата-анам ақылы бөлім болса да оқытатындықтарын айтқан. Алайда мен жақындарыма ауыртпалық салмайыншы деп әрдайым ойланып жүретінмін. Міне, осы арманым орындалып, тегін оқуға мүмкіндік алдым. Мұндай ақжолтай

хабарды ата-анам естігенде қатты қуанды. Тіпті, көз жастарына ерік берді.

Мен сияқты жастарға осындай мүмкіндік тудырған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа және өзге де жанашыр азаматтарға алғыс білдіремін. Маған берілген бұл мүмкіндікті пайдаланып, барлық ынта-жігерімді білім алуға жұмсаймын. Білікті маман атанып, Отаным үшін қалтқысыз қызмет ететін боламын, – дейді Сергей.

Мемлекет жасаған мүмкіндікті игілігіне пайдаланған тағы бір жас – Ернұр Жарылқасын. Ол да Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтына тегін оқуға түскен. Болашақ мал дәрігері.

– Әскерге 2022 жылдың мамыр айында аттандым. Ол кезде мемлекет тарапынан жасалып жатқан жеңілдік туралы мүлде білмедім. Алайда Алматы қаласындағы әскери бөлімде жүріп оқуға тегін түсу туралы жаңалықты естігенде, бұл мүмкіндікті мүлт жібермеуге тырыстым. Берілген тапсырмалар мен бұйрықтарды бұлжытпай орындауымның арқасында жоғары көрсеткішке қол жеткізіп, бүгін міне оқу грантын жеңіп алып отырмын. Отбасымда екінші бала болсам, артымда еріп келе жатқан қарындастарым бар. Міне, солардың еркін білім алып, ата-анамның қиналмауы үшін бұл гранттың мен үшін орны ерек. Бұйыртса, бес жылда білікті маман атанып, мемлекетіміздің дамуына өзіндік үлесімді қосқым келеді, – дейді Ернұр.

Ернұр – Жамбыл ауданы Ерназар ауылының тумасы. Аталған елді мекендегі №11 арнаулы орта оқу орнын «тракторис-жүргізуші» мамандығы бойынша бітіріп шыққан. Енді «мал дәрігері» мамандығын игерсе, ауыл шаруашылығы саласына таптырмайтын маман атанғалы тұр.

Айтпақшы, Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының басшылығы оқу грантынан бөлек, әскери борышын өтеп келген жастарды шәкіртақымен қамтамасыз ету жағын да қарастыратындықтарын айтыпты. Бұл әрине қуанатын жаңалық. Десе де, Ернұр бес жыл тегін біліммен сусындататын білім ордасының оқу грантының өзіне дән риза. Енді жас сарбаз офицер шенін алу үшін әскери кафедраға да оқуға түсу жағын қарастырмақ. Міне, осылайша Отан алдындағы борышын өтеуге аттанған жастың алға қойған мақсаттары орындалып, білімді де, білікті ұрпақтың бірі атанғалы отыр.

Сөз жоқ, бұл – егеменді еліміздің жасаған ең ұтымды шешімдерінің бірі. Бір жағынан жастарды әскери борышын өтеуге ынталандырса, екінші жағынан білікті кадрлар даярлауға жол салып отыр. Сондықтан жоба өміршең болып, әлі талай жас оқу гранттарының иегері атанады деп сенеміз.

Жамбыл облысы

Объявление об итогах повторного открытого тендера по закупке услуг «Техническое сопровождение системы ЕАМ»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает победителем по закупке услуг «Техническое сопровождение системы ЕАМ» тендерную заявку ТОО «Aristone Technologies Co. (Аристон Технолоджис Ко)», Республика Казахстан, г. Алматы, пр.Назарбаева 103, БИН 130140005109.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-01-50.

«ЕАМ жүйесін техникалық сүйемелдеу» қызметтерін сатып алу бойынша қайта ашық тендердің қорытындылары туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «ЕАМ жүйесін техникалық сүйемелдеу» қызметтерін тендерлік өтінімі «Aristone Technologies Co. (Аристон Технолоджис Ко)» ЖШС: Алматы қаласы, Назарбаев даңғылы, 103, БСН 130140005109 жеңімпаз болып танылсын.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-01-50.

Объявление о результатах повторного открытого тендера по закупке работ «Ремонтные работы преобразователя энергии CCVT»

ТОО «Азиатский Газопровод», признает повторный открытый тендер по закупке работ «Ремонтные работы преобразователя энергии CCVT» - несостоявшимся.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-01-50.

«CCVT энергия түрлендіргішін жөндеу жұмыстары» жұмыстарын қайта сатып алу бойынша ашық тендердің нәтижелері туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «CCVT энергия түрлендіргішін жөндеу жұмыстары» жұмыстарын қайта сатып алу бойынша ашық тендер өткізілмеді деп таниды.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-01-50 телефоны арқылы алуға болады.

Объявление о проведении повторного открытого тендера по закупке товаров «Запасные части для ГПА GE»

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении повторного открытого тендера по закупке товаров «Запасные части для ГПА GE». (Количество лотов – 7, на общую сумму 267 344 989,60 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых товаров и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 – 13.00 ч. и с 14.30 – 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере назначен до 10:00 часов «25» сентября 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 12:00 часов «25» сентября 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-50.

«ГАА GE арналған қосалқы бөлшектер» тауарларын сатып алу бойынша қайта ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «ГАА GE арналған қосалқы бөлшектер» тауарларын сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны - 7, жалпы сомасы 267 344 989,60 теңге, ҚҚС-сыз).

Сатып алынатын тауарлары мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. Мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2023 жылғы «25» қыркүйекте, сағ. 10:00-де дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы «25» қыркүйекте, сағ. 12:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», конференц зал.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-04-50 телефоны арқылы алуға болады.

Объявление о результатах повторного открытого тендера и проведении повторного открытого тендера по закупке услуг «Языковые переводы»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает повторный открытый тендер по закупке услуг «Языковые переводы» несостоявшимся.

В связи с вышеизложенным, ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении повторного открытого тендера по закупке услуг «Языковые переводы». (Количество лотов – 5, на общую сумму 36 611 044,40 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 – 13.00 ч. и с 14.30 – 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере назначен до 10:00 часов 25 сентября 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11:30 часов 25 сентября 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-01-50.

Қайта ашық тендердің нәтижелері туралы және қайта ашық тендер амалымен «Тілдік аудармалар» қызметтерін сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Тілдік аудармалар» қызметтерін сатып алудың қайта ашық тендер өткізілмеді деп таниды.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты «Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Тілдік аудармалар» қызметтерін қайта сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны - 5, жалпы сомасы 36 611 044,40 теңге, ҚҚС-сыз).

Сатып алынатын қызметтер мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. Мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2023 жылғы 25 қыркүйекте, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 25 қыркүйекте, сағ. 11:30-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», конференц зал.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-01-50 телефоны арқылы алуға болады.

Объявление о проведении повторного открытого тендера по закупке товаров «Тормозные, охлаждающие и технологические жидкости»

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении повторного открытого тендера по закупке товаров «Тормозные, охлаждающие и технологические жидкости». (Количество лотов – 17, на общую сумму 52 494 639,57 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых товаров и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 – 13.00 ч. и с 14.30 – 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере назначен до 10:30 часов «25» сентября 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 12:30 часов «25» сентября 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-50.

«Тежеуіш, салқындатқыш және технологиялық сұйықтықтар» тауарларын сатып алу бойынша қайта ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Тежеуіш, салқындатқыш және технологиялық сұйықтықтар» тауарларын сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны - 17, жалпы сомасы 52 494 639,57 теңге, ҚҚС-сыз).

Сатып алынатын тауарлары мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. Мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2023 жылғы «25» қыркүйек, сағ. 10:30-ға дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы «25» қыркүйек, сағ. 12:30-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», конференц зал.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-04-50 телефоны арқылы алуға болады.

• ЕҢБЕК АДАМЫ

Тоғыз жолдың торабындағы Сарыөзек ауылында халыққа түрлі қызмет түрлерін ұсынатын үлкенді-кішілі кәсіпорындар қатары артып келеді. Кейінгі жылдары тұрғындарының да саны көбейіп, қанатын кеңге жая түскен аудан орталығында қолынан іс келетін жанға жұмыс табылады және мемлекет тарапынан тиісті қолдаулар да жасалады. Соның нәтижесі болар, шағын және орта кәсіпкерлік өркен жайып отыр.

КӘСІБІНЕН НӘСІБІН тапқан Айжан

Болат АБАҒАН

Сарыөзектік Айжан Артықбаева да кәсіпкерлікті таңдаған бір жылдан астам уақытта өмірден өзінің орнын тапқанын іс жүзінде дәлелдеді. Былтырғы қыркүйекте «Кәрібаева» жеке кәсіпорнын құрып, бірнеше жанды жұмысқа алып, ет, сүт, нан-тоқаш өнімдерін шығара бастаған. Жыл ішінде өзінің тұрақты тұтынушыларын қалыптастырды. Қазіргі кезде ауданды айтпағанда, Талдықорған мен Алматы қалаларынан да тапсырыстар қабылдап, табиғи тұрған жан. Мектепті де «Алтын белгіге» бітірді. Жүрегі қалаған оқуға да қиналмай түсті. Алматыдағы Қазақ Ұлттық университетінің физика-математика факультетін ойдағыдай аяқтады. Кейіннен бухгалтер мамандығын да меңгеріп алды. Екі бірдей жоғары білімі бар. Сонымен бірге азды-көпті тәжірибе де жинақтап үлгерді.

– Менің түйгенім, адам өзінің сүйікті ісімен айналысқанда ғана жетістікке жетеді. Кез келген кәсіптің шыңына шығу оңайға соқпайды. Бизнестің жолы тіптен қиын. Тез табыс табуды мақсат тұтып, асығыстыққа жол берсең ұтылатын анық. Өзіңнің жаның қалаған өндірістің барысында пайда болатын жағымды көңіл күй мен ынталылық, айналандағы адамдармен тіл табысып, қажет жерінде оларды демеп жіберу кәсіпкерліктегі алдан шығар қиындықтарды қиналмай жеңуге көмектеседі. Алға жылжыған жылдармен бірге біліктілігің арта түседі. Өнім сапалы әрі тұтынушы ғыда таза, сапалы әрі дәмді азық-түлік өнімдерін күнделікті жөнелтіп жатады.

Танымалдық пен жетістік қарадан қарап келмесі анық. Дәл қазіргідей бәсекелі заманда бәйгеден келмесең, табыстың ауылы да алыстап кетеді. Осындай сынағы мол шақта ерінбей еңбек еткен, үнемі ізденісте болып, тұтынушылардың талабынан шыққандардың ғана айы оңынан туады. Айжан соны жақсы түйсініп, қай салада жүрсе де, тек алдан көрінуді мақсат тұтқан және уақыт көшінен қалмауды жадына мықтап түйген жан.

Қазіргі кезде ауданда болып жатқан той-томалақтар мен астардағы дастарханға негізінен осы кәсіпорынның өнімдері қойылады. Тапсырыстан кенделік жоқ. Тағамдар сиыр, қой және құс етінен дайындалады. Кәсіпорынның мәнтілері, тұшпаралары мен котлеттері және тағы басқа тағамдары үлкен сұранысқа ие. Сүттен қаймақ, ірімшік, құрт дайындалады. Сонымен бірге түрлі бауырсақтар, тоқаштар мен тағы басқа да нан өнімдері пісіріледі.

Кәсіпорында 6 адам жұмыс істейді. Барлығы – жергілікті тұрғындар. Арнайы мамандықтары жоқ болғанына қарамастан, жылдар бойы жинақталған бай тәжірибе мен қалыптасқан ептіліктері арқасында өз істерінің шебері атанған жандар. Біліктілігі жоғары мамандардың ақылы курстарына қатасып, білгендерін жетілдіріп тұрады. Ет және ет өнімдері өндірісі бойынша жоғары білімі бар технологпен тұрақты байланыс орнатылған. Шығарылатын өнімдердің түрлерін арттырып, сапасын барынша жақсарту мақсатында «Бір ауыл – бір өнім» жобасына қатысуға өтінім тапсырыпты. Егер ол қолдау тапса, алдағы кезде тауарайналымын жақсартып, бәсекелестікке қабілетті барынша арттыру қадамдары қолға алынбақ. Сонымен бірге жастардың ауылда тұрақтап қалуына ықпал ету жолдары да қарастырылмақ.

Жетісу облысы

> *Кәсіпорында 6 адам жұмыс істейді. Барлығы – жергілікті тұрғындар. Арнайы мамандықтары жоқ болғанына қарамастан, жылдар бойы жинақталған бай тәжірибе мен қалыптасқан ептіліктері арқасында өз істерінің шебері атанған жандар.*

ҰЛЫТАУ ЖАСТАРЫ ҮЙЛІ БОЛУДА

Ұлытау облысында жастарға арналған UlytauZhastary тұрғын үй бағдарламасы олардың баспана мәселесін шешуде зор жәрдемін тигізе бастады. Бұл бағдарлама 35 жасқа дейінгі облыс тұрғындарына неғұрлым тиімді шарттармен тұрғын үй сатып алуға мүмкіндік береді.

Ұлытау облысының әкімдігінің «Отбасы банк» АҚ-мен бірлесіп қабылдаған бағдарламасы 2023-2026 жылдар аралығын қамтымақ. Өңірде аталған жобаға деген қызығушылық жоғары.

Қатысушылар үшін жылдық несие мөлшерлемесі – 5%. Қарыздың ең жоғары сомасы – 20 млн теңге. Бастапқы жарна үй бағасының кем дегенде 10%-ы болуы керек.

Алғашында негізінен білім беру, денсаулық сақтау салаларының өкілдері ғана жобаға қатыса алатын болса, тамыз айынан бастап қатысушылардың аясы кеңи түсті. Облыс басшысы аймаққа қажетті мамандықтарды ескере отырып, коммуналдық кәсіпорындар жұмыскерлері мен ауыл шаруашылығы және мемлекеттік қызмет салаларының өкілдерінің арасындағы жас мамандарға да аталған бағдарламаға қатысу мүмкіндігін берді.

– Мен осы бағдарламаның алғашқы кезеңіне қатысып, жеңілдетілген ипотекаға үй алған жастардың бірімін, – дейді Маржан Қожан.

Мектепте мұғалім болып істейтін ол бірнеше жыл пәтер жалдап тұрғанын айтады.

– Әрине, жалдамалы пәтерде тұру оңай емес. Мұны басымыздан өткердік. Бірнеше рет пәтер ауыстыруға тура келді. Өмірге сәбилеріміз келіп жатты. UlytauZhastary туралы естіген соң, бағдарлама талаптарымен танысып, тиісті құжаттарымды жинап, өтінішімді қалдырған болатынмын. Содан маусымның бас кезінде облыстық әкімдікке шақырды. Облыс әкімі Берік Әбдіғалиұлының қолынан сертификат алдым. Қазір өзіміздің 3 бөлмелі пәтерімізде тұрып жатырмыз, – дейді Маржан.

Ulytau zhastary бағдарламасына қатысушыларға қойылатын талаптар да күрделі емес. Біріншіден, қатысушының жасы өтініш берген кезде 35 жастан (қоса алғанда) аспауға тиіс. Екіншіден, бағдарламаға қатысушының және оның отбасы мүшелерінің ҚР аумағы бойынша соңғы 5 жылда меншік құқығындағы тұрғын үйдің болмауы керек. Үшіншіден, таңдалған саладағы ресми жұмыс өтілінің болуы және кемінде үздіксіз соңғы 1 жыл бойы зейнетақы жарналарының міндетті түрде төленгендігін растау міндетті. Төртіншіден, бағдарламаға қатысушы Ұлытау облысында кемінде соңғы 1 жыл үздіксіз тұрақты тіркелген болуы тиіс. Бесіншіден, бағдарламаға ерлі-зайыптылардың біреуі ғана қатыса алады. Ең көп балл жинағандар (некеде тұрған жылдар саны, балаларының болуы, жұмыс өтілі және т.б.) қатысушының несие төлеу қабілеттілігін айқындау үшін «Отбасы банк» АҚ-ға жіберіледі.

Жаңадан құрылған облыста халық санын тұрақтандыру тұрғысынан келгенде де бұл бағдарламаның берері мол болмақ. Жеңілдікпен баспаналы болып жатқан жастар облыстың дамуы жолында еселі еңбектерін аянып қалмасы және белгілі.

Майлыбай КЕТЕ,
Ұлытау облысы

ЕЛОРДАДА NOBEL FEST ӨТЕДІ

5-6 қазан күндері Астанада Nobel Fest жиыны өтеді. Бұл басқосуға әлемнің түкпір-түкпірінен ғылымның көрнекті тұлғалары – Нобель сыйлығының, ғылыми «Оскар» сыйлығының лауреаттары, зерттеушілер, әзірлеушілер, футурологтар және басқа да өнертапқыштар келеді.



Жиында спикерлер әртүрлі салалардағы өзекті тақырыптарды талқылайды. Мысалы, экономика бойынша Нобель сыйлығының лауреаты, әлемнің үздік 3 экономисінің бірі Джеймс Хекман «Даму үстіндегі елде орта тапты қалай құруға болады?» деген тақырыпта сөз сөйлейді, сонымен қатар әлемді жаулап алған жасанды интеллект тақырыбындағы пікірталасқа қатысады. Дәл сол дискурсқа Нобель Бейбітшілік сыйлығының лауреаты, климат және тұрақты даму бойынша №1 сарапшы Рае Квон Чунг та атсалысады. Сонымен қатар фестивальде ол «+1,5 градус. Әлемнің құлдырауын тоқтатуға үлгереміз бе?» деген сауалға жауап береді.

Силикон алқабының гуруы, жоғары технологиялар саласындағы ең ықпалды қырық ғалымның бірі Вивек Вадхва үнемі өзгеретін ортада классикалық бизнесті не күтіп тұрғаны туралы пікірталасқа қатысады.

Ал әлемдегі ең ықпалды автокөлік дизайнері, Mini Cooper, BMW X5, Ferrari F430, Maserati дизайн концепцияларын жасаушы, Франк Стивенсон дизайнының негізін қалаушы Фрэнк Стивенсон автомобиль өнеркәсібі мен оның болашағы туралы әңгімелейді.

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN апта
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Асқар БЕК – Сайттың бас редакторы
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4351
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
aikyn.kz.gazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редакторлар – Айдана НҰРМҰХАН, Кәмила ЕРКІН